

40.62
D-61
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ



ZHANGIR KHAN
UNIVERSITY

ЖӨҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

М.Қ. Оңаев

АҚ ЖАЙЫҚ АТЫРАБЫНЫҢ КӨЛТАБАНДАРЫ

МОНОГРАФИЯ

Орал
2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ



Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті

М.Қ. Оңаев

АҚ ЖАЙЫҚ АТЫРАБЫНЫҢ КӨЛТАБАНДАРЫ

МОНОГРАФИЯ

Орал
2025

ӘОЖ: 631.67

КБЖ: 40.62

О-61

ҒЫЛЫМИ БАСЫЛЫМ

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің Ғылыми кеңесі отырысы шешімімен басылымға

ұсынылған

(31.01.2025 ж. № 6 хаттама)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОР

Траисов Б.Б., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ профессоры

Сын-пікір берушілер: Тлеукулов А.Т., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ профессоры

Насиев Б.Н., ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ профессоры, ҚР ҰҒА академигі

Оңаев М.Қ.

О-61 Ақ Жайық атырабының көлтабандары : монография / М.Қ. Оңаев. — Орал : Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2025. — 169 б.

ISBN 978-601-319-575-9

Монографияда Ақ Жайық атырабының көлтабандары туралы мәліметтер берілген және оларда жүргізілген зерттеулер нәтижелері талқыланды. Көлтабандарды қамтитын су көздерінің және суармалау-суландыру жүйелердің сапалық сипаттамалары келтірілген. Жердің қашықтан зондау деректерін пайдалану арқылы көлтабанның көп жылдық суғару жүргізісінің жер отының өнімділігіне әсері зерттелген. Көлтабандардағы табиғи шөп өнімділігін қалпына келтіруге және арттыруға қатысты ұсынымдар берілді.

Монография агроөнеркәсіптік кешен мамандары, ғылыми қызметкерлер, жер ресурстарын басқару, экологиялық және ауыл шаруашылығы мамандықтарының студенттері мен магистранттарына арналған.

ӘОЖ: 631.67

КБЖ: 40.62

ISBN 978-601-319-575-9

© Оңаев М.Қ., 2025

© «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	5
1. КӨЛТАБАНДАП СУҒАРУДЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ	7
2. ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ	14
3. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ	16
3.1 Жерүсті суларының гидрологиялық жүргісі	16
3.2 Траншекаралық өзендерінің су ресурстарын пайдалану.....	20
3.3 Су ресурстарының сапасына қойылатын нормативтік талаптар.....	21
3.4 Негізгі су ағындарының гидрохимиялық құрамы және сулардың ластануы	25
3.5 Жерасты сулары	29
4. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МЕЛИОРАТИВТІК ОБЪЕКТІЛЕРІ	31
4.1 Мелиоративтік объектілердің жағдайы және сумен қамтылуы.....	31
4.2 Мелиоративтік объектілердің техникалық сипаттамасы	36
5. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КӨЛТАБАНДАРЫ	40
6. КӨЛТАБАНДАП СУҒАРУ – МАЛ АЗЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛДІГІ.....	48
6.1 Көлтабандап суғарудағы зерттеулер.....	48
6.2 Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі көлтабандарының зерттелуі	53
6.3 Көлтабандап суғарудың Өлеңті, Бұлдырты және Қалдығайты жүйелері	55
6.4 Шежін-Дюра және Балықты өзендерінің жайылмалары	58
6.5 Далалық аймақтардың қою каштан сортаңданған топырақтарының мелиорациясы	59
7. ЖАЙЫҚ-КӨШІМ СУАРМАЛАУ-СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ....	62
7.1 Жүйенің жалпы сипаттамасы.....	62
7.2 Суғармалы жерлердің топырақ жамылғысы	63
7.3 Жерасты сулары деңгейінің өзгеруі және минералдануы.....	74
7.4 Көлтабандарды көпжылдық суғару деректері.....	80
7.5 Көлтабандардың өсімдік жамылғысы.....	87
7.6 Көлтабандардағы өсімдік жамылғысының деградациялану деңгейі.....	95
8. КӨЛТАБАН ӨНІМДІЛІГІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ.....	108
8.1 Көлтабандардың ресурстық потенциалын арттыру жолдары...	108
8.2 Сумен бастырылған көлтабан танаптарындағы табиғи өсімдіктер өнімділігі.....	113

8.3	Минералды тыңайтқыштардың табиғи өсімдіктердің өсуіне және дамуына әсері.....	118
8.4	Екпелі мал азығы дақылдарының зерттеулері.....	128
8.5	Суғару жүргісін реттеу жолдарымен көлтабандар өнімділігін арттыру.....	129
8.6	Беткі өндеу әдісін көлтабандарда пайдалану.....	135
9.	КӨЛТАБАНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ЫҚТИМАЛДЫ ТАНАПТАР КӨЛЕМІ МЕН ЖЕР БЕДЕРІ.....	139
9.1	Танап аудандарының көлемі мен орналасуын тиімді пайдалану.....	139
9.2	Көлтабан танаптары еңістігінің өнімділікке ықпалы	141
9.3	Көлтабандап суғаруды жүргізу барысындағы өсімдіктердің геоботаникалық жабынының өзгеруі.....	148
	Қорытынды.....	153
	Әдебиеттер тізімі.....	156

КІРІСПЕ

Табиғи-климаттық жағдайлардың және негізгі ресурстық потенциалдың орналасуының географиялық ерекшеліктеріне қарамастан, жаһандық кеңістіктегі бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін заманауи мемлекеттің жақсаруы мен экономикалық дамуы табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғауды үнемі бағалауды талап етеді. Табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды пайдалану үшін мемлекеттік органдар мен жеке пайдаланушылар ресурстың жай-күйі мен олардағы өзгерістер туралы толық және объективті ақпаратпен қамтылуы тиіс.

Батыс Қазақстанның ресурстық потенциалын ұтымды пайдалану жолдарының бірі жерді мелиорациялау болып табылады. Қуаң дала мен шөлейтті аймақтарда тұрақты жем-шөп қорын құруда, аз шығындармен азық өндіре отырып, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуда көлтабандап суғару маңызды рөл атқарады. Көлтабандап суғару барлық суғармалы аймақтардың республика бойынша 30 пайызын, ал Батыс Қазақстан бойынша 78 пайызын құрайды.

Сумен қамтамасыз етілу мүмкіндігі бар жергілікті тегіс ландшафт жабық табақша тәрізді көлтабандап суғару алаңдарын жобалауға мүмкіндік туғызды. Аймақта Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі, Кіші Өзен суармалау-суландыру жүйесі, Үлкен Өзен суармалау-суландыру жүйелері және тағы да басқа ірі көлтабандап суғару жүйелері салынған және пайдаланылып отыр.

Суармалау-суландыру жүйелердің көпшілігі 50 жылдан астам уақыт жұмыс істеп келеді. Алдын ала зерттеулер көрсеткендей, соңғы кезге дейін көлтабандап суғарылатын жерлердің біраз көлемі дұрыс пайдаланылмаған. Ұзақ уақыт бойы пайдаланылған жерлерде көлтабандап суғаруда ғылыми негізделген әдістерінің болмауы, технологиялық жүргісін бұзу суғармалы аймақтардың экологиялық және мелиоративтік жағдайының төмендеп, ең құнды жер ресурстарының сапасының айтарлықтай нашарлауына алып келді. Бұл ретте табиғи шөптің өнімділігі төмендейді, жем-шөптің сапасы нашарлайды, топырақ құнарлығы төмендейді, топырақ құрылымындағы бұзылулар, белсенді топырақ қабатының физикалық-химиялық қасиеттерінің өзгеруі, жерасты суларының химиялық құрамының өзгеруі мен деңгейінің төмендеуі сияқты келеңсіз құбылыстар байқалады.

Бұл жағдайда көлтабандардың өнімділігін және экологиялық-мелиоративтік жағдайын, сумен бастыруда ұзақ үзілістерді ескеріп, көлтабандарды табиғи және жасанды қалпына келтірудің ғылыми негізделген жолдарын іздестіру мен негіздеуді зерттеу қажеттілігі туды.

Негізгі міндет – гидромелиоративтік (оңтайлы сумен бастыру жүргісін құру және реттеу) немесе агромелиоративтік техникалар есебінен судың орташа тереңдігімен жасанды көлтабандардағы табиғи өсімдіктерді қалпына келтіру мүмкіндігін зерттеу.

Алғашқы рет, гранттық қаржыландыруды мемлекеттік қолдаудың арқасында, көлтабандарда сумен бастырудың ұзақ мерзімді үзілістерінен соң құнды мал азығы болып есептелетін табиғи өсімдіктердің түрлері мен өнімділігін қалпына келтіру үшін мелиоративтік және агротехникалық әдістерін ізденуге бағытталған ғылыми зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік туды.

Монография автордың басқаруымен 2007 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде жүргізілген зерттеулері негізінде жасақталды.

Монографияда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2015-2017 жылдардағы «Суға бастыруда ұзақ мерзімді үзіліс болуы салдарынан өсімдіктері күйзелген көлтабандардың табиғи жер оты өнімділігін қалпына келтіру» (06.05.2015 ж. №0115РК01760 мемлекеттік тіркеу нөмірі) тақырыбындағы гранттық жоба бойынша зерттеулер материалдары негізінде жинақталды [1]. Сондай-ақ, жұмыста 2009-2011 жылдары аралығындағы «Жайық-Каспий табиғи-шаруашылық бассейндегі гидроэкологиялық жағдайдың дамуын Жайық өзені шекарааралық ағын суының климаттық және антропогендік өзгерістері мен ластанудың іргелес аумақтардан шекарааралық атмосфералық ауысуын ескере отырып бағалау» [2], 2012-14 жылдары тіркелген «Лимандардың экологиялық-мелиоративтік күйіне көп жылдық суғарудың әсерін бағалау және оларды қалпына келтіру жолдары» және «Жайық-Каспий табиғи-шаруашылық бассейнінің су ресурстарына мелиоративтік баға беру» (№ 0112РК00509, № 0112РК00512) тақырыптары бойынша ғылыми материалдар пайдаланылды [3, 4].

Сонымен қатар, монографияда ҚР Ғж/еЖБМ-ң 2023-2025 жылдарға арналған ғылыми зерттеулерді бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізуге сәйкес BR21881871 «Қазақстанның мал азықтық алқаптарында тұрақты басқару контекстінде жем-шөп дайындау технологиялары мен тәсілдерін жасақтау» ғылыми-техникалық бағдарламасының «Көлтабанды суғару жерлерінде толыққанды жем-шөп өндірудің жаңа тәсілдерін әзірлеу» жобасы бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері келтірілген [5].

1. КӨЛТАБАНДАП СУҒАРУДЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ

Батыс Қазақстан облысының сумен қамтылған аймағында орналасқан мал шаруашылығын азықпен қамтамасыз ету тұрақтылығы көлтабандап суғаруды пайдаланудың тиімділігіне тікелей байланысты.

Көлтабандап суғару бір рет көктемгі еріген қар суымен топырақты ылғалдандыру арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру үшін жағдай жасауға бағытталған. Бұл табиғи шөптердің өнімділігін арттырудың арзан, қолжетімді және өте тиімді әдісі.

Тарихи деректерде Ақ Жайық атырабында алғашқы болып Жәңгір ханның мал азығын молайту мақсатында өзенді бөгеп төменгі жерге су шығарғаны туралы мәліметтер кездеседі.


Жәңгір хан көшпелі мәдениет дағдарысының салдарын және әлемдік өркениеттің даму беталысын болжай отырып, батыл шаралар қабылдады және Бөкей хандығының ішкі саясатында түбегейлі реформалар жүргізді. Ол 1827 жылы Хан Ордасының құрылысын аяқтап, отырықшылық өмір салтының үлгісін көрсетті. Қала құрылыстарының жүргізілуі, қоғамның кәсіптік білімге ұмтылуы, тауар-ақша қарым-қатынасының дамуы және т.б. бір қатар қадамдар – оның қоластындағы халықтың жоғары өмір сүру деңгейін қамтамасыз етіп, саяси жағдайды бірқалыпта ұстап тұруына мүмкіндік берді.

Жәңгір хан 1839 жылдың 19 шілдесінде император Николай I-ге Ішкі Орда аумағын ұлғайту туралы, 10 қыстақтың негіздемесі жөнінде өтініш береді. Сол күні Жәңгір хан мемлекеттік мүліктер министрі граф П.Д. Кисилевке жазған хатында жер мәселесі шешімі төңірегінде өз көзқарасын баяндады. 1840 жылы генерал-майор шеніндегі Жәңгір хан жаңа жерлерді құру мен белсенді түрде айналысты. Хан Ордасы мен Черный Яр қаласы арасында почталық байланысты орнатады. 1841 жылдың 6 желтоқсанында Хан Ордасында орыс-қазақ мектебін ашты. 1843 жылы көктемде Торгунь өзенінде бөгет құрылысын аяқтайды. Осы жерде жеке Жәңгір хан үшін және халық үшін тұрақты тұрғын үй құрылыстарын салу жоспарланған болатын. Жәңгір ханның Жазғы Ордасының тарихы осыдан басталған болатын.

«Хан бөгеті» Волгоград облысының Палласов ауданында Кумысолечебница өңірінде орналасқан, болжам бойынша бұрынғы Жәңгір ханның Жазғы Ордасы. Тарихи құжаттарда Жәңгір ханның Жазғы Ордасының және 1843 жылы Жәңгір хан тұрғызған бөгеттің сипаттамасы бар (1-сурет).

М.С. Сабиrowтың 1949 жылғы ғылыми диссертациясында Жәңгір ханның көлтабандарға су шығарып мал азығы өнімін алғаны туралы деректер келтіріген.

Ал бұдан ғасыр бұрын, яғни 1848 жылы, Н. Троицкий Торгун өзенінің жанында Жәңгір ханның жазғы қонысында жемісті бақ өсірілетінін және ағаштарды суғаруға арналған шығыр орналастырылғанын, оның жанында қияр отырғызуға арналған бақша бар екенін, сонымен қатар, қарбыз-қауын өсіру де көзделгені туралы жазған болатын [6].



1-сурет – Хан бөгеті сұлбасы

1864 жылы С. Иванин былай деп растайды: «Хан қолайсыз ауа-райы болған жағдайда өз отбасының жазда мекендеуі үшін Торгунның аңғарында жазғы үй тұрғызды; ал оның жанында бау-бақша егу үшін бақты суғару қажет болды, сол үшін осы аңғарға бөгет салғызды, бөгет өзен суының деңгейін 3 саженьге көтерді, сол арқылы ұзындығы 25 шақырым, ені бөгет басында 40 сажень арық пайда болды. Дөңгелек арқылы (жергілікті атауы бойынша – шығыр) көтерілетін сумен көз мөлшері бойынша көлемі 4 ғұшырға (орыстардың 1,09 гектарға тең жер өлшеуі) дейін жететін бау-бақша суғарылды. Бөгетті жалдамалы жұмысшылар салды, құны – 6 мың рубль ассигнат (ассигнат – ұлы француз революциясы кезіндегі қағаз ақша). Бөгет арқылы судың тоқтатылуының тағы бір пайдасы – өзеннің аңғары арқылы өткізілген жыралардың көмегімен ойыс жерлерді суғаруға мүмкіндік болды, аңғардағы су тасқыны жыралар арқылы жазықтарға таралып, осының арқасында шөптің өсімі жақсарып, ойыс жерлер шалғынға айналады, олардан 600 маяға дейін шөп шабылады, ал қыста, әсіресе боран кезінде бір мая шөптің құны кей жылдары 100 күміс рубльге жетеді. Осылайша, бөгет бірнеше жылда өз құнын ақтады ...» [7].

Бұл деректер көлтабанның ертенен қолданыста бар екенің және оның тиімділігін ата-бабамыз жақсы білгенін көрсетеді.

Ресей ғалымдары Б.И. Туктаров пен оның әріптестерінің 2002 жылғы «Мелиорация естественных лиманов Заволжья» атты монографиясында көлтабандап суғару 19 ғасырдың 30 жылдары алғашқы рет Новоузен уезінде қолданыла бастады деп мәлімдесе, Қазақстан жерінде де ерте кезден бастап қолданылғаны айқын.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында Қазақстан аумағында 1 миллион гектардан астам жер көлтабандап суғарылған (1-кесте).

1-кесте – Республикадағы суғармалы жерлер көлемі (мың га есебімен)

Облыстар	Суғарылатын жер көлемі, мың га		Көлтабандап суғарылатын жер, мың га	
	1990 жыл	2017 жыл	1990 жыл	2017 жыл
Ақтөбе	42,3	28,1	122,7	103,9
Алматы	350,8	579,9	-	-
Шығыс Қазақстан	94,4	200,9	2,5	80,6
Атырау	39,0	21,8	93,0	60,6
Жамбыл	246,2	229,7	32,0	17,8
Жезқазған	13,5		51,2	
Қарағанды	77,2	91,8	55,0	83,5
Қызылорда	262,8	242,0	10,0	-
Көкшетау	15,0		9,9	
Қостанай	36,8	32,3	21,5	104,3
Маңғыстау	0,4	2,3	-	-
Павлодар	77,9	74,8	92,4	73,3
Солтүстік Қазақстан	18,5	17,0	-	0,4
Семей	124,8		91,4	
Талдықорған	304,8			
Торғай	-		108,9	
Батыс Қазақстан	63,7	55,8	308,3	256,0
Ақмола	41,5	31,0	111,3	84,0
Оңтүстік Қазақстан	474,9	570,3	-	-
Барлығы	2289,0	2181,0	1086,0	864,4

Суғармалы жерлерде өндірілетін ауыл шаруашылығы өнімін арттыру мақсатында күрделі қаржыны ірі суғару аймақтары құрылыстарын салуға шоғырландырып, егістіктің бірсыпыра бөлігін суғарудың инженерлік жүйесіне көшіру, қолайлы суғару жүргісін қолдану және суғармалы егіншілік шаруашылығына ғылыми тұрғыда анықталған жүйені енгізу

қажет. Сондай-ақ бұл мәселені дұрыс шешуде озат шаруашылықтардың тәжірибесін қолданудың да алатын орны өте зор.

Суғармалы жерлерде егілетін мал азығы дақылдарының көлемін арттыру және ірі мал шаруашылығы кешендері маңынан суғармалы жайылымдар мен шабындықтарды ұйымдастыру мал азығы дақылдарын өндіруді одан әрі дамытуға жағдай жасайды. Суғармалы жерлерді пайдаланудың тиімділігін жан-жақты арттырумен бірге ол жерлерден жобаланған өнімді қысқа мерзім ішінде өндіруді қамтамасыз ету – бірінші кезектегі міндет болып саналады.

Қазіргі уақытта шаруашылық басшылары мен мамандарының жауапкершілігін күшейтіп, әр гектар суғармалы жерді дұрыс пайдалануға қамқорлық жасағанда ғана оның тиімділігінің күрт артатынын өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Көлтабандап суғару тәсілі батыс өңірінде кеңінен қолданылады. Ақтөбе облысында Тамдыкөл, Ақши көлтабандап суғару жүйелері тұрғызылған. Ақтөбе су қоймасы салынды, ал Қарғалы су қоймасынан 17 мың га жер суғарылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Ақтөбе облысында көлтабанды суғармалар көлемі әжептеуір, олардың аудандар бойынша таралуы 2-кестеде келтірілген.

2-кесте – Ақтөбе облысының аудандары бойынша көлтабандап суғарылатын жерлер көлемі

Аудандар	Көлтабандап суғарылатын жерлер көлемі, га
Әйтекеби	1900
Алға	-
Байғанин	2858
Ырғыз	24500
Қарғалы	600
Қобда	12789
Мартук	967
Мұғалжар	4295
Темір	13870
Ойыл	34298
Хромтау	4672
Шалқар	3144
Ақтөбе қаласы	-
Барлығы	103893

Инженерлік және жартылай инженерлік типтегі көлтабандап суғару жүйелерінің басым бөлігі Ойыл, Ырғыз, Темір, Қобда аудандарында, ең аз бөлігі Хромтау және Мұғалжар аудандарында орналасқан.

Мемлекет тарабынан жүргізілген көлтабандарды есептеу кезінде, көлтабанды суғармалардың нақты жағдайы қуантарлықтай емес екенін көрсетті. Дәл қазіргі уақытта Қарғалы ауданынан басқа жерлерде ешбір көлтабанды суғару жүйесі жұмыс жасамайды, шабындық телімдері суғарылмайды және олардағы өсімдіктер өнімі суғарылмайтын шабындықтардан айырмашылығы жоқ.

Қазіргі таңда барлық аталған суғару жүйелері жөндеуді, қайта құруды қажет етеді. Соңғы кезде Ырғыз ауданындағы, кезінде ауданның жем-шөп теңгерімінде маңызды рөл атқарған Ақши көлтабандап суғару жүйесі қайта жаңғыртылды.

Айта кететін тағы бір жайт, соңғы жылдары қараусыз қалған суғару жүйелерін жөндеу мен қайта құру едәуір дәрежеде күрделі қаржы жұмсауды талап етеді. Ал аудандағы шаруалар мен жер пайдаланушылар мұндай қаржыны таба алмайды, мемлекет тарапынан қолдау, субсидиялар қажет.

Есепке алу мәліметтері бойынша Байғанин ауданындағы аумағы 758 га Қарауыл-Келді ауылдық округіндегі бір суғару жүйесін есептен шығаруға ұсынылған. Судың жоқтығына байланысты суғару жүйесі сумен бастыру кезінде көктемгі жауын-шашынды жинауға мүлдем қабілетсіз, сондықтан есептен алынып тасталуы тиіс.

Облыста көлтабандап суғару жүйесін пайдалануда тек бір ғана мақсат болуы керек – облыстағы барлық көлтабандап суғару жүйелерін сақтап қалып, қажетті техникалық қайта құру мен жөндеу жүргізіп, алдағы уақытта мал шаруашылығын дамытуда жем-шөп қорының мықты кепілдігі ретінде пайдалану.

Батыс Қазақстан облысының (БҚО) аумағына тән ерекшелігі – ауыл шаруашылығы өндірісі нәтижелерінің жылдың құрғақшылығына тәуелділігі. Құрғақ жылдарда астық пен мал шаруашылығында мал азығын өндіру күрт қысқарады. Сондықтан, облыс аумағының ауыл шаруашылығы жерлерінің басым бөлігін жайылымдар мен шабындықтар құрайды. Облыста ауыл шаруашылығының мал азықтық бағыты, табиғи шабындықтар мен көлтабандарды пайдалану бағыттары дамыды. Бұндай даму өңірді, республика аумағын экономикалық аймақтарға бөлу бойынша, ең болашағы мол мал шаруашылығы аудандарының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.

Тарихи деректер бойынша облыстың аумағында суғару салыстырмалы түрде жақында қолданыла бастады, алдымен көгалдандыру мен бау-бақша шаруашылығында қолданылды. 19 ғасырдың 90-шы жылдарында суғару шаралары өңірде кеңінен дамыды. 1859 жылы Буулдук шатқалында, 1898 жылы Талды-Апан шатқалында, содан кейін бірқатар басқа жерлерде тоғандар-апандар құрылды. 1924 жылға қарай облыста 74 тоғандар-апандар есепке алынды, олар негізінен малдарды суғару үшін пайдаланылды.

Өткен ғасырдың 60-жылдарының басында облыста жем-шөп және көкөніс-бақша дақылдарын өсіру, жайылымдарды суғару, балық шаруашылығын сумен толтыру және оңтүстік өңірлердегі экологиялық жағдайды жақсарту үшін көлтабандап суғару жерлерімен суармалау-суландыру жүйесінің ірі құрылысы басталды.

Батыс Қазақстан облысында суармалау-суландыру жүйесінің бас және тарату каналдары, су қоймаларының каскады және 50 гидротехникалық құрылыстар салынған. Олардың қатарында Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі, Жәнібек суармалау-суландыру жүйесі, Сарыөзен суармалау-суландыру жүйесі, Қараөзен суармалау-суландыру жүйесі және Шаған су қоймасы бар. Облыста жалпы сыйымдылығы 495,15 млн. м³ болатын 24 су қоймасы салынды. Олардың ең ірілері Бітік – 106,76 млн. м³, Дөңгелек – 57,4 млн. м³, Киров – 63 млн. м³, Пятимар – 33,3 млн. м³.

Батыс Қазақстан облысында көлтабандап суғару топырақты ылғалдандырудың ең кең таралған тәсілі болып табылады. Құрылу түрі бойынша көлтабандар табиғи және жасанды болып бөлінеді. Табиғи көлтабандар жер бедерінің тұйық төмендеулерінде қалыптасады, ал жасанды көлтабандар қиялы дала баурайларда қоршалған суды өткізбейтін жалдармен, немесе өзеннің далалық су тасқынын бөгейтін далалық сазды бөгеттермен немесе құрылымдармен жабдықталады.

Табиғи көлтабандар жазық далада өзендердің су деңгейінің көтерілуімен және көктемгі су тасқындарының басуымен толған жерлерде, негізінен Каспий маңы ойпатында орналасқан. Табиғи көлтабандарға Батыс Қазақстан облысының Шежін-Дюра мен Балықты жайылмалары сияқты 10 мың гектардан астам аумақты алып жатқан көлтабандар жатады. Олар Шежін 1, Шежін 2, Дюра 1 және 2, Балықты, Қараөзен және Сарыөзен өзендерінің көктемгі су тасқынын пайдаланады.

Тұрақты көлтабандар су тапшылығынан зардап шеккен аудандарға сумен бастыру мүмкіндігін беретін және қажет болған жағдайда оларды судан босататын су шығаратын каналдар, құрылымдар мен бөгеттердің жүйесі болып табылады. Жасанды инженерлік жабдықталған тұрақты көлтабандарға Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінде, Қалдығайты ССЖ-де, Бұлдырты ССЖ-де және басқа да жүйелерде орналасқан көлтабандар жатады. Құрылым бойынша БҚО-ның көлтабандары қарапайым бір тоспалы болып табылады, кейбір көлтабандарда суды кезекпен бастыру жүргісі қолданылады.

Батыс Қазақстан облысында 256954 гектар жерлер көлтабандап суғару мен 55589 гектар жерлер тұрақты суғарылатын жерлер болса да, мелиорацияланған жерлерді пайдалану тиімділігі төмен болып қалуда. Саяси жүйеге ғана емес, сонымен бірге өзара қарым-қатынас пен өзара есеп айырысудың әлеуметтік, өндірістік және әлеуметтік-жеке салаларына әсер ететін кең ауқымды реформалар жерді мелиорациялау саласының белгіленген жүйелерінен аулақ қалдыра алмады. Қоғамдағы елеулі

әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, солардың ішінде жерді және көлтабандап суғару жүйелерін жеке меншікке немесе пайдалануға беру, суғармалы жерлерді пайдаланудың айтарлықтай төмендеуіне әкелді. Жергілікті атқарушы органдар жүйелердің тозуына байланысты қиындықтарға тап келді, суғару жүйелері бақылаусыз қалды.

Техникалық мүмкіндіктерге және артықшылығына қарамастан, шаруашылықтағы суғару желілері жойылып, жаңбырлатқыш машиналары бұзылған. 2007 жылға қарай тұрақты суғарылатын жерлердің ауданы 23 есе, ал суғару қондырғыларының саны 26 есеге азайған. 2006 жылы техникалық суғармалы жерлердің жалпы ауданы 3215 гектарды құрады. Бүгінгі таңда, жаңарту жұмыстарына қарамастан, көлтабанды жерлердің жалпы аумағының шамамен тек қана 50 пайызы жыл сайын тұрақты түрде сумен қамтылады.

Батыс Қазақстан облысының суғармалы жерлерінде жүргізілген жүйелі мониторингтер соңғы жылдары суғармалы жерлерде жақсы жағдайдың қалыптасқанын көрсетті, алайда шаруашылық желісінің 80%-ы арналарды тазарту, бөгеттерді жөндеу және құрылымдарды жөндеу жұмыстарын қажет етеді. Осы кезге дейін төмен қаржылық жағдайлары мен әлсіз техникалық базасы болғандықтан көптеген шаруашылықтар суғармалы жерлердің үлкен алқаптарын игере алмай отыр, соның нәтижесінде қолайлы мелиорациялық жағдайлары бар ең құнды жер ресурстары толық пайдаланылмайды.

Су объектілерін қайта құрылымдау және шаруашылық есеп қатынастарына көшуіне байланысты суғармалы алқаптарға жеткізілетін су көлемі де өзгерді. Мәселен, егер 1986 жылы тұрақты суғару суды жалпы сумен қамтамасыз етудің 15% алса, көлтабандап суғару – 68% болса, 2006 жылы суғармалы жерлердің суды тұтынуы 1%-ды, көлтабандар – 10%-ды құрады.

Суғару жүйелеріне түсетін судың басым бөлігі құрғақ дала аймағындағы жалпы экологиялық жағдайды сақтай отырып, балық шаруашылығына арналған тоғандарды толтыруға жұмсалады. Мониторинг деректері бойынша, 2010-2015 жылдар аралығында көлтабандап суғарудың нақты ауданы орташа есеппен 20270 гектарды құрады.

Соңғы жылдары суармалау-суландыру жүйелердің жобалық қуатын қалпына келтіру жұмыстары жанданды. Батыс Қазақстан облысында жерді мелиорациялаудың 2020 жылға дейінгі жоспарларында жыл сайын көлтабандап суғарылатын жерлерді 166 мың гектарға дейін жеткізу жоспарлаған болатын.

2. ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Батыс Қазақстан облысында көлтабандап суғаруды жалпы талдау және пайдалану үшін «ЖерҒӨО» РМК, РМК БҚФ «Қазсушар» ШЖҚ, «Батыс Қазақстан облысының жер қатынастары басқармасы» ММ, «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ статистикалық есептерінің материалдары пайдаланылды.

Зерттеу нысаны ретінде облыс аумағындағы өзендер, суармалау-суландыру жүйелері және көлтабандар қарастырылды. Эксперименттік зерттеулер Жайық-Көшім ССЖ-ің 2012-2017 жылдар аралығында №49 көлтабанда және 2023-2024 жылдары №50 көлтабанда жүргізілді.

Спутниктік бейнелерді пайдалана отырып, көлтабан танаптарының ауданы мен дәрежесін талдау үшін аналитикалық, салыстырмалы-географиялық, қашықтықтан зондтау (ҚЗ), деректерді өңдеу, геоақпараттық модельдеу әдістері пайдаланылды.

Егістік жерлерді пайдаланудың ағымдағы жай-күйі мен деңгейін қашықтан-картографиялық бағалау жалпыға бірдей қабылданған әдістерге сәйкес ФГБНУ «ВолжНИИГиМ» ұсынымдарын ескере отырып жүргізілді [8-11].

Көлтабандардың экологиялық және мелиорациялық жағдайы топырақтың агрохимиялық және су-физикалық сипаттамалары, жерасты суларының минералдануы мен тереңдігі, табиғи шөптердің өнімділігі мен сапасына байланысты талданды.

Топырақ үлгілерін талдау арқылы топырақ көлтабандарының жай-күйін зерттеу жүргізілді. Топырақ талдауы ГОСТ бойынша жалпы қабылданған әдістерге сәйкес жүргізілді: гумус – ГОСТ 26213-91 бойынша; рН – ГОСТ 26483-85; сіңіру қабілеті – ГОСТ 17.4.4.01-84; су сығындысы (карбонаттар және бикарбонаттар – ГОСТ 26424-85, хлоридтер – ГОСТ 26425-85, сульфаттар – ГОСТ 26426-85, кальций және магний – ГОСТ 26428-85, натрий – ГОСТ 26427-85); алмастырылатын натрий ГОСТ 29950-86; жылжымалы фосфор мен ауыстырылатын калий – ГОСТ 26205-91; нитратты азот – ГОСТ 26488-85.

Топырақта тұздардың құрамы мен шоғырлануы су сығындысын талдау негізінде анықталды. Тұздану түрі бойынша топырақтың жіктелуі Н.И. Базилевич және Е.Н. Панков кестесіне сәйкес белгіленді. Гумус И.В. Тюрин әдісімен, жалпы азот – Кьельдаль әдісі бойынша, жылжымалы фосфор – Б.П. Мачигин, калий айырбастау – П.В. Протапов, сіңірілген негіздер – К.К. Гедройц, су сығындысын талдау – И.И. Плюсин әдісі бойынша анықталды.

Жерасты суларының тереңдігі мен тұздылығының өзгерістерін зерттеу Д.М. Кацтың әдістемелік әзірлемелерін қолдана отырып жүргізілді.

Гербарий материалдарын жинау және өңдеу, өсімдіктерді сипаттау және флораны талдау жалпы қабылданған геоботаникалық әдістермен

жүзеге асырылды. Зерттеу алқаптарында өсімдіктерге таксономикалық талдау жүргізілді және әр тұқымдастағы өсімдік түрлеріне санау жүргізілді, өсімдіктердің экологиялық топтарға қатынасы анықталды. Өсімдіктер фитоценоздарының экологиялық және морфологиялық ерекшеліктерінің сипаттамасы Раункиердің жіктелуі бойынша, өсімдіктердің биоморфологиялық талдауы Серебряковтың әдісі бойынша өсімдіктің биоморфологиялық құрылымын талдау жүргізілді.

Минералды тыңайтқыштардың табиғи шөптердің өнімділігіне әсерін зерттеу жалпы қабылданған әдістерге сәйкес жүргізілді. Тәжірибелер тиісті жобалар сәйкес учаскелерді жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы орнатылды. Тәжірибе №1 (31-ші танап №49 көлтабан Тайпақ а.а.): 1. Бақылау (тыңайтқышсыз); 2. $N_{20}P_{20}K_{20}$; 3. $N_{30}P_{30}K_{30}$; 4. $N_{40}P_{40}K_{40}$. Учаскелердің көлемі 30 м^2 құрайды. Төрт рет нұсқаларды қайталау. Тыңайтқыштар тамырлық қоректендіру түрі ретінде енгізілді. Тыңайтқышты енгізу мерзімі – көктемнің соңында сумен бастырудан кейін және эксперименттік учаскеден судың кеткен кезеңінде. Тыңайтқыш ретінде азофоск пайдаланылды ($N - 16\%$, $P - 16\%$, $K - 16\%$). Тәжірибе №2 (танап 32 көлтабан 49 Тайпақ а.а.): 1. Бақылау (тыңайтқышсыз); 2. $N_{30}P_{30}K_{30}$; 3. $N_{40}P_{40}K_{40}$; 4. $N_{50}P_{50}K_{50}$.

Өсімдіктердің тығыздығын анықтау біркелкі бөлінген $0,25\text{ м}^2$ учаскеде жүргізілді. Өсімдіктер санының есепке алынуы жиналғанға дейін жүргізілді. Шөптердің биохимиялық құрамы және шөптің азықтық құндылығын талдау келесі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілді: нитраттар – ионометриялық әдіспен, 17-95; ылғалдылық – ГОСТ 13496, 3-92; шикі протеин – ГОСТ 13496, 4-93; шикі талшық – ГОСТ 13496, 2-91; шикі май – ГОСТ 13496, 18-85, шикі күл – ГОСТ 26226-95.

Шөптің жасыл массасы үздіксіз түрде есепке алынды, барлық дәнді дақылдарды есепке алу учаскесінен өлшеді, ал ауданға бір гектарға ауыстыруға арналған коэффициентінің көмегімен есептелді. Барлық анықтамалық аймақты қамтитын шөптен жасыл масса (4-5 кг-нан кем емес) сынақ пішіні алынды, содан кейін жасыл массасы бүкіл сілтеме аймағынан (сынақ қабығын қосу арқылы) өлшенді. Сынақ пішіндері құрғақ болғанша жақсы желдетілетін алаңда арнайы сөрелерде кептірілді, содан кейін қайта өлшенген және құрғақ күйде шөптің ылғалдылығын анықтау үшін үлгілер алынған. Кептіруге дейінгі және одан кейінгі сынақ пішінің массасын ескере отырып, шөптілік құрғақ күйде анықталды. Жер алқаптарынан шөптің жасыл массасының шығымдылығын 1 га жерге және 16% стандартты ылғалдылыққа арналған шөп шығару, түпкілікті көрсеткіш – шөптің шығымы есептелді [12, 13].

Өнімділіктің статистикалық деректерін өңдеу В.А. Доспехов әдісімен жүргізілді [14].

3. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ СУ РЕСУРСТАРЫ

3.1 Жерүсті суларының гидрологиялық жүргісі

Батыс Қазақстан облысының су ресурстарының басты көздері жерүсті және жерасты сулары болып табылады.

Жайық-Каспий бассейнінде 200 жуық өзен, сонымен қатар ұзындығы 200 км болатын 12 өзен және Жайық өзенінің Қазақстандық бөлігі бар. Бассейн ағысының жалпы бағыты солтүстік-шығыстан оңтүстік-батысқа қарай ағады.

Батыс Қазақстанның негізгі ағын суларының қалыптасу сипаты мен сумен қамтамасыз етілуіне жергілікті жердің бедері, климаттық жағдайлар, топырақ қабаттары және олардың гидрогеологиялық ерекшеліктері әсер етеді.

Жоғарыда көрсетілгендей жер бедері жағдайында қарастырылатын территория бірнеше табиғи-тарихи провинцияларға бөлінеді: Жалпы Сырт, Мұғалжар таулары, Орал алды үстірті, Каспий маңы ойпаты, Үстірт жоны, Маңғышлақ түбегі.

Жалпы Сырт Еділ және Жайық өзендері бассейнінің су айырғышы қызметін атқарады. Оның беті әлсіз толқынды болып келеді. Оңтүстік Сырт бойында ені 60 км шамасында болатын Орал қаласына жақын орналасқан сырт алды жазықтығы созылып жатыр және ол ұсақ өзендердің бірнеше жазықтықтарымен қиылысады. Жалпы Сырттың батыс бөлігінен оңтүстігіне қарай Шежін-1, Шежін-2, Қараөзен және Сарыөзен өзендер ағып жатыр. Каспий маңы ойпаты маңынан аяқталатын олар сор және өзендер жүйесін жасайды. Олардың арасындағы ірілері Қараөзен және Сарыөзен Қамыс-Самар жайылымдарына ағады.

Мұғалжар таулары Оңтүстік Оралдың жалғасы болып табылады. Бұл таулы көтерілім енді тауаралық төмендеулермен бөлінген солтүстік және оңтүстік бөліктерден тұрады. Солтүстік Мұғалжар Елек және Ырғыз арасындағы кеңістікті алып жатыр және олардың ені 200 км құрайды. Ор өзенімен Солтүстік Мұғалжар батыс және шығыс қанаттарына бөлінеді. Бұл жер су айырғыштан батысқа қарай су ағындарымен бөлінген, ал одан шығысқа қарай Ор өзенінің солтүстік ағындарының желісімен мүшеленген жазықтыққа ұласады.

Орал алды үстірті Каспий маңы ойпатына шығыстан Жайық өзені жазықтығымен, Елік және Утва солтүстік ағындарымен және Каспий маңы ойпатына ағатын Өлеңті, Бұлдырты, Қалдығайты өзендерінің ұсақ ағындарының жазықтықтарымен қиылысатын жазықтықтан тұрады. Бұл жонның беткі бөлігінде кішкентай нүктесіз шұңқырлар кездеседі және олар көктемде ағын сулармен толады.

Каспий маңы ойпаты Каспий теңізінің солтүстік бөлігін көмкеріп жатыр. Ол Каспий теңізінің кеуіп қалған түбі және жағалық сызықтар мен

жалдардың іздері қалған тегіс беткі қабатпен сипатталады. Ойпаттың беті Каспий теңізінің әртүрлі деңгейлерімен байланысты белгілі бір жағалық сызықтарға қатысты өлшемдері әртүрлі болып келетін өзендер және шұңқырлармен сипатталады. Олардың арасындағы ірілері Өлеңті сағасындағы Тұздыкөл көлі, Калдығайтыдағы Итмұрынкөл көлі саналады. Каспий маңы ойпатында Жайық-Ембі өзен аралығының және Ембі өзені бассейнінің өзендері ағып өтеді. Маңызды өзендері Сағыз және Ойыл болып табылады. Өзендердің жазықтықтары еңсіз. Тоғандар жоғары ағында ғана сумен толады, жазғы уақытта олар құрғап қалады.

Шежін-Дюра-Балықты ылдиы Жалпы Сырттың оңтүстік шекарасынан Еділ-Жайық құмдарына дейін созылып жатыр. Оның беті көлтабандық шалғындармен жабдықталған.

Жайық өзені Ресей Федерациясындағы Урал тауларынан басталып, Каспий теңізіне бүкіл облыс бойына ағады. Орташа алғанда өзеннің ағыстары солтүстік жағалаудың су ағындарын қабылдайды және олардың негізгісі ретінде Елек пен Ор өзендері саналады. Өзендердің сағалары жақсы өңделген, олардың ендері 40-60 м тең. Облыс территориясында өзенге оңтүстіктен Ембұлат, Быков, Рубежка, Шаған мен Деркөл және солтүстіктен Елек, Утва, Барбастау және Солынка өзендерінің су ағындары құяды. Олардың бастауы Шалқар өзенінен басталып, тек су мол жылдары ғана Жайық өзеніне құйылады. Барбастау өзенінің бастауынан кейін Жайық өзенінен бөлек Шаған су ағыны бар. Ол Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесін сумен қоректендіреді. Жайық өзені Каспий маңы ойпатымен қосымша қорексіз және теңізге барар жолда өзінің суының бірнеше бөлігін топыраққа сіңіру мен булануға жоғалтып ағады. Жайық өзенінің тоғаны төменгі ағыста теңіз террасасына ауысады.

Жайық өзені басқа еуропалық өзендермен салыстырғанда төменгі бөлігінде су ағынының болмауымен ерекшеленеді. Бұл метеорологиялық жағдайларға байланысты болатын су жүргісімен түсіндіріледі.

Жайық өзені облысты екі бөлікке бөледі. Батыс бөлігінде, яғни Жайық өзенінің оң жағалауда маңызды Сарыөзен және Қараөзен ағады. Ылдиларда олар су ағындарына бөлініп Қамыс-Самар жайылмасында аяқталады.

Қараөзен Ресей Федерациясының Саратов облысы маңындағы Сырттың оңтүстік қыраттарынан бастау алады. Көктем басталысымен Қараөзен өзенінде сәуір айының екінші жартысында су деңгейінің күрт көтерілуін байқауға болады. Одан әрі су деңгейінің көтерілуі тоқтап, мамыр айының ортасында өзеннің жеке бөліктерінде су ағысы тоқтайды. Өзеннің орташа шығыны $106 \text{ м}^3/\text{с}$, ал максималды шығыны $1216 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды.

Сарыөзен өзені Еділ Сыртынан бастау алып, 560 км созылып жатыр. Өзенде су ағыны жоқ, тек көктемгі сулар келіп құйылады. Сарыөзен өзеніндегі су жүргісі Қараөзен өзенімен ұқсас.

Сарыөзен мен Қараөзеннің маңызы облысымыздың оңтүстік аудандары үшін өте ерекше. Олар елді мекендерді сумен қамтамасыз етудің, малды суғарудың, азық өндірісінің экологиялық қауіпсіздігінің негізгі көздері болып саналады.

Өзендерден шығысқа қарай Жалпы Сыртта бастау алатын Шежін-1, 2 және 3, Паника, Шығыс Дюра сияқты кішкене өзендері орналасқан.

Жайық өзенінің оң жағалауында Жайық өзенінің ескі бөлігі саналатын, Каспий маңы ойпатының солтүстік бөлігіндегі Көшім өзені ағады. Көшім өзенінің ағыны Жайық өзенінен 300 м қашықтықта Көшім елді мекенінің шамасынан басталады. Жайық өзенінде жоғары су ағыны болғанда Көшім өзеніне су құйылады, алайда су ағыны аз жылдары мұндай құбылысты байқау мүмкін емес. 1939 жылы Жайықтан Көшімге дейін канал салынды, 1974 жылы оның құрылысы жаңартылып, ұзындығы 390 км болатын су ағынын реттейтін каналға айналды. Каналдың бас құрылғысы 125 м³/с шамасында суды өткізеді. Жайық өзенінің суы Көшім өзен суының қорек көзі болып табылады.

Жайық өзенінің сол жағалауынан бірнеше кішкентай өзендер ағады: Үлкен Аңқаты және Кіші Аңқаты, Өлеңті, Бұлдырты, Қалдығайты, Жақсыбай, одан үлкенірек өзендер Елек және Утва. Олардың көпшілігі Орал тауының маңынан басталып, Байғұтты шұңқыры арқылы Жайық өзеніне жетеді.

Елек өзені Жайық өзенінің сол жақ ағысы болып табылады. Оның бастамасы Көк Істек тауларының қыраттарынан басталады. Өзеннің жалпы ұзындығы 640 км. 1942 жылы ағын судың максималды шығыны 4460 м³/с құрады, ал су аз кезде 1937 жылы 53 м³/с болды. Су ағыны сәуір айы бойы жалғасады.

Утва өзенінің су жинау ауданы 4900 км². Ағын судың қосындысы 150 млн. м³ тең, олардың 80 % көктем мезгілінде келеді. Судың максималды шығыны орта есеппен алғанда 49 м³/с құрайды. Ағын су наурызда басталып, Бөрлі елді мекені маңында 75 күндей тұрады.

Бассейндегі климаттық және орографиялық жағдайлардың әртүрлігі территорияда жауын-шашынның біркелкі болмауына ықпал етеді. Көпжылдық жауын-шашынның қосындысы солтүстікте 300-380 мм, оңтүстікте 130-180 мм болады.

Өзеннің жылдық ағынының көлемін анықтайтын климаттық факторларға қар еру алдындағы қар көлемі, су ағыны кезіндегі жауын-шашын, су жинау аймағындағы топырақ жамылғысының ылғалдану дәрежесі және тоңның қату тереңдігі жатады.


Зерттелетін ауданның өзендері су жүргісі бойынша көктем кезінде су ағынының күрт өзгеруімен ерекшеленетін Қазақстандық типке жатады. Жайық өзенінде үлкен жылдық су шығындары сәуір айының екінші жартысы мен мамыр айының басында байқалады. Жыл бойына су ағыны

болатын өзендерде судың минималды шығыны қысқы желтоқсан-ақпан айларында байқалады.

Шағын өзендерде көктемгі су келу наурыздың соңы мен сәуірдің бірінші жартысында өтеді. Гидрографтың формасына кейде қар еру кезіндегі жауын-шашын әсер етеді. Су деңгейінің көтерілу ұзақтығы көбінесе кіші өзендерде 1-3 күн, орташа ағындарда 8-12 күн, біршама ірі өзендерде 20-30 күн құрайды. Кеш көктемгі бірыңғай қар еру кезінде су ағыны жоғары, ал қар еру процесі біртіндеп жүрсе су ағыны баяу жүреді. Минималды су шығындары шілде-тамыз айларында анық байқалады. Территория бойынша минималды ағынның бәсеңдеуі солтүстіктен оңтүстікке қарай көрінеді. Қысқы ағын жылдық ағынмен салыстырғанда аз болады.

Территориядағы су ағыны жыл сайын тез өзгеріп отырады. Су көп жылдары орташа жылдық көрсеткіш 3-5 есе, ал су аз жылдары су ағыны көрсеткішінің төмендігімен сипатталады. Облыстағы өзендер қармен қоректенеді және көктемгі су ағыны кезінде ағынның 80% осы кезге сәйкес келеді. Климаттық жағдайлардың тұрақсыздығы әсерінен өзендерде көктемгі және жылдық ағындардың өзгерулері байқалады.

Жайық өзенінің су деңгейін көпжылдық өзгеру сұлбасы 2-суретте келтірілген. Өзеніндегі су аз кезең 1932-40, 1943-1945, 1950-1956, 1972-1973, 1975-1977, 1992-1999 жылдары, су мол кезең – 1941-1942, 1946-1948, 1967-1971, 1986-1994, 2000-2002, 2006-2010 жылдары байқалды. 2024 жылы ең үлкен су деңгейі Орал гидробекетінде 865 см құрады (1994 жылы – 853 см).



2-сурет – Жайық өзенінің су деңгейі

Көпжылдық мәліметтер бойынша 1991 жылдан бастап Жайық өзеніндегі ағыстың жүйелік-кезендік төмендеуін байқауға болады:

1995 жылы – орташа $9,5 \text{ км}^3/\text{с}$ жылына дейін, немесе 23 %-ға;

2001 жылы – орташа $7,25 \text{ км}^3/\text{с}$ жылына дейін, немесе 41 %-ға;

2006 жылы – орташа $10,9 \text{ км}^3/\text{с}$ жылына дейін, немесе 11%-ға;

2010 жылы – орташа $5,98 \text{ км}^3/\text{с}$ жылына дейін, немесе 51%-ға.

2001-2005 жылдарға қарамастан, орташа есеппен соңғы 5 жылда орташа жылдық шығын және көлемі жоғарылады, $346 \text{ м}^3/\text{с}$ және $10,9 \text{ км}^3/\text{с}$ жылы, әсіресе 2006 жылы өзендердің суларының азаюы дабыл қақтырады, онда Жайық өзеніндегі орташа жылдық ағыс көлемі $5,30\text{--}5,14 \text{ км}^3/\text{с}$ жылына немесе орташа көпжылдықтан 57-58% төмен. Солтүстікке қарай Атланттық циклондардың араласуымен, ал облыста (Орталық Орал Башқұрстан) өзен ағыстарының қалыптасуы, күн сәулесінің белсенділігі және климаттық режимінің көпжылдық алмасуына байланысты болды. Көпжылдық – циклді экстрааридтіліктің болуы, су айдындарының суларын азайтты. Климаттық циклге антропогендік факторда қосылады. Соның әсерінен су айдындарында су деңгейінің төмендеуіне және олардың ластануына себепші болады.

Облыс аймағында шамамен 150 көл есепке алынған, олардың су беті ауданы 1532 км^2 . Сонымен қатар аймақта көптеген су жайылымы кездеседі. Мысалы, Шежін жайылымы ауданы 2200 км^2 , Дюра жайылымы – 700 км^2 , Қараөзен – $600\text{--}700$, Сарыөзен – $200\text{--}300 \text{ км}^2$, Бұлдырты – 100 км^2 алып жатыр.

3.2 Траншекаралық өзендерінің су ресурстарын пайдалану

Жайық-Каспий бассейнінің су ресурстары $27,95 \text{ км}^3$ құрайды, оның өзендері $27070,0 \text{ млн м}^3$. Бассейндегі су ресурстарын қалыптастырудың орташа көпжылдық мөлшерінде трансшекаралық ағын 21389 млн м^3 құрайды, бассейнінің өзі – 4911 млн м^3 , бір реттік су қоры – 5960 млн м^3 , қоршаған ортаны қорғау мақсатында – 17900 млн м^3 .

2015-2017 жылдары аралығында Жайық трансшекаралық өзеніндегі көктемгі су тасқыны біркелкі көтерілді, өте төмен деңгейден орташа көпжылдық дәрежеге жақындады. 2015 жылы су тасқыны төмен болды. Өзендегі көктемгі су тасқынының ең жоғары белгісі Орал гидробекеті бойынша 9 мамырда байқалды, 369 см құрады. Орташа көпжылдық деңгей бұл өлшеу бекетінде Жайық өзені гидробекеті бойынша 591 см -ге тең. Жайық шекарааралық өзенінде 2016 жылы көктемгі су тасқыны орта деңгейге жақындады. Орал гидробекеті бойынша көктемгі су тасқынының ең жоғары белгісі 2016 жылдың 17 мамырында 541 жетті. Су тасқыны кезінде Ириклин су қоймасынан судың максималды ағымы $120,0 \text{ м}^3/\text{с}$ құрады. 2017 жылы көктемгі су тасқыны Жайық өзенінің бойында орташа көпжылдыққа жақын болды. Оралдағы гидробекеттегі көктемгі су

тасқынының ең жоғары белгісі 2017 жылғы 23 мамырдағы жағдай бойынша 588 см жетті. Су тасқыны кезінде Ириклин су қоймасынан максималды шығыны 120,0 м³/с құрады.

Бассейннің негізгі өзендері – Жайық, Кигач, Қараөзен және Сарыөзен, Ор, Елек, Шаған трансшекаралық өзендер болып табылады.

Шаған шекарааралық өзені Ресей Федерациясының Орынбор облысында бастау алып, Жайық өзенінің бірінші кезектегі ағыны болып табылады. Жалпы ұзындығы 226,5 км, су жинау алаңы 7697,14 км². Өзеннің негізгі ағыны Деркул, ұзындығы 100 км.

2015 жылы трансшекаралық Шаған өзеніндегі су тасқыны өте төмен деңгей ретінде бағаланған, 2016 және 2017 жылдары орташа көрсеткішке жетті.

2015 жылы Шаған шекарааралық өзенінде Чувашинский гидробекет бойынша су беті суларының орташа жылдық су деңгейі 473 см, орташа жылдық тұтыну – 1,28 м³/с, жылдық ағын көлемі 40,4 млн. м³ құрады. Нәтижесінде, Шаған су қоймасында 17,30 млн. м³ көлемінде су жинақталды, су деңгейі 27,68 м жетті.

2017 жылы ең жоғары белгі Шаған өзенінде (Орал қаласындағы Шаған аймағы) 7 сәуірде 28,20 м деңгейінде (НПГ-28,0 м.) тіркелді.

2015 жылы Қараөзенде су тасқыны болмады, 2016 жылы су тасқыны төмен деңгейде сипатталды, ал 2017 жылы ол орташа деңгейде қалыптасты. 2015 жылы Батыс Қазақстан облысында 20,1 млн. м³ су жиналды.

Сарыөзенде 2015-2017 жылдары көктемгі су тасқыны болмады. 2015 жылы Сарыөзен гидробекеті бойынша Бостандық ауылында орташа жылдық су деңгейі 273 см, судың орташа жылдық ағымы – 1,67 м³/с, жылдық ағым көлемі 52,7 млн. м³ құрады.

Шектеулі тұтыну Жайық-Каспий су қоймасы үшін 1380 млн. м³, соның ішінде Жайық өзеніне 1100 млн. м³, Еділ өзеніне 80 млн. м³ және басқа өзендер үшін 200 млн. м³.

3.3 Су ресурстарының сапасына қойылатын нормативтік талаптар

Су көздерінің бір мақсатқа немесе басқа мақсаттарға жарамдылығын талдау үшін судың химиялық құрамы мен сапасын білу қажет. Судың химиялық құрамы судағы түрлі химиялық және физикалық күйлердегі заттардың жиынтығы ретінде түсініледі. Судың сапасы суды нақты пайдалану түрі үшін оның жарамдылығы тұрғысынан қаралады. Табиғи сулардың химиялық құрамы мен сапасын қалыптастыруда антропогендік фактор үлкен рөл атқарады. Су көздеріне түскен лас суды ағызу, судың химиялық құрамын және гидрохимиялық көрсеткіштерін өзгертеді. Су көздерінің жарамдылығын бағалау үшін табиғи судың ластану дәрежесіне

нормативтік бағалау енгізілді, оның құрамын және қасиеттерін сипаттайтын, судың белгілі бір түрін пайдалану үшін қажет. Нормативтік құжаттар ауыз суға және мәдени-тұрмыстық қажеттіліктерге қол жеткізу, сондай-ақ балық шаруашылығы мақсатына арналған су объектілері үшін су қоймалары мен ағын суларының құрамы мен қасиеттеріне қойылатын жалпы талаптарды белгілейді. Негізгі құжаттар «Ауыз су» және «Ағын сулардың ластануынан беткі суларын қорғау ережелері» ГОСТ-ы болып табылады.

Ауыз суының сапалы нормативті қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін оның органолептикалық қасиеттеріне, эпидемиялық қауіпсіздік, сондай-ақ оның химиялық құрамының қауіпсіздігі, соның ішінде санитарлық-токсикологиялық қатынасы жоғары талаптар қойылған.

Судың сапасын гигиеналық реттеудің басты мақсаты адам денсаулығына зиянды әсерін болдырмау болып табылады, осылайша бұл мәселе сөзсіз әлеуметтік басымдықты жариялады.

Нормативтік құжаттарда балық шаруашылығына арналған судың химиялық құрамына қатаң талаптар қойылады. Балық шаруашылығы объектілеріндегі суда рұқсат етілген зиянды заттардың шоғырлануы төменірек мәнге ие.

Іс жүзінде мелиоративтік мақсаттарға арналған арнайы судың құрамына ерекше талаптар қойылмайды. Негізгі талаптар пайдаланған судың тұздылығымен шектеледі. Сонымен қатар, суғару үшін пайдаланылатын судағы жеке химиялық құрамдардың мөлшерін реттеу қажеттілігі туындайды. Мелиорациялық ғылым кейбір заттардың топырақтың құнарлығына және өнімділік сапасына кері әсерін тигізетіндігін дәлелдеді.

Тұзды қалдықтың тығыздығын пайдаланып, суды қалпына келтіру мақсаттарына жарамдылығын бағалау кезінде тұздың мөлшері 0,4 г/л-нен кем суды қолдану ұсынылады. 1-3 г/л тұздардың мөлшері суғару үшін қауіпті болып саналады, ал тұздың мөлшері 3 г/л-ден астам су топырақтың тұздануына ықтимал болуына байланысты пайдалануға ұсынылмайды.

Төменде жерді жақсарту үшін су ресурстарының жарамдылығын бағалау бойынша В.В. Веселов, А.Г. Бегалиев, Г.М. Самоуков бірлескен монографиясында сипатталған нұсқаулар берілген [15]. Олардың пікірінше, суғару суларының сапалық көрсеткіші олардың сілтілендіру мүмкіндіктері болып табылады, бұл бір және екі валентті катиондарының қатынасы бойынша анықталады. И.А. Антипов-Каратаевтың айтуынша, кальций мен магнийдің қосындысының натрийге қатынасы келесі теңсіздікті қанағаттандыруы керек:

$$\frac{Ca+Mg}{Na} \geq K \times C, \quad (1)$$

мұнда К – коэффициент, 0,23-ге тең; С – судың минералдануы, г/л.

Егер теңдеудің сол жағы оң жақтан кішірек болса, онда судың сапасын жақсарту қажет.

АҚШ-та натрийдің адсорбция қатынасының (SAR) шамасы бойынша натрий топырағының күлдену қаупі кең таралған:

$$SAR = \frac{Na}{\sqrt{0,5(Ca+Mg)}}, \quad (2)$$

мұнда Na, Ca, Mg – катиондар концентрациясы, мг-экв.

SAR<10 кезінде сілтілену қаупі төмен, 10-18 – орташа, ал 18-26 – жоғары, SAR>26-да бұл өте жоғары болып саналады.

Топырақта кальций қорын есептеу үшін тексерілген натрий адсорбция коэффициенті қолданылады:

$$SAR^* = SAR[1 + 8,4 - pH_c], \quad (3)$$

мұнда pH_c – есептік мән, катиондар (Ca+Mg) мен аниондардың (CO₃+HCO₃) мөлшерін ескере отырып, арнайы кесте бойынша анықталады.

Суғару суларымен топырақтың сілтілену мүмкіндігін бағалау кезінде келесі формуланы пайдалануға болады:

$$П_{Na} = \frac{Na \times 100}{Na + Ca + Mg}, \quad (4)$$

Егер бұл көрсеткіш 50%-дан артық болса, онда мұндай сумен суғару топырақтың сілтіленуіне әкелуі мүмкін. Егер судың құрамындағы жалпы катиондарының 50%-нан астамы болса магнийден көрі, натрий топыраққа теріс әсер етеді.

Кез-келген химиялық құрамды суғару суларының сапасы төмендегі теңдеулерді қолдану арқылы ион концентрациясының (мг/л) көрсетілгенін анықтайтын суғару (сілтілі) Стаблер коэффициенті арқылы бағалануы мүмкін:

$$K = 662 / (Na + 0,32Cl - 0,43SO_4) \quad (1 \text{ түрі})$$

$$K = 6620 / (Na + 2,6Cl) \quad (2 \text{ түрі})$$

$$K = 2040 / Cl \quad (3 \text{ түрі})$$

Қандай формула бойынша ирригациялық коэффициентін қолдану керек екенін анықтау үшін зерттелетін судың химиялық талдау мәліметтерін келесі үш теңсіздікті пайдалана отырып, дәйекті тексеру қажет: Na<Cl; Cl<Na<Cl+ SO₄; Na> Cl+SO₄.

Егер ирригациялық коэффициентінің мәні 1,2 және 6,0 аралығында болса, онда су суғару үшін қанағаттанарлық емес.

Төменде келтірілген 3-кестені пайдалана отырып, сонымен қатар, біріктіру мүмкіндігін қоспағанда, топырақтың тұздануының барлық түрлеріне суғару үшін пайдаланылатын су сапасын бағалауға болады.

3-кесте – Суғару үшін пайдаланылатын су сапасын бағалау критерилері

Судың сапасын бағалау				Суғару үшін судың жарамдылық сипаттамасы
Минералдану шамасы бойынша С, г/л	Ирригациалық коэффициент мәні бойынша	Топырақтың сілтілену мүмкіндігі бойынша		
		Антипов-Каратаев бойынша	SAR	
<0,4 (жақсы)	>90 (жақсы)	$< 0,23 \cdot C$	<10	Кез-келген топырақты суғару және жуу үшін қолайлы
0,4-1,0 (қанағаттанарлық)	90-18 (толық қанағаттанарлық)	$>0,23 \cdot C$	<10	Сонымен қатар, судың сорбцияға қабілеттілігін тексеру қажет
1,0-3,0 (қауіпті)	18-6 (қанағаттанарлық)	$< 0,23 \cdot C$	10-18	Тұзданбаған топырақты суғару үшін қауіпті, орташа тұзды топырақты жуу үшін қолайлы
3,0-5,0 (топырақтың тұздануы)	6-1,2 (аз қанағаттанарлық)	$> 0,23 \cdot C$	18-26	Тұзданбаған және аз тұзданған топырақты суғару үшін қауіпті, жуу үшін қолайлы
>50 (топырақтың қатты тұздануы)	<1—2 (қанағаттанарлықсыз)	$> 0,23 \cdot C$	>26	Жарамдылығын өндірістік эксперименттермен дәлелдеу керек

Суда сода бар екендігі туралы белгілер сілтіліктің пайда болуы (рН 7,5 артық), CO_3 анионының болуы немесе иондардың ара қатынасын қадағалау, мг-экв:

$$\text{HCO}_3 > \text{Ca} + \text{Mg} \text{ және } \text{Na} + \text{Cl} + \text{SO}_4. \quad (5)$$

К.К. Гедройцтың пікірінше, тұзды топырақтардағы сода олардан жеңіл еритін хлор мен сульфаттың негізгі мөлшерін алып тастағаннан кейін ғана пайда болады [15]. Топырақта жеткілікті көмірқышқылды кальций болған жағдайда, сода қалыптасуы сортаңдардың барлық сіңірілетін натрий кальциймен алмастырылғанға дейін нормадан өтеді. Қалыпты (Na_2CO_3) және бикарбонат содасы (NaHCO_3) әдетте топырақтың құрамындағы төмен тұздардың құрамында, яғни 0,1-0,2, 0,3-0,5%-дан

төмен болады. Кәдімгі сода және 0,01-0,2 г/л жалпы сілтілігі жеткен кезде, кальций ерітіндіден жоғалады.

Ғалымдар жер бетіндегі сулардың сапасын сипаттайтын әлемде әлі де бірыңғай стандарттар жоқ екеніне ортақ пікірге келіп отыр.

Төменде, Жайық өзенін, оның ағындарын, Қараөзен, Сарыөзен және осы аймақтың шағын өзендерін қоса алғанда, Жайық-Каспий табиғи-шаруашылық бассейнінің жерүсті ағындарының гидрохимиялық құрамын және антропогендік ластануын сипаттайтын 2009-2013 жылдардағы тәжірибелік зерттеулердің нәтижелерін ұсынамыз.

3.4 Негізгі су ағындарының гидрохимиялық құрамы және сулардың ластануы

Судың химиялық құрамының қалыптасуы өте күрделі процесс және көптеген факторларға тәуелді. Барлық факторлар бір-бірімен байланысты, бір-біріне тәуелді жүйе.

Жалпы табиғи сулардың қалыптасуына әсерлі факторларды екі топқа бөлуге болады:

- суға тікелей әсер ететін факторлар: тау жынысының құрамы; тірі ағзалар; халық шаруашылығы;

- суға әсерін тигізетін табиғи жағдайлар: климат, жер бедері, гидрологиялық жүргі, өсімдік жамылғысы, гидрогеологиялық және гидродинамикалық жағдайлар.

Егер санитарлық-токсикологиялық, жалпы санитарлық немесе органолептикалық зияндық көрсеткіштердің бірі мөлшерден асып кетсе, су ластанған болып саналады.

Жалпы ластағыш заттарды химиялық, биологиялық және физикалық деп бөледі. Кең таралған химиялық ластағыштарға мұнай мен мұнай өнімдерін, синтетикалық беткі белсенді заттарды, пестицидтерді, ауыр металдарды, диоксидтерді жатқызады. Вирустар және ауру туғызатын микроорганизмдер өте қауіпті биологиялық ластағыштарға жатады. Радиоактивті заттар су ластағыштар болып саналады.

2009-2024 жылдар аралығында Жәңгір хан атындағы БҚАТУ ғалымдары Жайық-Көшім бассейнінің экологиялық жағдайын зерттеумен айналысты. Ағын сулардың гидрологиялық жүргісі, гидрохимиялық құрамы мен олардың ластануы туралы мәліметтер ғылыми есептерде, мақалаларда көрсетілген.

Бұрын зерттелген жұмыстарда негізгі бақыланатын заттар ретінде биогенді элементтер, мұнай өнімдері, фенолдар, ауыр металдар, бор және хром қоры алынған.

Биогенді элементтер қатарына алюминий азоты, нитратты азот, нитритті азот, минералды фосфор және кремний жатады. Бұл

элементтердің категориясына табиғи тұздың иондарын жатқызуға болады (кальций, магний, натрий, калий, сульфаттар, хлорид).

Мұнай өнімдері беткі суды ластайтын кең таралған және қауіпті ластағыштар. Мұнай қалдықтарының суда болуы өсімдіктер мен микрофиттердің дамуы кезінде көрінеді. Мұнай қалдықтары бар судың дәмі, иісі мен түсі өзгереді, су объектісінің атмосферамен газ алмасуы нашарлайды.

Хош иістердің қатарындағы органикалық байланыстар фенолдарға жатады. Беткі суларда фенолдың пайда болуы тұрмыстық-шаруашылықтық ағын сулармен ластануына байланысты. Фенолдар су қоймалары мен ағын сулардың жалпы санитарлық жағдайын тез нашарлатады, ерітінді газдармен биогендік элементтердің режимдерін өзгертіп, тірі ағзаларға әсер етеді.

Жайық өзені бассейне бормен ластану да тән. Бор балықтарға әсер етпейді, алайда ортоборлы қышқыл политропты әсері бар токсикологиялық заттарға жатады. Соның ішінде эмбрио-токсикологиялық әсер анық байқалады. Боры көп су қоймаларындағы суды пайдаланса интоксикация пайда болады.

Жайық өзеніндегі бордың көп көлемде болуы аймақтың геохимиялық ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Бірақ Жайық өзені бассейнінде құрамында бор бар табиғи су көздерінен басқа, бассейнің жоғарғы бөлігінде, яғни Елек өзенінің жазықтығында өндіріс қалдығымен ластанатын жерлер бар. Жергілікті табиғат қорғау органдарының көп жылдық мәліметтеріне сүйенсек, Елек өзенінің бормен ластану мәселесі Ақтөбе химиялық зауытында борлы-қышқылды өндірісі басталғаннан кейін пайда болды.

Жайық өзенінің ауыр металдармен ластануын сипаттау үшін судағы хром, темір, мырыш, қорғасын, алюминий, никель, кобальт, стронций, кадмий және марганецтің мөлшері анықталды.

Ауыр металдар тау жынысының геологиялық заттарының желмен ұшатын табиғи сулардың кәдімгі ингредиенттері болып табылады.

Темір ауыр металдардың ішінен кең тараған. Темірдің басқа элементтермен байланыстары топырақ түзілу процесіне белсенді қатысады және екінші қатарлы топырақ минералдары түрінде топырақта кездеседі.

Темірдің аморфты гидрогелі $\text{Fe}(\text{OH})_2$ мен темірдің гидрогелі $\text{Fe}(\text{OH})_3$ коллоидты-күкіртті темірмен FeSnH_2O бірге Каспий маңы ойпатының ылғалды топырақтарында кең тараған. Дегенмен бұл гидрологиялық гелдер судың кебуі кезінде өте тұрақсыз болып, лимонит, магнетит, гематит сияқты грунт суларының бетіне жиналатын топырақ қабатында көп кездеседі.

Хлорлы органикалық пестицидтер өзен желісіне негізінен ауылшаруашылық алқаптарынан ағын сулармен, сонымен қатар суғармалы территориялардағы коллекторлы-дренажды сулармен келеді. Барлық

хлорлы органикалық пестицидтер топырақ қабатының бөліктерінде қатынасына қарай жоғары адгезионды қасиетімен ерекшеленеді. Деструкцияға қарсы тұруымен сипатталады және өзендерде үлкен қашықтықтарға дейін көшуге қабілетті. Сондықтан ластану территориясына, тек Жайық өзені ғана емес сонымен бірге оның Ресейлік бөлігі де жатады.

Жайық өзені мұнай-химиялық сала объектілерінің өндірістік суларымен де ластанады. Ондай объектілерге Орск мұнай өңдеу зауыты, Оңтүстік-Орал никель комбинаты, Орск-Хамилов металлургия комбинаты, Орынбор мұнай өңдеу зауыты жатады.

Құрамында әртүрлі ластаушы байланыстары бар өндірістік ағын суларын төгетін Ақтөбе хром зауыты мен басқа да өндірістік ұйымдарды осы қатарға жатқызады.

Жайық-Каспий табиғи-шаруашылық бассейнінің гидроэкологиялық жағдайының дамуын бағалау үшін 2009-2010 жж. Республикалық бағдарламалар аясында түпкілікті зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Жайық өзені мен Жайық-Каспий бассейнінің кішкене ағын суларының гидрохимиялық зерттеулерінің нәтижесінен олардың физикалық-химиялық ластануы құрамының ерекшеліктеріне және олардың ластануы антропогендік сипатта екенін көруге болады.

Зертханалық зерттеулердің нәтижесінде Жайық өзеніндегі қар суының минералдануы 0,3-0,4 г/л, жалпы кермектілік 3,2-4,8 мг-экв/л, рН 7,9-8,0 құрады. Минералданудың аз және тұрақты физикалық көрсеткіштеріне қарамастан судың химиялық құрамы ара қашықтықта өзгереді.

Жайық-Каспий бассейнінің Қазақстандық бөлігіне Жайық өзені бойынша құрамы жағынан аралас гидрокарбонатты-хлоридті-сульфатты магнийлі-кальцийлі су келеді. Ағыстың төменгі жағында 180 км қашықтықта оның құрамы гидрокарбонатты-сульфатты магнийлі-кальцийлі болып ауысады. Одан әрі судың құрамы сол күйінде сақталып, тек Атырау облысымен шекарасында оның құрамы гидрокарбонатты кальцийлі-натрийлі өзгереді.

Жайық өзен суының химиялық құрамына Елек және Шаған өзендерінің ағыстары әсер етеді. Елек өзенінен хлоридті-гидрокарбонатты-сульфатты кальцийлі-натрийлі-магнийлі құрамды көп минералданған (0,6 г/дм³) және кермектеу (6,2 мг-экв/л) су келеді. Оның әсерінен Жайық өзеніне қар суының құрамына ұқсас гидрокарбонатты-сульфатты кальцийлі-натрийлі су келеді.

Еріген суларда минералды ластағыштардың құрамында жоғары концентрацияда фтор мен бор, темір, кейбір зерттеулерде кадмий кездеседі. Көрсетілген микрокомпоненттер бар суларда ауыр металдардың микроэлементтері жиі кездеседі.

Сулардың салыстырмалы түрде аз минералдануын және олардағы зиянды органикалық заттардың көп кездеспеуін қыстың қарлы болуымен түсіндіруге болады (2009 ж. – 407 см, 2010 ж. – 499 см), бұл кезде қардың еру ұзақтығы 12-20 күн шамасында болды.

Қар деңгейінің төмен орналасуында 2009 жылы органоминаралды концентрациясымен ластану, сонымен бірге аммониймен (1,3-3,1 ПДК), темір (Fe жалпы – 8-10 ПДК) никельмен (1,2-2,2 ПДК), броммен (5-15 ПДК) және кадмиймен (2-6 ПДК) ластану жоғары деңгейде екенін көрсетті.

Жаз кезеңінде зерттелетін ағын сулардағы сулардың ластануы және құрамы мүлдем басқа сипатта. Жайық өзеніндегі сулардың минералдануы 770-849 мг/дм³, кермектілігі 5,40-5,80 мг-экв/л, рН 6,62-7,90, пермаганатты қышқылдануы өзеннің жоғарғы бөлігінде 3,52 мг/дм³, төменгі жағында 5,20 мг/дм³ шамасында болады. Химиялық анионды құрамы бойынша су барлық өзен бойына хлоридті-гидрокарбонатты-сульфатты болып келеді.

Жайық өзенінің сол жақ ағынындағы, яғни Елек өзенінде судың минералдануы 1280 мг/дм³, жалпы кермектілігі 4,5мг-экв/л, рН 7,26 және пермаганатты қышқылдануы 4,88 мг/дм³ шамасында. Судың химиялық құрамы хлоридті-натрийлі.

Жаз кезінде Жайық өзенінің сол жақ ағысында, яғни Шаған өзеніндегі судың минералдануы 1009 мг/дм³, қаттылығы 7,60 мг-экв/л, рН 6,74, пермаганатты қышқылдануы – 5,00 мг/дм³. Химиялық құрамы жағынан гидрокарбонатты-хлоридті-сульфатты натрий-кальцийлі болып келеді.

Жаз кезеңіндегі су минералды-органикалық қоспалардың төмендігімен ерекшеленеді. Ағын суға тән аммоний, нитрит, нитрат сияқты органикалық компоненттер, галогендік компоненттерден йод пен бром кездеспейді.

Сонымен қатар жоғары концентрацияда Жайық өзені суларының мұнай өнімдерімен ластануы анықталады. Елек өзеніндегі суда қорғасын мен алюминий болғанымен, мұндағы су аз ластанған. Ал Шаған өзенінде аз мөлшерде бор, қорғасын және кадмий кездеседі. Балық шаруашылығы су қоймалары темір, мырыш, кадмийдің мөлшері жағынан талаптарға жауап бермейді.

Ағын суларды күз кезінде зерттеу келесідей гидрохимиялық нәтижелерді көрсетті. Жайық өзеніндегі минералдану және жалпы кермектілігі аз өзгереді және сәйкесінше 860-941 мг/дм³, 6,45-6,50 мг-экв/л көрсеткішті құрады. Пермаганатты қышқылдануы – 1,52-3,58 мг/дм³ тең. Өзеннің жоғарғы бөлігінде, Елек өзенінен бастап «Январцево» гидрологиялық бекетіне дейінгі аралықтағы судың химиялық құрамы жағынан хлоридті-гидрокарбонатты натрийлі-кальцийлі, ал төменірек ағыс бойынша хлоридті-гидрокарбонатты-сульфатты кальцийлі болады.

Жайық өзенінің сол жақ ағысында, Елек өзенінде судың химиялық құрамы анионы HCO_3 және CO_3^{2-} бар хлоридті-натрийге ауысады. Судың перманганатты қышқылдануы $3,76 \text{ мг/дм}^3$, минералдануы 1673 мг/дм^3 , кермектілігі $7,55 \text{ мг-экв/л}$ шамасында болды.

Ал Жайық өзенінің оң жақ ағысында, яғни Шаған өзеніндегі судың минералдануы 1094 мг/дм^3 , жалпы кермектілігі $8,35 \text{ мг-экв/л}$, рН $8,01$, пермаганатты қышқылдануы $3,28 \text{ мг/дм}^3$ тең. Судың химиялық құрамы хлоридті-гидрокарбонатты натрийлі-кальцийлі. Жаз кезіндегі судың минералдану көрсеткішінің жоғарылауын және оның физикалық-химиялық құрамы мен қасиетінің өзгеруін өзеннің екі жағын алып жатқан суғару алқаптарындағы ағын сулардың көптеп келуімен түсіндіруге болады.

Судың микрокомпоненттік құрамын зерттеу нәтижелері көрсеткендей күзгі кездегі су жазғы кездегімен салыстырғанда органикалық минералдармен ластануы төмен. Мұндағы кең тараған қоспалар бор болып табылады. Кейбір жерлерде алюминий мен қорғасынның көп мөлшері кездеседі.

Ағын сулардың минералдануы, оның химиялық құрамы мен физикалық қасиеті уақытқа байланысты өзгеріп отырады, сонымен бірге кең тараған минералды органикалық қоспалардың құрамы да өзгереді.

3.5 Жерасты сулары

Жерасты суларының сипатты ерекшеліктері олардың аумақта таралуының әркелкілігі және минералдануының жоғары болу көрінісі, солтүстіктен оңтүстікке қарай айқын байқалады. Минералдану дәрежесі олардың орналасу жынысына және орналасу тереңдігіне байланысты.

Жерасты суларының аумақ бойынша таралуы геологиялық құрылысына және физикалық-географиялық жағдайына байланысты. Облыс аумағында хвалын саздақ, сазды құмдар, мергель, опырылған құмтастар мен құмдар қалыңдығымен берілген шөгінді жыныстардың қуатты пласттарымен қалыптасқан көптеген ойпаңдары бар. Жерасты суларының төменгі және жоғары горизонттарының жыныстары орташа және ірі құмдардан құралған. Облыстың жерасты сулары негізінен төрттік дәуірдің және өте ежелгі шөгінділердің жыныстарынан құрылған. Жабын қыртыстары, көбіне Каспий трансгрессиясына қатысты жыныстардың тұздылығы тұщы сулардың айтарлықтай ресурстарының қалыптасуына түрткі болмайды. Дегенмен облыстың солтүстік бөлігінде аса жайлы жағдай қалыптасқан, жерасты суларының жыралармен және мойнақтармен дренаждалуы жағдайында су жібергіш горизонттың жоғарғы бөлігінде болатын тұздардың шайылуынан және атмосфералық жауын-шашынның сүзілуінен келіп, көптеген тұщы сулардың қорлануы процесі жүреді.

Жалпы Сырт пен Орал асты платосы күрделі геологиялық құрылысына байланысты гидрологиялық жағдайларының өзгергіштігімен

сипатталады. Бұл аймақтардағы перспективті су көтергіш горизонт ретінде жоғарғы борлы қабат саналады. Ол 5-10 м-ге дейінгі тереңдікте жатады, ал қанаттарында 150-200 м ойыстар бар. Бұл жердегі сулар әдетте сапасы жағынан жақсы және минералдануы 1-2 г/л шамасында.

Сырт еңістігінің территориясында жерасты суларының тереңдігі 2-3 метрден 70 метр болатын гидрологиялық аудан орналасқан. Мұнда тұщы сулар кездеседі, олардың тереңдігі 3-10 м, алайда оның қоры аз. Бұл аудан Орал асты платосынан қосымша жер асты ағынын алады.

Каспий маңы ойпатының жерасты сулары төрттік дәуір қыртысының барлық типтерінде қалыптасқан. Каспий трансгрессиясы суларының теңіз шөгінділеріндегі 1-1,5 м тереңдікте құйылуы, бұл қолдануға ыңғайлы болатындығымен, бірақ судың жоғары минералдануымен ерекшеленуі болып табылатындығы ескеріледі. Жайық, Көшім, Қалдығайты, Бұлдырты, Үлкен және Кіші Өзен, сол сияқты т.б. өзендердің аңғарындағы аллювиалды шөгінділердің минералдануы 1-3 г/л құрайды, ал жерасты сулары 1-20 м тереңдіктерде құйылады. Мұндағы су мал суаруға жарамды. Судың жалпы қоры 11,5 млрд. м³ құрайды.

Ауыз суға немесе шаруашылық мақсатында пайдалануға жерасты суының мол көлемі қажет. Жерасты суының пайдалануға жарамды көлемі арнайы зерттеулер нәтижесінде мемлекеттік су қоры ретінде бекітіледі.

Облыс аумағында бекітілген пайдалану қоры 352 мың м³/тәулігіне құрайтын тұщы және әлсіз тұзды жерасты суларының 26 кен орны (45 алқап) бар. Оның ішінде жерасты суларының 38 алқабы шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз етуге жарамды, қоры шамамен 280 мың м³/тәулігіне.

Қазіргі уақытта шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жалпы су қоры 137 мың м³/тәулігіне құрайтын 16 кен орны пайдаланылады. Барлық пайдаланылған аумақтар бойынша су алудың жалпы көлемі орташа алғанда шамамен 32,4 мың м³/тәулігіне немесе облыс бойынша бекітілген қордың 9%-ын құрайды.

4. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МЕЛИОРАТИВТІК ОБЪЕКТІЛЕРІ

4.1 Мелиоративтік объектілердің жағдайы және сумен қамтылуы

Облыс жағдайында суғару салыстырмалы түрде бағбандық пен баубақшалықта пайдаланыла бастады. Алғашқы мәліметтер А. Левшиннің (1823) жазбаларында кездеседі. Суды көтеретін және беретін машиналарды «шығыр» деп атады. XIX ғасырдың 90-шы жылдары облыста суландыру іс-шаралары кеңінен тарады. Тоғандар салынды, оларды ішінде 1895 жылы Буулдук, 1898 жылы Талды-Опан және т.б. су қоймаларын атауға болады. Су жинауға арналған құдықтар саны 1924 жылы 74 дейін жеткен. Өткен ғасырдың 70 жылдарына қарай мелиоративтік объектілердің құрылысы кеңінен жүргізіле басталды.

Суғару жүйелерін жобалаушы мекеме Ленгипроводхоз (1968 ж.) Батыс Қазақстан облысында суғаруға жарамды 1,6 млн га жер бар екендігін мәлімдеді. Мелиоративтік қорға қою-қызғылт, қызғылт, ашық қызғылт, шалғынды қызғылт, шалғынды-көлтабанды, жайылмалық топырақтармен жамылған жерлер кірді. Мелиоративтік қор топырақтарының сортаңдануы әртүрлігімен сипатталады, далалық және шалғынды сортаңдардың әртүрлі жиынтығымен қалыптасқан.

Өткен ғасырдың 60-шы жылдары басында облыста ауыл шаруашылығының дамуымен байланысты ірі суармалау-суландыру жүйесі құрылысы басталды, соның негізінде азықтық, көкөніс-бақшалық дақылдарды өндіру, жайылымдарды суғару, балық шаруашылығы су айдынын толтыру және оңтүстік аймақта экологиялық жағдайды жақсарту жұмыстары кеңінен жүре бастады.

Су қоймалар каскады мен 50 гидротехникалық құрылғымен қамтылған магистралды және таратқыш каналдардың жалпы ұзындығы 848,8 км құрайды. Олардың қатарында: Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі Жайық өзенінен 125 м³/сек шығынмен су алады, Көшім өзенінің төрт су қоймасынан тұрады, олардың жылдық жобалық су пайдалануы 840 млн. м³ құрайды; Жәнібек суармалау-суландыру жүйесі жобалық су пайдалану көлемі жылына 143 млн. м³, Волгоград облысының Палласов жүйесінен суды алады, Сарыөзен және Қараөзен суармалау-суландыру жүйесі Ресей Федерациясының Саратов облысының каналдарынан суды алады, жобалық су пайдалануы жылына 181,4 млн. м³, сонымен қатар Шаған су қоймасы, ондағы судың көлемі 19,1 млн. м³. Облыс бойынша барлығы 24 су қоймасы салынған, жалпы пайдалы сыйымдылығы 495,15 млн. м³. Олардың ішіндегі ірілері: Бітік – 106,76 млн. м³, Дөңгелек – 57,4 млн. м³, Киров – 63 млн. м³, Пятимар – 33,3 млн. м³. Жоғарыда аталған жасанды жолмен салынған су артериялары 6 млн. га көлемді алып жатыр және 71 ауылдық округті, 21,7 мың га

жүйелі суғаруды, 161,7 мың га көлтабандап суғаруды, 3435,7 мың га суландыру ауданды сумен қамтамасыз етіп отыр.

Жер реформасы кезінде, су таратқыш желінің техникалық мүмкіндіктеріне қарамастан, суғарылатын жерлер кейбір аймақтарда сұранысқа ие болмады, ішкі шаруашылық суғару желілері бұзылған және жаңбырлатқыш машиналар істен шыққан болды. 2007 жылы жүйелі түрде суғарылатын жерлердің ауданы 23 есеге, жаңбырлатқыш техниканың саны 26 есеге азайды. 2006 жылы техникалық қамтамасыз етілген жүйелі суғарудың ауданы 3215 гектарды құрады.

Көлтабандап суғару аудандары жақсы жағдайда, алайда ауданның 80%-ына каналдарды тазалау бойынша, бөгеттер пен құрылғыларды жөндеу бойынша жұмыстары қажет. Шаруашылық есеп жағынан алғанда көптеген шаруа қожалықтары берілетін судың қаражатын төлей алмағандықтан, аса құнды қою каштан, каштан және шалғынды каштан топырақтары толықтай пайдаланылмай жатты. Мысалы, әртүрлі қаражат қыйындықтары себебінен 2006 жылы облыс көлемінде бар болғаны 16900 га жер суғарылды.

Су шаруашылық объектілерін қайта құруға және шаруашылық есепке көшуге байланысты суғарылатын алқаптарға берілетін судың да көлемі өзгерді. 1986 жылы жүйелі суғару 15%, көлтабандап суғару 68% болса, ал 2006 жылы су пайдалану жүйелі суғаруда 1%, көлтабандап суғаруда бар болғаны 10%-ды құрады. Суғару жүйелерінен келетін су көлемінің үлкен бөлігі балық шаруашылығы мақсатына және құрғақ дала экологиясына жәрдемдесуге, су қоймасы мен тоғандарын толтыруға жұмсалды. Жайық өзен суының берілуі су жеткізу жүйесі бойынша жүргізіледі. Жайық-Көшім ССЖ-нің су тұтынуының өзгеруі қарқынды 4-кестеде келтірілген.

4-кесте – Жайық-Көшім ССЖ-нің сумен қамтылуы

Көрсеткіштер	1980 ж.	1996 ж.	2003 ж.	2006 ж.
Жүйедегі су жинау, млн м ³	890,11	447,69	350,74	400,72
Нысанға су беру, млн м ³	680	293,68	209,66	256,39
Жүйелі суғару, млн м ³	16,9	1,28	1,78	1,93
Көлтабандап суғару, млн м ³	349,1	198,6	2,98	2,32

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесін пайдалану жүргісін талдау жүйеге су жинау және нысанаға су беру тұрақтылығы мүмкіндігін көрсетеді. Жүйелі суғару мен көлтабандап суғарудың су жинау көлемінің едәуір азаюы шынайы пайдаланылатын мелиорациялық далалардың ауыл шаруашылық өндірісінен жаңа нарықтық қатынастарға көшу кезеңіне қарай азаюымен түсіндіруге болады.

Жайық өзені саласы мен Жайық-Көшім ССЖ-нің су қоймалары сыйымдылығы ауыл шаруашылығы мақсатына пайдаланылатын судың айтарлықтай қорын шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығын интенсификациялау көбіне мал шаруашылығына қатысты суғару мелиорациясының потенциалын негізсіз пайдаланумен шектеледі. Алайда экономикалық дағдарыс кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінің қиыншылықтары қымбат жаңбырлататын техниканы қолданудан бас тартуға алып келді. Жүйелі суғару қысқарды және өндірілетін өнімнің шынайы өзіндік бағасы анықталды. Бұл ретте көлтабандап суғарудың құрылған жүйесі мелиорацияның жалғыз қолжетімді тәсілі және азықтық дақылдардың жоғары өнімін алудың құралы болып табылады. Көлтабандап суғару телімдерін жандандыру үшін көлтабандардың көп жылдық пайдалануынан кейінгі әртүрлі кезеңділігі мен нақты агроклиматтық, гидрологиялық және топырақ жағдайларындағы сумен бастыру нормасының өнімділігіне және жалпы жай-күйіне қарай ғылыми-зерттеулерді жалғастыру қажет. Ұзақ мерзімді 35 жылғы пайдалану кезеңінен кейінгі суармалау-суландыру жүйесіндегі зерттеулер негізгі магистралды су өткізгіш тракттың қанағаттанарлық жағдайын көрсетті. Мемлекеттік инвестиция арқасында негізгі гидротехникалық қондырғылардың икемді пайдалануы іске асырылды. Су қоймалары, маңыздылығын ескере отырып, республика меншігіндегі мемлекеттік реестрге енгізілді.

Су ресурстарының негізгі тұтынушылары ауыл шаруашылығы, оның ішінде суғару және суландыру, өнеркәсіп, қалалық сумен қамтамасыз ету (үй шаруашылығы), тоған шаруашылықтары, ағынды сулар.

Ауыл шаруашылығы, негізгі су тұтынушысы ретінде, ауыл шаруашылығы жерді ирригациялау, ауылдық елді мекендерді суландыру және сумен қамтамасыз ету, ауылдар мен мал жайылымдарында мал шаруашылығын өндіруді жүзеге асыру үшін су тұтынады.

Батыс Қазақстан аумағында суармалау-суландыру жүйелерінің басым бөлігі, көктемгі су тасқыны кезінде көлтабандап суғару учаскелерінде табиғи шабындықтарды сумен қамтуға арналған гидротехникалық құрылыстарымен жабдықталған, инженерлік жүйелер болып келеді.

Облыста жалпы сыйымдылығы 495,15 млн. м³ болатын 24 су қоймасы салынды. Олардың ең ірілері: Бітік – 106,76 млн. м³, Дөңгелек – 57,4 млн. м³, Киров – 63 млн. м³, Пятимар – 33,3 млн. м³. Трансшекаралық су ресурстарын пайдалануға Жәнібек суармалау-суландыру жүйесі жылына 143 млн. м³ Ресей Федерациясының Волгоград облысы Паллас жүйесінен алады.

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі көктемгі су тасқыны кезінде ең көп өнімді көлтабандардың іріктелген алқаптары үшін төрт су қоймасы каскады арқылы өтетін тасқын суын жеткізді, сонымен бірге су

қоймаларын толтырды. 2015 жылы көктемгі су тасқыны кезінде су қоймасының каскадын толтыру 82% немесе 213,27 млн. м³ құрады. Жайық өзенінен Жайық-Көшім ССЖ-не судың ең көп ағыны 56,3 м³/с құрады. Су тасқыны кезінде трансшекаралық Жайық өзенінен Жайық-Көшім жүйесіне 151,853 млн. м³ су алынды.

Трансшекаралық Жайық өзенінен 2016 жылы су тасқыны кезінде Жайық-Көшім ССЖ-ға 311,670 млн. м³ су алынды.

Жайық-Көшім ССЖ-нің суын және судың көлемін пайдаланған негізгі бағыттар 5-кестеде келтірілген.

5-кесте – Жайық-Көшім ССЖ-де судың көлемін бөлу

Су тұтыну субъектілері	Лицензия бойынша су тұтыну, млн. м ³	Нақты су тұтыну, млн. м ³		
		2015 ж.	2016 ж.	2017 жылдың 9 ай ішінде
Тұрақты суғару	5,2	2,035	2,153	1,721
Көлтабандап суғару	10,5	4,133	7,133	6,891
Суландыру	3,6	0,135	0,068	0,018
Жалпы су пайдалану	50,1	24,924	47,543	31,500
Экологиялық шаралар және қоршаған ортаны қорғау мақсаттары	235,5	133,84	214,803	228,136
Сумен жабдықтау	2,6	0,215	0,346	0,202
Үлкен Өзен өзеніне бассейн аралық су ағызу	55,1996	47,3	46,776	55,200
Су қоймасын толтыру	+145	64,967	129,825	135,881
Барлығы	507,6996	277,549	448,647	459,551

2017 жылы Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінде су тасқыны көлтабандарды суғару үшін төрт су қоймасы каскадының транзиті арқылы жеткізіліп, бір мезгілде су қоймаларын толтырды. Су тасқыны кезеңінде су қоймасының каскадын толтыру 95,1% немесе 254,92 млн. м³ құрады. Жайық өзенінен Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіне судың ең көп ағыны 100,32 м³/с құрады. Су тасқыны кезінде трансшекаралық Жайық өзенінен Жайық-Көшім ССЖ-не 282,84 млн. м³ су алынды. Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінде 19010 га суармалы көлтабандар жері және табиғи шабындықтар сумен қамтылды.

Сумен бастыру кезінде трансшекаралық Жайық өзенінен Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінде Жайық-Каспий су балансының таралуын талдау және мүмкіндіктері бойынша салыстыру (лицензия

бойынша суды алу) тұрақты және суғару қажеттілігіне суды жеткізуге қабілетті айтарлықтай қорларды және көлтабандап суғаруды көрсетеді. 2016-2017 жылдардағы орташа жылдық дәрежедегі көктемгі су тасқыны суғару жүйелерінің жобалық қуатын барынша пайдалану үшін қолайлы мүмкіндіктер туғызды.

Қараөзен және Сарыөзен әсер ету аймағында су өзен бойында санитарлық және экологиялық мақсаттарда, тұрмыстық ауыз су қажеттіліктері мен суғару үшін жеткізіледі.

Қараөзен және Сарыөзен трансшекаралық өзендері Батыс Қазақстан облысының оңтүстік аймақтарында халықты және аграрлық секторды сумен қамтамасыз етудің жалғыз көзі болып табылады. Қараөзен және Сарыөзен Казталов және Жаңақала аудандарының 18 ауылдық округ тұрғындарын сумен қамтамасыз етеді, онда 50 мыңнан астам адам тұрады. Осы өзендерде жайылымдарды суғарудан басқа ауыз сумен қамтамасыз ету үшін 2017 жылы 14 ауыз су тазарту құрылғысы бар еді.

Халықтың мұқтаждықтарына, суғару және санитарлық-экологиялық мақсаттарына Қараөзеннің және Сарыөзеннің жазғы маусымдық кезеңде Еділ суын Саратов каналының бойында орналасқан 5 сорғы бекеті қосымша жеткізеді.

2016 жылы Еділ суы 62,8 млн. м³ көлемінде, соның ішінде Сарыөзенге – 34,6 млн. м³, Қараөзенге – 28,2 млн. м³ жеткізілді.

2017 жылға дейін Саратов облысының Еділ суын жеткізуді Қараөзенге және Сарыөзенге 62756,0 мың м³ көлемінде өткізу жоспарланды. 2017 жылдың алғашқы 9 айында Саратов облысының Қараөзен және Сарыөзен өзендеріне 41214,0 мың м³ берілді.

Сондай-ақ Қараөзен бассейні бойынша Казталов және Жаңақала аудандарында 16700 гектар жерде көлтабандап суғарылды. 2017 жылы Саратов облысының Қараөзен өзеніндегі Батыс Қазақстан облысына Александров-Гайский су қоймасынан 102,8 млн. м³ су алынды. Су көлтабандар мен су қоймаларын толтыру үшін берілді. Қараөзен өзені бойында 10406 га суармалы жерлер мен шабындықтар су астында қалды.

Шамамен 45,0 мың адам өмір сүретін Жәнібек ауданының 6 ауылдық округінің және Бөкейорда ауданының Мұратсай ауылдық округінің аумағы үшін Волгоград облысының Паллас суармалау-суландыру жүйесі судың жалғыз және балама көзі болып табылады.

Батыс Қазақстан облысының Жәнібек және Бөкейорда аудандарына Еділ суы Ресейдің Паллас суармалау-суландыру жүйесіндегі 3 сорғы бекеті каскадының көмегімен жеткізіледі. 2016 жылы Еділ суы Жәнібек және Бөкейорда аудандарына 26100 мың м³ көлемінде жеткізілді. 2017 жылдың 9 айында Волгоград облысынан 21114,0 мың м³ Жәнібек суармалау-суландыру жүйесіне жеткізілді.

Батыс Қазақстан облысы аумағында 2018 жылдан бері ауыл шаруашылығына пайдалынған су ресурстарының көлемі ұлғайып келеді.

РМК БҚФ «Қазсушар» ШЖҚ-ің статистикалық мәліметтеріне сүйенсек 2018 жылы ауыл шаруашылығына 16682,3 мың м³ су пайдаланылса, 2019 жылы – 20292,7 мың м³, 2020 жылы – 21818,9 мың м³, 2021 жылы – 21055,0 мың м³, 2022 жылы – 28359,8 мың м³ су берілген. Соның ішінде көлтабандап суғаруға 2018 жылы 6678,0 мың м³ су берілсе, 2019 жылы – 9730,0 мың м³, 2020 жылы – 7945,0 мың м³, 2021 жылы – 9981,6 мың м³, 2022 жылы – 14399,1 мың м³ су пайдалынған. Бұл талдау соңғы жылдары ауыл шаруашылығы мақсатына, соның ішінде көлтабандап суғаруға беріліп отырылған су мөлшерінің ұлғаюын көрсетеді.

4.2 Мелиоративтік объектілердің техникалық сипаттамасы

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі

1974 жылы іске қосылған Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі 12985 га тұрақты суғару жерлерін, 97632 га көлтабандап суғару жерлерін және 2177 мың га жайылымды сумен қамтиды. Жүйеге су Жайық өзенінен Байтерек ауданы Көшім ауылында орналасқан гидротехникалық құрылғысымен алынып, ұзындығы 1231,9 км құрайтын жер беті каналдарымен таратылады. Жүйенің бойындағы Киров, Бітік, Дөңгелек, Пятимир су қоймаларынан су Первомай, Киров-Чижа, Бударин, Фурман, Тайпақ магистралды каналдары арқылы он сегіз суландыру каналдарына таратылады.

Киров су қоймасы. Көшім өзеніндегі сағалық, құйылыстық, реттегіш су қоймасы болып табылады. 1967 жылы Киров, Бітік және Пятимар су қоймаларымен Жайық-Көшім ССЖ-ің негізінде құрылған. Ақжайық ауданы аумағында орналасқан, Бударин ауылынан 17,5 км қашықтықта жатыр. Толық көлемі 62,9 млн. м³, айдын ауданы 39,1м² құрайды. Көлтабан жерлерін суғаруда және жайылымды суландыруда сумен қамтамасыз етеді.

Бітік су қоймасы – Көшім өзеніндегі аралық, құйылу реттегіш су қоймасы болып табылады. 1970 жылы Жайық-Көшім ССЖ-ің Киров, Дөңгелек, Пятимар су қоймалары жүйесінде құрылған. Толық көлемі 108,7 млн. м³, айдын ауданы 53,01 м² құрайды.

Жүйелі суармалары мен көлтабандық жерлерді сумен қамтиды және Жайық-Көшім жүйесі жайылымдарын суландырады, аз сулы жылдары су қорын сақтайды.

Дөңгелек су қоймасы – Көшім өзеніндегі сағалық құйылу реттегіш су қоймасы болып табылады. 1967 жылы Киров, Бітік, Пятимар Жайық-Көшім ССЖ-ің су қоймалары жүйесінде құрылған. Ақжайық ауданында Чапаев ауылынан 33 км қашықтықта орналасқан. Толық көлемі 57,3 млн. м³, айдын ауданы 31,4 м² құрайды. Көлтабандап суғармалы жерлерге, жайылымды суландыруға және сумен қамтамасыз етуге жағдай жасайды.

Пятимар су қоймасы – Көшім өзенінің сағалық құйылу, реттегіш су қоймасы болып табылады. 1975 жылы Киров, Бітік, Дөңгелек Жайық-Көшім ССЖ-ің су қоймалары жүйесінде құрылды. Жаңақала ауданы Пятимир ауылынан 3 км қашықтықта орналасқан. Толық көлемі 33,3 млн. м³, айдын ауданы 17,7 м² құрайды. Көлтабандап суғаруға, жайылымдарды суландыруға су жеткізеді.

Первомай магистралды каналы – Жайық-Көшім ССЖ-ің құрамына кіреді. Киров су қоймасынан су алады. 1967 жылы пайдалануға берілді. Каналдың басындағы жіберу қабілеті 21 м³/сек құрайды. Канал ұзындығы 98 км созылып жатыр. Ақжайық ауданының 5 ауыл округін, Казталов ауданының 1 ауылын сумен қамтамасыз етеді.

Киров-Чижа магистралды каналы – Жайық-Көшім ССЖ-ің құрамына кіреді. 1970 жылы пайдалануға берілді. Киров су қоймасынан бастау алады. Канал басындағы жіберу қабілеті 21 м³/сек құрайды. Тасқала ауданының 2, Ақжайық ауданының 2, Казталов ауданының 1 ауылдық округтерін сумен қамтамасыз етеді.

Бударин магистралды каналы – Жайық-Көшім ССЖ-ің құрамына кіреді. Канал жер сағасында. 1970 жылы пайдалануға берілді. Киров су қоймасынан су алады. Канал басындағы жіберу қабілеті 21 м³/сек құрайды.

Тайпақ магистралды каналы – Жайық-Көшім ССЖ-ің құрамына кіреді. Дөңгелек су қоймасынан бастау алады. 1961 жылы пайдалануға берілді. Канал басындағы су шығыны 40 м³/сек құрайды. Канал ұзындығы 117,3 км созылып жатыр. Ақжайық ауданының 6 ауыл округін, Жаңақала ауданының 2 ауыл округін сумен қамтамасыз етеді.

Фурман магистралды каналы. Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіне кіреді. Дөңгелек су қоймасынан су алады. Пайдалануға 1961 жылы берілді. Канал басындағы су шығыны 21 м³/сек құрайды, каналдың ұзындығы 52,5 км. Казталов ауданындағы екі ауылдық округті және Жаңақала ауданындағы бір ауылдық округті сумен қамтамасыз етеді.

Жайық өзенінен өтетін су өткізгіш тракт. Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіне кіреді. Су өткізгіш тракттың құрамына Карачин каналы, стационарлы насостық станция, құбырлы көпірлі өтпе, тоғандық дюкер, Солянка және Солянка-Азнабай-Тайпақ каналы кіреді.

Тракт 1981 жылы пайдалануға берілді. Су өткізгіш тракт Ақжайық ауданының 9 ауылдық округін сумен қамтамасыз етеді.

Қосшеген каналы. Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіне кіреді. Тайпақ магистралды каналынан су алады. Канал 1972 жылы салынған. Канал басындағы су шығыны секундына 5 м³ құрайды, каналдың ұзындығы 66,3 км. Канал Жаңақала және Ақжайық аудандарының шаруашылықтарын сумен қамтамасыз етеді.

Жәнібек суармалау-суландыру жүйесі

Каналдардың шаруашылықаралық жүйесін құрайды, ұзындығы 76,2 км. Жүйе 1975 жылы салынды. Волгоград облысының Палласов суармалау-суландыру жүйесінен стационарлық насоспен су алады. Жәнібек суармалау-суландыру жүйесі Жәнібек ауданының 7 округі мен Бөкей Ордасы ауданының Мұратсай елді мекеніндегі 3539 га жүйелі, 6397 га көлтабандап суғару, 489,3 мың га жайылымдық алқаптарды сумен қамтамасыз етеді.

Сарыөзен суармалау-суландыру жүйесі

Жүйеге Варволомеєв, Казталов №1, Казталов №2, Мамаєв, Сарыөзен өзені, Варволомеєв, Казталов №1, Казталов №2, Мамаєв су қоймасынан тұратын көлтабандап суармалау-суландыру жүйесі кіреді. Су жинау Саратов облысының Варволомеєв су қоймасынан бастау алады. Жүйе облыстың 13 ауылдық округінің шаруа қожалықтарын және екі ауданның 1,8 мың га жүйелі, 44 мың га көлтабандап суғару, 327 мың га жайылымдық алқаптарды сумен қамтамасыз етеді.

Қараөзен суармалау-суландыру жүйесі

Жүйеге Қараөзен, Сарышаған және Айдархан су қоймаларынан тұратын каскад, Қараөзен, Баубек және Айдархан көлтабандап суармалау-суландыру жүйелері кіреді. Су жинау бөгетсіз, өзі ағады. Су Саратов каналынан Қараөзен өзеніне беріледі.

Жүйе 0,9 мың га жүйелі, 25,9 мың га көлтабан, 445 мың га суландырылатын жайылымдарды облыстың 2 ауданы мен 12 ауылдық округті сумен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар балық шаруашылығы мақсаты үшін жүйе бойынша Камыш-Самара өзендеріне су беріледі.

Жайық-Шалқар суармалау-суландыру жүйесі

Каналдардың шаруашылықаралық жүйесін құрайды, ұзындығы 42 км. Жүйе 1974 жылы салынған. Су жинау насосық станциясымен Жайық өзенінен басталады. Жүйе 3350 га жүйелі суғару, 25 мың га жайылымдық алқаптарды суландырады.

Сарыой каналы. Суландыратын канал, ұзындығы 39,5 км. Су жинау секундына 2 м³ су шығындап, Өлеңті көлтабандап суармалау-суландыру жүйесінен бастау алады. Каналдан Сырым ауданының 21,9 мың га жайылымдық алқаптары суландырылады.

Балықты Сокрыл су қоймасы. Құйылмалы басқарылатын су қоймасы. Сарыөзен өзенінің байланыс каналдарының суымен толтырылады. Казталов, Фурманов аудандарының территориясында орналасқан. 1981 жылы салынған. Толық көлемі 97 млн. м³ құрайды, айнасының ауданы 30 км². Казталов ауданының 14901 га көлтабандап суғару жерлерін суландырып отыр.

Сарышағанак су қоймасы. Сарыөзен өзенінде орналасқан. Қараөзеннің суымен толтырылады. Казталов ауданының территориясында Көктерек елді мекенінен 11,5 км қашықтықта орналасқан.

Бөгет 1937 жылы салынған. Айдархан су қоймасымен бірге пайдаланылады. Толық көлем 46,8 млн. м³, айнасының ауданы 19,3 км².

Казталов және Жаңақала аудандарындағы көлтабандап суғарудың 4190 га көлемін сумен қамтамасыз етеді.

Айдархан су қоймасы. Ұсақ сулы құйылмалы Қараөзен өзеніндегі су қоймасы. Жаңақала ауданының территориясында Айдархан елді мекенінен 3,5 км қашықтықта орналасқан. Су қоймасының толық көлемі 52,3 млн. м³, айнасының ауданы 55,7 км² құрайды. 1974 жылдан бері Сарышағанақ су қоймасымен бірге пайдаланылып келеді. Жаңақала және Казталов аудандарының 10052 га көлтабанын, жайылымдарын суландырады. Суландырғаннан кейін көлтабан ретінде қызмет атқарады.

№ 1 Казталов су қоймасы. Сарыөзен өзенінен басқарылады. Казталов ауданының территориясында Казталовка елді мекенінен 9 км қашықтықта орналасқан. Варфоломеев және 2 Казталов су қоймаларымен жұмыс жасайды. Толық көлем 7,2 млн. м³, айнасының ауданы 2,7 км². 1977 жылы салынған. Казталов ауданындағы 8691 га көлтабандап суғару және жайылымдарды суландыру үшін қолданылады.

№2 Казталов су қоймасы. Сарыөзен өзенінде реттеледі. Казталовка ауданында Казталовка елді мекенінен 45 км қашықтықта орналасқан. №1 Казталов және Мамаев су қоймаларымен бірге пайдаланылады. Толық көлем 3,5 млн. м³, айнасының ауданы 2,1 км², 1975 жылы салынған. Казталов ауданындағы 3611 га көлтабанды және жайылымдарды сумен қамтамасыз етеді.

Бағырлай су қоймасы. Бағырлай өзеніндегі төрт су қоймасының каскадынан тұрады. Су қоймасы Ақжайық ауданының территориясында орналасқан, Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінен сумен қамтамасыз етіледі. Ақжайық ауданындағы жайылымдық алқаптарды суландыру мақсатында 1965 жылы салынған.

Су қоймаларының көлемдері №1 – 2 млн. м³, №2 – 3,6 млн. м³, №3 – 4,6 млн. м³, №4 – 4,3 млн. м³, айнасының аудандары №1 – 1,9 км², №2 – 3,5 км², №3 – 3,6 км², №4 – 5,4 км². №4 Бағырлай су қоймасынан Атырау облысын суғару үшін су беріледі.

Мұратсай су қоймасы. Мұратсай балкасынан басқарылады. Бөкей Ордасының Мұратсай ауылдық округінде орналасқан. Толық көлем 16,2 млн. м³. Жәнібек суармалау-суландыру жүйесінен су беріледі. Бөкей Ордасы ауданындағы Мұратсай елді мекенінің 1059 га көлтабандап суғару жүйесін сумен қамтамасыз етеді.

Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Жалпақтал ауылынан жоғары орналасқан Қараөзен су қоймасының құрылысы қарастырылуда. Жобалаушы «Уралводпроект» ЖШС Орал қаласы. Жоба 2024 жылдың қазан айында мемлекеттік сараптамаға тапсырылды.

5. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КӨЛТАБАНДАРЫ

Батыс Қазақстан территориясының ерекшелігі – жылдың құрғақшылығына тәуелді ауылшаруашылық өндірісі. Құрғақшылық жылдары дақылдардың және мал азығының қоры күрт азаяды. Сондықтан жер қорының басым бөлігі жайылымдық және шабындық алқаптары. Облыста жайылымдық және шабындық алқаптарды пайдаланатын агроөнеркәсібінің мал шаруашылығы саласы кеңінен тараған. Бұл жағдай республика көлемінде облысты мал шаруашылығының дамыған аймағы ретінде санауға мүмкіндік берді.

Жер реформасының қарқынды жүргізілуіне байланысты облыста жерге жеке меншік құқығының біртіндеп кеңеюіне әкелді. Реформаның нәтижесінде 2006 жылдың 1-қарашадағы мәліметтер бойынша 4104 шаруа қожалығы, 205 мемлекеттік емес ауыл шаруашылық ұйымдары, 172 акционерлік қоғам, 13 ауылшаруашылық кооперативтері, 20 басқа да мемлекеттік емес ауылшаруашылық ұйымдары құрылды. Шаруа қожалықтарына 2494,8 мың га жер пайдалануға берілсе, оның ішінде 2486,6 мың га жер ауылшаруашылық алқаптарына тиесілі. Көптеген шаруа қожалықтарының аудандары 50-300 га шамасында, бұл көрсеткіштер ауыспалы егістікті өңдеу кезінде алдыңғы қатарлы жерді өңдеу және қорғау технологияларын пайдалануға мүмкіндік бермей отыр.

Ауыл шаруашылығы өндірісін реформалау кезінде мал шаруашылығы ұсақ тауарлы сипатқа ие болып, тиімді даму жолына түсті. Облыстағы көптеген шаруа қожалықтары асыл тұқымды мал өсірумен айналыса бастады. Мал басының санының көбеюі азықтық қорды қайта қараумен қатар табиғи шабындықтардағы шөп сапасын жақсарту міндеттерін қойды. Табиғи шөппен қоректендірілген мал етінің сапасы жасанды орында қоректендірілген мал етінің сапасынан жақсы болып, бидайдан кейін әлемдік нарықта басқа мемлекет қатарына қосылуға мүмкіндік береді.

Көлтабандап суғарудың топырақ жамылғысы шалғындық, шалғынды-каштан және ашық каштан топырақтарымен ерекшеленеді. Қазіргі уақытта көлтабандардың барлық көлемі табиғи шөпті өндіру мақсатында пайдаланылады.

Облыстағы көлтабандап суғарудың көлемдері мен олардың әкімшілік бірлікке жатқызылуы, суармалау-суландыру жүйесіне байланыстылығы 6-кестеде көрсетілген.

Инженерлік көлтабандардың басым бөлігі облыстың құрғақ дала және шөлейт аймақтарында Акжайық, Жаңақала, Казталов, Сырым және Каратөбе аудандарында жобаланған.

6-кесте – Батыс Қазақстан облысындағы көлтабандап суғару танаптары (инженерлік суармалау-суландыру жүйелері бойынша)

Аудан	Округтар мен көлтабандардың атауы	Көлемі	ССЖ
1	2	3	4
Ақжайық ауданы	Жайық-Көшім ССЖ	39348	Первомай МК
	Алғабас а/о №50 көлтабан	502	
	Жанабұлақ а/о (Родник Новый)	1707	
	№ 51 көлтабан	1425	
	Тащан-Құдық көлтабаны	282	
	Қабыршақты а/о (Первомайский) № 52 көлтабан	899	
	Жамбыл а/о	4529	
	№ 53 көлтабан	3296	
	№ 54 көлтабан	733	
	Көпбол көлтабаны	500	
	Бударин а/о (Чуйкова) 10 алқаптық ауыспалы егіс	392	
	Бударин а/о (Чуйкова)	1932	Бударин МК
	№28 көлтабан	648	
	№ 29 көлтабан	517	
	№ 30 көлтабан	767	
	Жанабұлақ а/о (Родник-Новый)	2293	
	№ 31 көлтабан	1716	
	Керей-Загон көлтабан	577	
	Мерген а/о (Куйбышева)	2603	
	№ 37 көлтабан	1071	
	№ 40 көлтабан	336	
	Жайық а/о № 36 көлтабан	371	
	Ақжол а/о	1910	
	№ 38 көлтабан	1698	
	Ефим-Коль көлтабан	212	
	Мерген а/о Юлаев көлтабаны	390	Сай-Грачи каналы
	Алғабас а/о	5789	Киров-Шежін МК
	№ 25 көлтабан	2136	
	№ 26 көлтабан	1337	
	Соркөл көлтабаны	1138	
	Мосағаш көлтабаны	1178	

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Ақжол а/о (Лбищенский)	5384	Тайпақ МК
	№ 41 көлтабан	2233	
	Қарасу көлтабаны	1701	
	Барсы-Құдық көлтабаны	1450	
	Ақсуат а/о (Мендалиева)	2504	
	№ 43 көлтабан	1072	
	Қосауыз көлтабаны	310	
	Алтынбек көлтабаны	410	
	Көкжал көлтабаны	712	
	Алмалы а/о (Котельниковский)	3929	
	№ 46 көлтабан	1380	
	Астау көлтабаны	344	
	Бесағаш көлтабаны	1600	
	Қоскөл көлтабаны	605	
	Тайпақ а/о (Красноярский)	2682	
	№ 49 көлтабан	2338	
	Махат табиғи көлтабаны	344	
	Көшім өзені Алғабас а/о	644	
	Жамбыл а/о лиман Ақкөл, Таймас көлтабаны	888	Дюра-Балықты каналы
	Құрайлысай а/о (Караултобинский)	15500	Азнабай-Тайпақ жүйесі
	Аудан бойынша барлығы	54848	
Берлі ауданы	Киров а/о (Кирова)	424	Қарағанды жүйесі
	Григорьев а/о (Красный Маяк)	250	
	Ақсу а/о (Аксуский)	426	
	Ақсус а/о Ақбұлақ көлтабаны	1368	
	Илек жүйесі Березов а/о	4293	
	Жарсуат а/о (Победа)	1675	
	Аудан бойынша барлығы	8436	
Жәнібек ауданы	Борсы а/о (Иксанова)	2037	Ащы-Өзек жүйесі
	Ақоба а/о (Ақоба)	1000	
	Жақсыбай а/о (Жақсыбай)	1500	Жақсыбай жүйесі
	Қамысты а/о (Камыста)	383	Калинин жүйесі
	Борсы а/о (Иксанова)	2927	

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Қамысты а/о (Камыста)	1240	Жәнібек жүйесі
	Тау а/о (Кайрат)	2820	
	Ақоба а/о (Ақоба)	700	
	Күйгенкөл а/о (Жарокова)	636	
	Аудан бойынша барлығы	13243	
Жаңақала ауданы	Жаңажол а/о (Айдарханский)	5637	Айдар- хан ССЖ
	Восточный көлтабаны	953	
	Айдархан көлтабаны	864	
	Мокринский көлтабаны	1104	
	Бисекеш-Тоғай көлтабаны	750	
	Приплотинный көлтабаны	1180	
	Саунке-Центральный көлтабаны	786	
	Маштексай а/о	1435	
	Восточный көлтабаны	1120	
	Саунке-Центральный көлтабаны	315	
	Жанажол а/о Баубек көлтабаны	2690	
	Маштексай а/о	145	Фурман МК
	Жайық-Көшім ССЖ	38443	
	Пятимар а/о	4882	
	№ 56 көлтабан	4252	Тайпақ МК
	Керей каналындағы көлтабан	630	
	Қызылоба а/о (Исатай)	21656	
	№ 42 көлтабан	2608	
	№ 45 көлтабан	1364	
	Төртқұлақ көлтабаны	2860	
	Қарасу көлтабаны	13704	Пятимар су қоймасы
	Тақыроба көлтабаны	1100	
	Пятимар а/о Бесоба көлтабаны	1100	
	Қызылоба а/о Жоғарғы Санкибай	3367	
	Бірлік а/о	7438	
	Төменгі Санкибай көлтабаны	4938	
	Бірлік көлтабаны	2500	
	Аудан бойынша барлығы	48350	
Байтерек ауданы	Көшім а/о	2500	Шаған ағыны
	Переметное а/о (Каменский)	700	
	Круглоозерное а/о (Фрунзе)	1300	
	Краснов а/о	170	
	Аудан бойынша барлығы	4670	

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
Казталов ауданы	Қараоба а/о	6794	Варфоломеев көлтабандары
	Қошанкөл а/о	4265	
	Тереңкөл а/о	3181	
	(Подхоз)	400	
	Бірлік а/о	208	
	1 Казталов г/ла көлтабаны	8691	Сарыөзен көлтабандары
	Казталов а/о	4784	
	Бостандық а/о	2398	
	Бірлік а/о	1509	
	Бірлік а/о	994	Казталов көлтабаны
	Жаңажол а/о	2617	
	Сокрыл көлтабаны	14901	
	Жаңажол а/о (Аккульский)	4855	
	Көктерек а/о	6741	
	Қарасу а/о (Жулдузский)	3305	Мамаев көлтабаны
	Көктерек а/о	1535	
	Қарасу а/о (Жулдузский)	432	Қараөзен жүйесі
	Қараөзен а /о	6500	
	Қарасу а/о	5000	Айдархан ССЖ
	Приплотинный көлтабаны	2980	
	Қараөзен а /о	317	
	Қарасу а/о	2663	
	Баубек Караузенский а/о	1500	Жайық-Көшім ССЖ Фурманов МК
	Жалпақтал а/о (Фурмановский)	6059	
	№ 55 көлтабан	3789	
	Сарчункей, Ихлас көлтабаны	1270	
	Карасарт, Истемис көлтабаны	1000	
	Талдыапан а/о (Сарыкудук)	2000	
	Аудан бойынша барлығы	68411	Қалдығайты жүйесі
Қаратөбе ауданы	Шөптыкөл а/о	6213	
	Саралжын а/о	1567	Төменгі-Қалдығайты ж-сі
	Сулыкөл а/о (Калдыгайтинский)	2210	
	Сулыкөл а/о	3945	Жаксыбай жүйесі
	Аққозы а/о	1955	
	Саралжын а/о	4100	
	Қаратөбе а/о	364	

6-кестенің жалғасы

1	2	3	4
	Аудан бойынша барлығы	20354	
Сырым ауданы	Қособа а/о	7773	Өленті жүйесі
	Бұлан а/о (Чедыртинский)	1412	
	Талдыбұлақ а/о (24 партсъезд)	1115	
	Жетікөл жүйесі	6600	
	Жетікөл а/о	6050	
	Қособа а/о	550	
	Бұлдырты а/о	1500	Жоғарғы жүйесі
	Сарыой а/о (Абая)	2900	
	Қарамола-Шамиль көлтабаны Сарыой а/о	2000	
	Аралтөбе а/о (Джамбейтинский)	1112	Ащысай жүйесі
	Бұлан а/о (Чедыртинский)	688	
	Талдыбұлақ а/о л. Ағаш-Көл	300	
	Алғабас а/о ҚызылТу	600	
	Талдыбұлақ а/о	260	
	Талдыбұлақ а/о Бектау көлтабаны	1037	
	Бұлан а/о. Бұлан көлтабаны	410	
	Сарыой а/о Жымпиты өзені көлтабаны	1500	
	Аудан бойынша барлығы	29897	
Тасқала ауданы	№ 39 көлтабаны Кошин а/о	812	Киров-Шежін МК
	Аудан бойынша барлығы	812	
Теректі ауданы	Аңкаты а/о	2045	
	Аудан бойынша барлығы	2045	
Шыңғырлау ауданы	Ащы өзеніндегі көлтабан	4074	
	Қызылкөл а/о	1707	
	Ащысай а/о	2367	
	Илек өзені көлтабаны Қызылкөл а/о	1764	
	Аудан бойынша барлығы	5838	
Орал	Ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы	50	
	Облыс бойынша барлығы	256954	
	Жайық-Көшім ССЖ	87066	
	Жәнібек ССЖ	4760	
	Қараөзен ССЖ	25887	
	Сарыөзен ССЖ	44018	

Көлтабандап суғару алқаптары жергілікті өзендер бассейніне негізделеді. Өзендер бойынша пайыздық үлесі 7-кестеде келтірілген.

7-кесте – Көлтабандап суғару алқаптарының өзендер бойынша пайыздық үлесі

Өзен бассейндері	Ауданы, мың гектар	Пайыздық үлесі, %
Жайық өзені	108,0	42,03
Еділ өзені	4,8	1,87
Сарыөзен және Қараөзен өзендері	78,4	30,51
Өлеңті өзені	29,5	11,49
Бұлдырты өзені	15,9	6,19
Қалдығайты өзені	14,3	5,57
Жақсыбай өзені	6,0	2,34

Көлтабандап суғару алқаптарының суармалау-суландыру жүйелеріне негізделуі 8-кестеде келтірілген.

8-кесте – Көлтабандап суғару алқаптарының суармалау-суландыру жүйелеріне негізделуі

Суармалау-суландыру жүйелері	Ауданы, мың гектар	Пайыздық үлесі, %
Жайық-Көшім ССЖ	87,1	33,91
Сарыөзен ССЖ	44,0	17,13
Қараөзен ССЖ	25,9	10,09
Өлеңті өзені ССЖ	10,3	4,01
Қалдығайты өзені	3,9	1,52

Облыс аймағындағы көлтабандар шалғынды, шалғынды-қызғылт және ашық қызғылт топырақ жамылғысымен қамтылғын жерлерде орналасқан. Көлтабандарда астық тұқымдас дақылдар (жатаған бидайық, кәдімгі субидайық, түлкікұйрық, қарабас шалғын, арпабас), қияқөлеңдер (жіңішке жапырақты қияқөлең, қара сабаққияқөлең, көл қамыс, бүлдірген қамыс теңіздік) және алуан шөптесіндер (қоға жіңішке сабақ, бақажапырақ жолжарбақ және т.б.) кенінен таралған.

Көлтабандардағы табиғи өсімдіктердің түрі мен өнімі сол аймақтағы жерасты суының деңгейі мен тұздылығына байланысты. Негізгі аймақта жерасты сулары 125-400 см тереңдікте орналасады. Жерасты суының тұздылығы 0,5 г/л-ден 40 г/л дейін байқалды. Көлтабандап суғару және көлтабандарды сумен бастыру нормасы су жіберер алдында жерасты суларының орналасу тереңдігі мен минералдануына байланысты. Жайық-Көшім ССЖ-дегі көлтабанды сумен толтыру 3-суретте көрсетілген.



3-сурет – № 50 көлтабанды сумен толтыру

Бидайық және субидайық табиғи өсімдіктері басым болатын шалғынды және шалғынды-қызғылт топырақтарда көлтабандарды 2500-4500 м³/га мөлшерде суғарғанда топырақтың екінші қайтара сортаңдануы қауіпі байқалмайды. Көлтабандап суғару нормасы танаптағы судың басуы мен жер бедеріне байланысты қалыптасады.

Су құйғаннан кейін жерасты суларының тұщы «жастығы» пайда болады, ол тұзды жерасты суларының топырақтың беткі қабатына көтерілуіне кедергі болады. Шөп орған мезгілде тұщы су «жастығы» жойылады. Шөп орудан нөлден төмен ауа райы қалыптасқанға дейін топырақтың жоғарғы метрлік қабатында тұздар құрылымының артуы байқалады. Ерте көктемдік кезеңде көлтабандарға су құйғанда көлтабандардың топырағының жоғарғы қабаты тұщыланады.

Облыстағы көлтабандап суғару территорияларын сумен толтырғаннан кейін жерасты суларының көтерілуі байқалады. Тереңдікте жатуына қарай сумен толтыру алдында жерасты суларының тереңдігі 1,25-1,30 м болса, су толтырғаннан кейін олар топырақтың беткі қабатына дейін көтеріледі. Мұндай жағдайда су толтыру кезінде топырақтың беткі бөлігінде су қабаты пайда болады.

Көлтабандарды пайдаланудың көпжылдық тәжірибесі топырақты механикалық өңдеудің өсірілетін дақылдар үшін тиімсіз екенін дәлелдеп отыр. Дегенмен жер иеленушілердің қалауларына қарай дақылдарды өсіруге көлтабандап суғаруды пайдалану тек олардың мелиоративтік жағдайын ескеру арқылы мүмкін болады.

Егілген ауылшаруашылық дақылдарын өндіру кезінде топырақтың екінші реттік тұздануын алдын алу мақсатында көлтабандап суғару құрылысын әлсіз минералданған каштан немесе шалғынды-каштан топырақты алқаптарға салу керек.

6. КӨЛТАБАНДАП СУҒАРУ – МАЛ АЗЫҒЫ ӨНДІРІСІНІҢ ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛДІГІ

6.1 Көлтабандап суғарудағы зерттеулер

Көлтабандап суғару топырақты ылғалдандыру үшін көктемгі ағынды және өзендердің су тасқыны суларын барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, энергошығандарын аз тұтыну жағдайында жем-шөп өндірудің тұрақты деңгейін қамтамасыз етеді және аймақтың экологиялық-мелиоративтік жағдайын жақсартады.

Көлтабандап суғарудың артықшылығы: суғару жүйелерін жобалау мен пайдаланудың қарапайымдылығы, құрылыс жұмыстарының өзіндік құнының төмендігі, су деңгейін көтеру үшін механикалық энергияны пайдаланбай көлтабанды пайдалану мүмкіндігі, ішкі су айналымын жоғарылату, топырақ эрозиясын азайту мүмкіндігі.

Көлтабандап суғарудың кемшілігі: тек көктемгі мезгілде топырақты ылғалдандыру; жер бедерін, топырақты, жерасты суларын және ауылшаруашылық дақылдарын қолдану шарттары бойынша шектеулі пайдалану; ағынды сулардың ауытқуы салдарынан суғармалы жерлер көлемінің өзгеруі; топырақтың тегістей ылғалдандырылмауы; топырақтың тұздануға және батпақтануға бейімділігі.

Кемшіліктерге қарамастан, көлтабандап суғару су қоймаларының еріген және резервтік суын пайдалану тәсілі ретінде ең қолжетімді, арзан және өте тиімді әдісі болып табылады, ылғалдандырылуы тұрақсыз және құрғақ жерлерде мал шаруашылығының азық қорын құрады. Бірақ, көлтабандап суғармалы жерлердің ауылшаруашылықта пайдалану бағыттары ауылшаруашылық жерлерінің ерекшеліктеріне ғана емес, сондай-ақ, көлтабандардың түріне, олардың тереңдігі мен сумен бастыру ұзақтығына, топырақтық-гидрогеологиялық жағдайларына және тұз режиміне байланысты.

Көп жылдар бойы УралНИИВХ, ВолжНИИГиМ, КазНИИВХ, Саратов, Волгоград және Қорған ауыл шаруашылығы институттары, көптеген тәжірибелік станциялардың ғалымдары көлтабандап суғарудың тиімді пайдалану және ғылыми-әдістемелік негіздерін құру мәселелеріне қатысты сұрақтармен айналысты.

Көлтабандардың ғылыми дәлелденген мелиоративтік негіздері көрнекті ғалымдар А.Н. Костяков, Б.А. Шумаков, И.А. Кузник, И.П. Айдаров, Б.И. Тоқтаровтармен қалыптастырылған [16-31]. Ғалымдар Ларин И.В., Сабиров М.С., Матц А.Ф., Фетисов И.М. әртүрлі жылдарда Қазақстан Республикасында көлтабандап суғарудың жай-күйін зерттеді [32-47].

Белгілі ғалымдар Б.Б. Шумаков, А.Г. Ларионов, В.Ф. Мамин көлтабандап суғарудың әртүрлі аспектілерін зерттеген, табиғи және

жасанды көлтабандарды тиімді пайдалану үшін олардың мелиоративтік жағдайын зерттеу үлкен ғылыми және тәжірибелік қызығушылыққа ие деп есептейді [48-60].

Көлтабандағы табиғи шөп өнімділігін арттыру сұрақтарымен айналысқан К.А. Аубакиров, А.М. Демин, Н.А. Мосиенко, Н.М. Пересыпкина, А.А. Плешаковтардың жұмыстары да аталған бағыттарға арналады [61-78]. Н.Г. Воронин, Д.М. Кац, Р.Э. Кригерлер өз зерттеулерінде көлтабанды учаскелердің гидрологиялық және гидрогеологиялық жағдайларының теориялық негіздерін салған [79-83].

Доскач А.Г. Батыс Қазақстандағы мал азықтық мәселесін шешу шалғынды және шалғынды каштан топырақтарындағы шөптердің өнімділігін арттыруға бағытталған агротехникалық және гидротехникалық шаралар кешендерін қолданудың тиімділігіне байланысты деп санайды [84].

Б.И. Туктаров соңғы жылдарда экологиялық және мелиорациялық жағдайының күрт нашарлауы салдарынан көлтабандар өнімділігінің төмендеуін атап өтті. В.А. Соловьевтың пайымдауынша жергілікті ағынның төмендеуі қазіргі кездегі даланың және шалғындардың ксерофитизациясының себебі болып табылады [85].

Н.И. Яковенконың пікірі бойынша, көптеген жылдар бойы сумен басылмаған және іс жүзінде өнімі аз сортаң жайылымдарға ұшыраған көлтабанды шөптің тез қалпына келуі мүмкін. Мұндай көлтабандардың сумен қамтылуын қалпына келтіру көптеген бағалы өсімдіктердің пайда болуына алып келеді [86, 87]. В.Ф. Мамин және Л.Ф. Савельев шалғынды шабындықтардың жоғары өнімділігін сақтау және табиғи су ресурстарын ұтымды пайдалану қажеттілігіне назар аударады, қазіргі заманғы көлтабандарда геоботаникалық жағдайы антропогендік факторларға және жерді жақсартуға байланысты екендігін көрсетеді. И.В. Ларин өсімдік жамылғысын зерттегенде биологиялық және экономикалық өнімділікке назар аударуды ұсынады.

Көлтабандап суғару жерлерін құнарландырудың агроэкологиялық негіздері, суғармалы жерлерді агроөнеркәсіптік әдіспен сақтау, фитомелиоративті әдістердің тиімділігі және көлтабандап суғару жағдайында әртүрлі ауыспалы егіс құрамында бейімделгіш жоғары өнімді жемдік дақылдарды өсіру кезінде құнарлықты жоғарылату тиімділігі Туктаров Б.И., Ермилов В.П. және С.Н. Косолаповтың коллективті монографияларында қарастырылған.

Көлтабандап суғарудағы ауыспалы егістік жүйесінде ауылшаруашылық дақылдарын суғарудың ресурс үнемдеуші жүргілері Б.И. Туктаров және В.А. Хайландтың жұмыстарында анықталған.

Тасқын сумен бастыру – ең көне және кеңінен қолданылатын суғару әдістерінің бірі (Суо және т.б., 2019). Ауылшаруашылық жерлерін сумен бастыру суғарудың арзан және тиімді әдісі ретінде әртүрлі континенттерде барлық жерде қолданылады [88].

Америка Құрама Штаттарының батысында су тасқынымен суғарылатын шөптер мен жайылым жерлер 1900 жылдардың басынан бері тауаралық батыс аймағындағы мал азығының маңызды көзі болды (Sketch және т.б., 2020) [89].

Құрғақ және жартылай құрғақ Африкада шамамен 25 миллион гектар су тасқыны суғару арқылы суғарылады (Zenebe және т.б., 2022) [90].

Қытайдың солтүстік-батысында көптеген аумақтар жерүсті және жерасты суларын аралас пайдалану арқылы суғарылады, жерүсті суларының көп бөлігі каналдар жүйесімен беріледі және су тасқыны арқылы суғарылады (Cheng және т.б., 2021) [91].

Әдейі сумен бастыру – топырақтың химиялық, физикалық және биологиялық қасиеттеріне әсер ететін агроэкологиялық және гидрологиялық процестерді басқарудың маңызды құралы.

Топырақтың су басуы қоректік заттардың құрамындағы елеулі өзгерістерге әкеледі. Бақылаулы сумен бастыру топырақтың су ұстау қабілетін арттыру арқылы азот, фосфор және калийдің қозғалғыштығын арттырады.

Ұқсас нәтижелер Tomasek, Hondzo, Kozarek және басқаларында (2019) байқалды, онда органикалық топырақтың су басуы азот тотығының ыстық нүктелерінің пайда болуына ықпал етті [92]. Сонымен қатар, Rupngam және Messiga (2024) зерттеуі су тасқыны еріген органикалық көміртегінің мөлшерін көбейтетінін атап өтті, бұл анаэробты жағдайлармен және органикалық заттардың ыдырауымен байланысты [93].

Stavi, Thevs және Priogі жұмыстары (2021) сумен бастырудың топырақ құрылымын жақсартатынын және тұздарды шаймалау және алмасатын натрий концентрациясын азайту арқылы сода тұздылығын төмендететінін көрсетеді [94].

Су басу тотығу-тотықсыздану жағдайларын және топырақтың қышқыл-негіз балансын (pH) өзгертеді. Sun, Chen, Chao (2007) айтуынша, анаэробты жағдайлардың әсерінен pH төмендейді және кадмий мен қорғасын сияқты ауыр металдардың қозғалғыштығы артады [95]. Бұл өзгерістер өсімдіктердің өсу жағдайларын, әсіресе қышқыл топырақта жақсарту үшін маңызды.

Американдық ғалымдар Hailegnaw, Bayabil және Li (2023) зерттеуі топырақтың pH өзгеруіне байланысты экологиялық аспектілерді сипаттайды [96]. Бұл параметрлер су басқан жағдайларда қоректік заттар мен улы қосылыстарды мобилизациялау үшін өте маңызды.

Кейбір зерттеушілер (Rupngam және т.б., 2024; Hailegnaw және т.б., 2023) сумен бастырудың қоршаған ортаға әсерін сипаттайды, соның ішінде топырақ эрозиясының төмендеуі, топырақ құрылымының жақсаруы және құнарлылықтың жоғарылауы [93, 96]. Бірақ бұл өзгерістер сумен бастырудың ұзақтығына, судың сапасына және түріне байланысты.

Hailegnaw, Bayabil & Li (2023) жұмыстары сумен бастыруды дұрыс басқару топырақтың тұздылығының жоғарылауы немесе қышқылдану сияқты жағымсыз әсерлерді азайтуға және бұзылған жерлерді қалпына келтіруді оңтайландыруға болатынын көрсетеді [96].

Сумен бастыру топырақтағы аниондар мен катиондардың қайта бөлінуіне айтарлықтай әсер етеді. Salmasia және т.б. (2024) сумен бастыру кезінде судың таралуы топырақтың жоғарғы горизонттарынан хлоридтер мен сульфаттар сияқты аниондардың шайылуына ықпал ететінін көрсетті, бұл өсімдіктердің өсуіне жағдайды жақсартады [97]. Сонымен бірге кальций, магний және калий сияқты катиондардың болуы жоғарылайды, бұл метаболикалық процестердің жақсаруымен байланысты.

Krzis және т.б. (2021) сумен бастыру қалпына келтіру процестерін ынталандыратынын атап өтті, бұл катиондар құрамының өзгеруіне және тұзды топырақта натрий концентрациясының төмендеуіне әкеледі [98]. Бұл өзгерістер топырақтың құрылымына және оның су өткізгіштігіне жақсы әсер етеді.

Мал азығы өндірісін ұлғайту үшін сумен бастыру жүргілерін оңтайландыру, қалыпты экологиялық жағдайды сақтау және тұрақты, жоғары өнімді фитоценозды қалыптастыру арқылы топырақтың ылғал қорын ұлғайту қажетті шарт болып табылады (Bruinsma, 2012; Andrés және т.б., 2020; Nasiyev және т.б., 2019) [99, 100, 101].

Сумен бастырудың дұрыс жүргісі су басқан жерлерде бағалы өсімдіктердің көптеп пайда болуына ықпал етеді (Ongayev және т.б., 2016) [102]. Көптеген өсімдіктердің өмірлік циклінің маңызды жағдайларын дұрыс уақытпен белгілесе, су тасқынының жағымсыз әсерінен аулақ бола алады (Blom және т.б., 1996) [103].

Vuerich және басқалар (2024) су астында қалу тереңдігінің өсуі өсімдіктердің әртүрлігі мен биомассаның өсуіне теріс әсер ететінін анықтады [104]. Сумен бастыру уақытын ұлғайту өсімдіктердің өсуіне де теріс әсер етеді (Angelika, 2018), өйткені су тасқыны бірінші кезекте физикалық қасиеттерге байланысты өсімдік пен қоршаған орта арасындағы газдардың диффузиясын шектейді (Armstrong, 1980), гипоксияға әкелетін оттегі концентрациясының төмендеуіне әкеледі (Lee және т.б., 2011; Vashisht және т.б., 2011) [105, 106, 107, 108].

И.М. Фетисов және Б.С. Альжанова Батыс Қазақстанның инженерлік жүйелеріндегі сумен бастыру кезеңділігін зерттеумен айналысты [109]. Атап айтқанда, И.М. Фетисов және Б.С. Альжанова сумен бастырудың әртүрлі кезеңдерінде топырақтың физикалық-химиялық құрамының өзгеру

мәселелерін зерттеді. Көлтабандардың өнімділігі қысқа мерзімнен кейін сумен бастыру кезеңділігі тұрғысынан қаралды. Алайда, қазіргі заманғы жағдайда, көптеген инженерлік көлтабандарды су баспаған немесе едәуір үзілістен кейін су басқан. Бұл жағдай жердің экологиялық және мелиорациялық жағдайының өзгеруіне және көлтабанда табиғи шөптердің құлдырауына әкеледі.

Батыс Қазақстан облысының агроөнеркәсіп кешенінің негізгі қызметі мал шаруашылығын дамыту болып табылады, ол тұрақты жеммен қамтамасыз етуді талап етеді (Насиев және т.б., 2023; Насиев және т.б., 2014; Насиев және т.б., 2020) [110, 111, 112].

Ауыл шаруашылығы алқаптарын көктемгі тасқын суларымен бастыруды пайдалану мал азықтық шөптердің тұрақты өнімін алудың экономикалық тиімді және сенімді әдісі болып табылады. Жербеті су ресурстарының болуы көктемгі су тасқынын ауыл шаруашылығы жерлерін суғару үшін пайдалануға мүмкіндік береді (Оңаев және т.б., 2023; Оңаев және т.б., 2022) [113, 114].

Көлтабандардағы сілтіленген топырақты зерттеумен И.М. Фетисов, А. Марс айналысты [115].

Батыс Қазақстандағы алқаптық және жайылымдық шабындықтардың өнімділігін арттыру мәселесімен И.М. Фетисов, В.С. Кучеров және Р.Ж. Кожағалиева айналысты [116-119].

Қазіргі уақытта Батыс Қазақстанның шалғындарының далалану және ксерофилизациялану процесі жергілікті ағындардың төмендеуі мен оның реттелуіне және су жинау алаңының жыртылуына байланысты болып отыр. Каспий маңы ойпатының көп бөлігінде топырақтың төменгі қабаттарында ағынды суларын шаю жүргісінің жоқтығы және жерасты суларының төмендеуі топырақ тұздылығының артуына және топырақтың сортаңдауының пайда болуына алып келеді. Көлтабандарды тиісті сумен қамтамасыз ету жердің мелиорациялық жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Су басуы 10 жылдан астам уақыттай үзілісте болған және деградацияға ұшыраған көлтабандардағы табиғи шөптердің табиғи өнімділігін қалпына келтіру жолдарын іздеу зерттеулердің қазіргі кезеңіндегі негізгі міндеттер болып табылады.

Мониторингтік зерттеулер көрсеткендей, облыстағы суғару жүйелерінің көпшілігі сумен қамтамасыз етілуі тұрақты емес, бұл көлтабандық учаскелердегі азықтық құнарлы өсімдіктердің деградациялануының негізгі себебі болып табылады. Шетел әдебиетінде топырақтың тұздылығын, топырақтың құнарлылығын зерттеуге, агроэкожүйелерді зерделеуге арналған көптеген жұмыстар бар болса да, әлемдік тәжірибеде іс жүзінде көлтабандап суғару мәселесі көп зерттелмеген [120-129].

6.2 Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі көлтабандарының зерттелуі

Жайық-Көшім ССЖ-ің ірі алқаптарын топырақтық-мелиоративтік және гидрогеологиялық жағдайлары бойынша екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа табиғи ойпандарда шалғынды өсімдіктері бар жерлерге құрған алқаптары 20 мың га алып жататын жатаған бидайық, қылтанақсыз арпабас, субидайық өсетін көлтабандар кіреді. Екінші топта Каспий маңы ойпатындағы тұрпатты шөлейт жерлерде құрылған алқаптар қатары табылады. Олардың ауданы 30 мың га құрайды. Екінші топ алқаптары топырақтары негізінен ашық қызғылт сортаңданған ауыр саздақты құрылымсыз болады, су құйғанда күшті тығыздалатын болады. Ашық қызғылт топырақтар далалық сортаңдардың әртүрлі кешеніне ауысады. Далалық сортаңдар осы жүйеде 10-40% дейін топырақ кешенін алып жатыр. Ашық қызғылт топырақтарда және сортаңдардағы ірі танаптарда суғаруды ұйымдастыруға дейін қара жусан, селеу, мыңжапырақ, бетеге және т.б. ксерофитті өсімдіктер алып жатады. Бірінші топта көптеген танаптарда көлтабандап суғару ойпандарында құрылған, олардың оптималды суғарылуы аумақтың жергілікті ауданында қардың еруі және қалыптасуы кезеңіне сәйкес келеді. Кейбір алқаптарда су оптималды мерзімдерден кеш келеді, бұл үлкен арақашықтықтардағы суғару жүйесі бойынша суды жеткізу және жіберуге кететін уақыт шығынымен түсіндіріледі. Бірінші топ алқаптарының бөлігі азрация зонасының тұзын жуатын және 2-4 метр тереңдіктерінде орналасқан құйылуы тұщқылтым әлсіз сортаңданған жерасты суларының телімдерінде құрылған.

Жайық-Көшім ССЖ-ің зонасында азықтық дақылдарын өсіруде су және жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың міндеттерін шешу үшін 70-80 жылдары бірқатар мәселелерді анықтау бойынша мақсатты зерттеулер жүргізілді.

Көлтабандап суғаруда ауылшаруашылық мал азығы дақылдарының су тұтынуы, топыраққа әртүрлі сумен бастыру жүргісінің ықпалы зерттелген болатын.

Жұтылған негіздердің құрамы мен арақатынасы топырақтың агрономиялық қасиетіне және өсімдіктің өнімділігіне айтарлықтай ықпал жасайды. Олардың құрылымы топырақ құру процесінің ерекшеліктеріне байланысты бола отырып, ирригациялық және мелиорациялық іс-шараларға ықпал жасайды.

Әртүрлі қоңыр топырақтарда суландыру жүйесінің құрылымдық элементтерін таңдауға көмектесетін реттік және көлтабандап суғарудың қолайлы жүргілері, топырақ қабаттарының су-физикалық құрамы анықталды. Зерттеулер Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ғалымдарымен, И.М. Фетисовтың жетекшілігімен жүргізілді.

Олардың пікірінше облыстың қоңыр топырақ түрінде, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану, қабылданған әдістер мен техникасына байланысты. Жерүсті суғарудың әдістері мен техникасы сіңіру деңгейінің ұзақтылығына, санына қарай қолданылу керек, орташа сіңіру деңгейі, егістік мөлшері де осыған кіреді.

Жолақты суғарғанда сіңіру жылдамдығы α мерзімі мен жүргізілген суландырудың шайылу тереңдігіне байланысты. Қарықтап суғарғанда α суғару мерзіміне және шайылу тереңдігіне байланысты емес.

Өртүрлі механикалық құрамды ашық қоңыр, қоңыр, қара қоңыр топырақтарда α 60...80 см шайылу тереңдігінде 0,3...0,5 шамасында, келесіде 0,11...0,25, қарқынды суғарылатын 140...160 см шайылу тереңдігінде 0,2...0,3 болады. Қарықтап суғарғанда 60...80 және 140...160 см шайылу тереңдігінде α 0,6-0,9 тең.

Көлтабандағы су басқан алғашқы 8 сағатта шалғындық және шалғындық қоңыр және ауырсаздақты топырақтарда су сіңіргіштіктің тез төмендеуі байқалады. Алғашқы 8 сағатта 74-88% көлеміндегі су сіңіріледі, яғни ол көлтабаннан 48 сағатта құйылып, топырақ қабаттарына таралғаны. Екінші және келесі тәулікте тасығаннан, топыраққа сіңірілгенге дейінгі көлтабандап суғарудың мөлшері болып келетін су сіңіргіштік біркелкі көрсеткіштермен сипатталады.

Жолақтап, қарықтап, жаңбырлатып суғарған кезде, кешенді қоңыр топырақтарда әртүрлі сорлар болғанда, олардың сорлану дәрежесінің өнімділікке әсері және су шығынының сандық көрсеткіші анықталды. Кешенді қоңыр топырақ түрінде ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі және суғарғандағы су шығыны түріне, кешеннің топырағының сорлануына, суғару әдісіне байланысты. Сорларды және күшті сорланған топырақтарды жаңбырлатып суғарғанда, беттік суғаруға қарағанда өнімнің төмендеуіне және су шығынының жоғарылауына соқтырады.

Каспий қайраңындағы Батыс Қазақстан облысында көлтабандап суғару жүйесінде су және жер ресурстарын тиімді пайдалану, топырақтық мелиорациялық және гидрогеологиялық жағдайға, суғару түріне және шалғындық топырақтардың түріне, қоңыр топыраққа байланысты болады.

Топырақтың белсенді қабатында суғару алдында, ылғалдылықты 80-85-тен 70-75%-ға азайтқанда, мал азықтың дақылдардың өнімі 3,5-13,2%-ға, 70-75-тен 60-65% -ға азайтқанда, 26,7-37,6%-ға төмендейді, соған сай су пайдалану коэффициенті 1,2-14,4 және 34,4-57,5% жоғарылайды. Суғару алдындағы ылғалдылықты 60-65% етіп ұстағанда, суғарылатын жерлер эксплуатациясында су және жер ресурстарын тиімсіз пайдалануға әкеледі. Бұл жағдайда суғару жүйесінің экономикалық тиімділігін ескеру керек. Суғару мөлшері бойынша суғару жүйесін жобалау, орташа құрғақшылық жылынан аса құрғақшылық жылына әкеледі және орташа құрғақшылық жылдарының асқан құрғақшылық мерзімінде көптеген суғарулар жүргізуді

қажет етеді, бұл кезде суғару алдындағы топырақтың белсенді қабатының ылғалдылығы 60-65% және одан төмен болады.

Жайылымдардың жоғары деңгейлі өнімділігін қамтамасыз ететін, көлтабандап суғару мөлшері және қолайлы ұзақтығы, жерасты суларының минералдануына, тереңдігіне байланысты, гидрогеологиялық жағдайға байланысты 20-36 тәулікке және 3360-4650 м³/га дейін өзгереді.

Гидрогеологиялық жағдайға байланысты көлтабаннан аққан су мөлшерінің 20-37% беттік кебу жолымен жойылады. Көлтабандап суғарудың жүйесінде, су және жер ресурстарын тиімді пайдалану, көлтабандап суғарудың су беру мөлшерін дұрыс жобалауға және гидрогеологиялық жағдайдың әсерін есептеуге байланысты жүзеге асады.

Инженерлік көлтабандап суғару, жергілікті су ағысын дұрыс бөлу міндетін шешуі керек, яғни ол аумақтарда көпжылдық үзілісті болдырмауы қажет.

Көлтабандап суғарудың ағуының үзілісі табиғи шөптердің шалғындық шөпке шаққандағы азықтық құндылығының төмендеуіне соқтырады.

6.3 Көлтабандап суғарудың Өлеңті, Бұлдырты және Қалдығайты жүйелері

Өлеңті, Бұлдырты және Қалдығайтының көлтабандап суғарудың инженерлік жүйелері Өлеңті, Бұлдырты және Қалдығайты өзендерінде орналасқан. Бұл өзендер Батыс Қазақстанның Каспий қайраңының солтүстік бөлігінде ағады.

Механикалық құрамы бойынша топырақ ауырсаздақты ірі шанды тозанды бөліктерден тұрады. Жоғарғы қабатта топырақтың орта реакциясы әлсіз сілтілі.

Бұл жүйелерде ғылыми зерттеулер суғарудың көпжылдық үзілісінен кейін көлтабандардың өнімділігін қалпына келтіруге бағытталады, ал ағымдық тасулар топырақ құнарлығына, табиғи шөптердің өнімінің сапасына және өнімділігіне әсер етеді.

Ағымдық тасулардың табиғи шөптердің өнімділігіне әсерін анықтау және көлтабандап суғарудың мелиорациялық жағдайын зерттеу 2 кезеңде жүргізілді. Көлтабандап суғарудың табиғи шөптерге және топырақтың құнарлылығына әсерін зерттеу бойынша тәжірибені 1970-1972 жылдары И.М. Фетисов жүргізді, зерттеудің екінші кезеңі 1993-1997 жылдары Б.С. Альжанованың көмегімен жүргізілді.

Каспий маңы ойпатының көлтабандарында таралу тереңдігі және жерасты суларының минералдануы жылдың жылы мерзімінде жақсы нәтиже көрсетті. Ерте көктемгі ағыстар кезінде, өзен суларының тасуы кезінде жерасты суы 0,5-1,0 метрге көтеріледі. Бұл тасулардан өнімді

жинағанша, жерасты сулары бастапқы тереңдігіне (1,5-4,0 м) дейін төмендейді.

Көп жыл бойы сумен бастыру болмағанда жерасты сулары 2,0-4,0 м тереңдікте тұрақталады және олардың минералдануы аса өзгермейді. Жүргізілген зерттеулердің көрсетуі бойынша жиырма жылдық үзілістер жерасты суларының минералдануын аса өзгертпейді.

Өзендердің көлтабандарын қалпына келтіруде көлтабандап суғарудың жүргісін өзгертудің қажеттілігі жоқ.

Табиғи шөптердің өнімділігі белгілі дәрежеде көлтабандап суғару топырағының қоректік режиміне байланысты. Каспий қайранының өзендері құятын шалғындық топырақтар астық тұқымдас шөптерден жоғары өнім береді.

Көлтабан топырағын органикалық затпен қамтамасыз еткенде, қарашірінді қабатының күштілігі артады. Зерттеу нәтижелерінің көрсеткені, көлтабандардың жүйелі түрде тасуы шалғын топырағының 0-40 см қабатындағы қарашіріндіге оң әсерін тигізеді.

Жүйелі түрде сумен бастырылғанда шалғын топырағының тұздануы қарашірікке аса әсер етпейді және жалпы азотқа, жылжымалы фосфорға және алмаспалы калийге де қатты әсерін тигізбейді.

Шалғындық тұзданбаған және тұзданған топырақтың химиялық құрамы бойынша анықталған көрсеткіштері шамалас келеді. 1972 жылы шалғындық тұздалған топырақтардың 0,40 см қабатында 2,25% қарашірік, 0,098% жалпы азот, 100 г топырақта 2,07 мг жылжымалы фосфор, 100 г топырақта 46,13 мг алмаспалы калий болды. 1993 жылы жүйелі түрде құю болғанда, бұл көрсеткіштер 2,26; 0,077; 2,12; 45,2 тең болады, тасу болмағанда 2,17; 0,055; 2,01; 42,2 тең болады.

Шалғын топырақтарында көлтабандарға су келмегенде, қарашірік аса төмендемейді.

Жүйелі түрде құятын су болғанда, қарашіріндінің төмендеуі байқалмады.

Көлтабандардың қар суларымен толығуы, топырақтың тұздану режиміне үлкен әсер етеді. Көлтабандардың топырақтарындағы орташа тұздану ағыстарға, су басу мөлшеріне, жерасты суларының минералдануына, топырақ қабатының шымдануына және т.б. байланысты.

Шалғын және қоңыр шалғынды топырақтарда жерасты сулары 3,1-3,4 метрде, күзгі мерзімде минералдануы 38-45 г/л шамасында болатыны анықталды.

100 см тереңдікке дейін топырақтың тұзданбауы қатты және 3,0-3,8 м тереңдікте әлсіз минералданған жерасты суларында қалыптасады. Тұзданған шалғын және шалғындық-қоңыр топырақтарда, сонымен қатар шалғындық сорларда хлоридті, хлоридті-сульфатты, сульфатты-хлоридті тұздану түрі анықталды, тұзданбаған шалғын және шалғындық-қоңыр топырақтарда хлоридті-сульфатты тұздану түрі анықталды.

Сумен бастырылған көлтабандардың ирригациялық сапасы жақсы. Су басқанда тамыр орналасқан қабат қаттыланады, төмен орналасқан қабаттарда тұздардың таралуы жүреді. Күшті минералданған суларда және шығын көп болатын жағдайда, күзгі мерзімде топырақтың тұздануы жүреді.

Оптималды жүйелендірілген көлтабандық танаптарында күз уақытындағы жерасты суларының минералдануы $40,0 \pm 3,46$ г/л шегінде болады.

Табиғи шөп балаусасының жоғары өнімін алу көлтабандап суғаруға шаю жолымен су жіберу рөл атқаратынымен түсіндіріледі. Жыл сайынғы суға толтыруда көлтабандарда азрация зонасындағы сортаңданған топырақ сызынан тұздарды шаю жүреді, сиз суларының үстінен тұщы сулар «жастығы» қалыптасып, вегетациялық өсімінің жетілуі кезінде өсімдіктің тамыр жүйесіне тұздардың енбеуіне тосқауыл болады. Жылы және ыстық ауа райының басталуымен судың булануы мен ұшуынан сиз суларының деңгейі төмендеп, оның үстіндегі тұщы су «жастығы» жойылады. Өнімді жинағаннан бастап теріс температураның басталуына дейін жоғары қабаттарында тұздың интенсивті қорлануы жүреді.

Табиғи шөп шабынының мол өнімін қалыптастырудың тағы бір себебі, сортаңданған топырақтарға күшті минералданған жерасты суларының құйылысына жақын астық тұқымдас шөптесін өсімдіктердің (жатаған бидайық, қарапайым субидайық, тарбиған ақмамық) өсуімен, көлтабандарда олардың жоғары ылғалдылығының әсерімен топырақ қабатының үлкен сортаңдануын ұстайтындығы болып табылады.

Жиырма жылдық суғарудың болмауы жерасты суларының деңгейі мен сапасына және топырақтың құрамдық ерекшеліктеріне айтарлықтай өзгерістер енгізбесе де, табиғи шөп балаусасының өнімділігіне және геоботаникалық жай күйіне, сонымен қатар шабын сапасына белгілі бір дәрежеде кері әсерін тигізеді. Себебі азықтық жағынан құнды бидайық-субидайық шөп балаусасы төмен азықтық сапаға ие болатын аз өнімді ксерофитті алуан шөптесіндерге айналады. Сумен басудың тоқтатылуынан көлтабан шөп балаусасындағы алуан түрлі шөптесін өсімдік үлесінің артуына, өсімдік жамылғысының сиректелуіне алып келеді. Көлтабандап суғарудың болмауынан көлтабан топырақтарындағы табиғи шөп балаусасының өнімділігі жүйелі суғаруға қарағанда 5-8 есе кем болады.

Табиғи шөп жамылғысының өнімділігі көлемін, құйылу тереңдіктерін, жерасты суларының минералдануын, топырақ сортаңдануы көрсеткіштерін талдай отырып, көпжылдық суғарудың болмауынан табиғи шөп жамылғысы шабыны өнімділігінің төмендеуі, біріншіден топырақ қабатында оңтайлы тиімді ылғалдың болмауынан келіп туындайды. Бірақ сумен ұзақ уақыт бастырылмауы жерасты суларының деңгейі мен минералдануына өзгеріс енгізе алмаса, ал танаптағы өсімдіктердің өнімділігі мен геоботаникалық құрамының өзгеруіне қарамастан

көлтабандап суғаруды қайта жаңғырту барысында шөп жамылғысының өнімділігі қайта қалпына келтірілетін болады.

Шалғынды және шалғынды-қызғылт топырақта көлтабандап суғарудың оптималды үлесіне қарай, топырақ суларының құйылу тереңдігі мен минералдануына қарай жоғары азықтық табиғи шөп жамылғысының шабынынан жоғары өнімді алуға мүмкіндік береді.

Көлтабандап суғарудың табиғи ресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану аспектісі азықты биохимиялық талдаудан, топырақтың химиялық қасиеттерін талдаудан, топырақ қабатында жұтылған негіздердің өзгеру қарқынын қараудан тұратын геоботаникалық түсірістер негізінде бекітіледі. Жүйелі оптималды көлтабандап суғару сортаңдануы әртүрлі дәрежедегі шалғынды және шалғынды-қызғылт топырақтардың жоғары өнімді астық тұқымдас шөп жамылғысының сақталуын қамтамасыз ететін табиғатты пайдаланудағы экологиялық іс-шараларының нышаны болып табылады да, осы топырақтарда астық тұқымдас мезофитті шөп жамылғысы арқылы көлтабан шалғындарының ксерофиттенуін жояды. Жүргізілген зерттеулерде жүйелі көлтабандап суғару, табиғи шөп жамылғысына қатысты шалғынды және шалғынды-қызғылт топырақтардың құнарлығының төмендеуіне, физикалық, физикалық-химиялық, химиялық қасиеттерінің нашарлауына алып келмейтіндігін айқын көрсетеді.

6.4 Шежін-Дюра және Балықты өзендерінің жайылмалары

Батыс Қазақстан облысындағы Шежін және Дюра өзендерінің жайылмаларында табиғи көлтабандар қалыптасқан.

Ені 50-100 км-ге жететін Шежіндік көлтабандар тайыз көлдерде қалыптасады. Оңтүстік бетінде Шежіндік салалар жіңішкеріп, Балықты салаларына ауысады.

Дюра жүйесі Шығыс Дюра өзенімен қоректенетін жіңішке көлтабандарды жасақтайды.

Балықты жайылмалары Шежін және Дюра өзендерінің тармақтары ретінде ені 80-90 км дейін баратын көлтабандарды жасақтайды.

Зерттеуші ғалымдар бұл аймақта жоғары өнімді мал азығын дайындауға мүмкіндік беретін құндылығы жоғары дәнді-бұршақты табиғи өсімдіктердің кеңінен тарағанын айтады. Бұлардың қатарында егістік бидайық, қарапайым субидайық, шалғындық жалбыз, бұршақ тұқымдастар (түйежоңышқа) тағы да басқаларын атап көрсетуге болады. Жер бедері төменгі ылдиды гигрофитті өсімдіктердің, ал жоғары деңгейде шалғындық галофиттер жайылған.

Көлтабандарды тұрақты түрде сумен бастырған кезде астық тұқымдастар және бұршақ тұқымдастардың үлесі ұлғайып, бидайық, шалғындық жалбыз, еркекшөп және т.б. көбінен қалыптасады.

Табиғи өсімдіктерден жоғары өнім алу үшін көлтабандарды 25-35 тәулікке дейін сумен бастыру қажет.

Бұл жағдайда мал азығы өнімін 25-35 ц/га көлемінде, ал су келмеген жағдайда өнімнің не барлығы 2,2-6,0 ц/га шеңберінде қалыптасады. Көлтабандарды тұрақты түрде сумен қамтығанда шөптегі протеин, каротин азықтық бірліктен жоғары болады.

Мал азығы сапасы топырақтың ылғалдылығына тәуелді. Жоғары өнім топырақты 3600-3800 м³/га мөлшерде суғарып, ылғалдылықты 70% шеңберінде сақтағанда мүмкін болады.

6.5 Далалық аймақтардың қою каштан сортаңданған топырақтарының мелиорациясы

Қара-қоңыр сортаң және далалық сор топырақтарға қатысты сұрақтармен И.М. Фетисов және А.М. Макс айналысты. Олар келесі міндеттерді шешті:

- су, қоректік, топырақтың ауа режимін жақсарту, ауылшаруашылық дақылдарының мал азықтық өнімділігін жоғарылату;
- дақылдардың азықтық құндылығын жоғарылату, күшті сортаңданған және далалық сор топырақтарды жақсарту;
- сор топырақтарды жақсартуға жарамды ауылшаруашылық дақылдарын бағалау.

Далалық зерттеулер Каспий қайраңының солтүстік бөлігіндегі қара-қоңыр күшті сортаңданған топырақтарда, кішігірім, орташа, терең сорларда жүргізілді.

Қара-қоңыр күшті сортаң топырақтарда қарашірік қабаты 23-26 см. Қарашірік құрамы 2,3-2,5%. Қарашірікті құрам климатқа да байланысты және оның азаюына топырақтың бастапқы тұздануы, қарқынды түрде сортаңдануының пайда болуы әсер етеді.

Табиғи жауын-шашын мөлшері көп болған жылдары, бұл топырақтарда мал азықтық ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары өнім алуға мүмкіндік болады.

Далалық орташа сорлардың қарашірік қабаты «А» 14-15 см. Одан төменгі сорланған қабаттың тереңдігі 18-20 см-ге тең.

Далалық орташа сорлардың қарашірік қабаты «А»-да қарашірінді мөлшері аз, 0,9-1,2%, ал сорланған қабатта 25-40% натрий болады. Аталған орташа сорлардың агро-мелиорациялық құрамы, олардан экономикалық мақсаттағы өнімді алуға мүмкіндік бермейді.

Далалық терең сорларда қарашірінді қабаты «А» 22-24 см, сор қабаты 17-22 см, сор қабатындағы алмаспалы натрий мөлшері 30-35%.

Далалық терең сорларда «А» қабатында қарашірік 1,2-1,5%. Бұл топырақтарда табиғи жауын-шашындар мөлшері көп болғанда, мал азықтық ауылшаруашылық дақылдарынан қанағаттанарлық өнім алынады.

Топырақтың механикалық құрамы – ауыр саздақты. Топырақтың қарашірік қабатындағы орта реакциясы – әлсіз сілтілі және орташа сілтілі.

Жерасты суларының минералдануы күштіден орташа тұздыға дейін. Тәжірибе аймағындағы табиғи шөпті ксерофиттер және аз мөлшерде мезофиттер құрайды.

Қазіргі уақытта қара-қоңыр сортаң топырақтарды және далалық сорларды жақсартудың басты бағыты болып химиялық жақсарту есептеледі.

Сонымен қатар гипсті енгізу үшін энергиялық ресурстарды көп шығындауды, химикаттарды тасымалдауды талап етеді.

Ұйымдастырылған тиімді шараларда шығынды азайту мақсатында, күшті сортаңданған және далалық сорларда гипстің жарты мөлшерін енгізу сұрағы қаралды.

Каспий қайраңының солтүстік бөлігінде күшті сортаңданған топырақтарды және терең сорларды жақсарту тиімді шара болып табылады, еркекшөп және судан шөбін пішенге өсіргенде жақсартылмаған жерлерге қарағанда, жақсартылған жерлерде аз шығынмен жоғары өнім алынады. Каспий қайраңының солтүстік бөлігіндегі кіші және орташа сорларды жақсарту тиімсіз шара болып табылады.

Қоңыр топырақ түріне, орташа және терең сорларда гипсті енгізу, Каспий қайраңының солтүстік бөлігіндегі аталған топырақтардың сортаңдануын төмендетеді, физикалық және химиялық құрамын, су, ауа және жылу режимін жақсартады.

Күшті сортаңданған топырақтарда және далалық сорларда мөлшерлі гипсті енгізгенде толық және жартылай түрде алмаспалы натрийді кальцийге алмастырады. Гипсті енгізудің мөлшерін азайту тасымалдауға және топыраққа гипсті енгізу сияқты экономикалық мәселелерді жартылай шешуге мүмкіндік береді. Гипсті жартылай мөлшерде енгізгенде натрийдің кальцийге алмасуы 8-9 жылға созылады.

Гипсті енгізу жолымен химиялық жақсарту сортаңдануды төмендету жақсартылған сорларда және күшті сортаңданған топырақтарда топырақтың су сіңіргіштігін шамамен 6 есе көбейтеді. Топырақтың тығыздығы 3-5% төмендейді. Жүргізілген жақсартулар сортаңданған топырақтардың физикалық құрамын сортаңданбаған топыраққа жақындатады.

Жақсарту арқылы топырақтың физикалық құрамын өзгерту онда ауа және жылу режимін ұстап тұруға көмектеседі.

Қара-қоңыр күшті сортаңданған және терең сорларда гипсті енгізу олардың сортаңдануын төмендетеді, агрохимиялық көрсеткіштерін жақсартады. Бұл топырақтар жақсартылмағанға дейін азот, фосформен аз, калиймен жақсы қамтамасыз етілген. 6 жылдық жақсарту кезінен соң, су, ауа және жылу режимінің жақсартылуы және бұл топырақтарда өсімдікке оңай жететін азот, фосфор және калий мөлшерінің жоғарлауы бақыланды.

Топырақты жақсартқаннан кейінгі ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі сор қабатында алмаспалы негіздердің түріне және соммасына байланысты болады.

Ғалымдар пішенге еркекшөптің тұқым себу мөлшерін және Каспий қайраңының солтүстік бөлігіндегі кара-қоңыр топырақтарда олардың себу әдісін зерттеді.

Каспий қайраңының солтүстік бөлігіндегі күшті сортаңданған кара-қоңыр топырақтарда және далалық сорларда жақсартудың тиімділігі топырақтарға ылғалдың жиналу көлеміне байланысты.

Топырақтарға ылғал жинау жөніндегі шараларға егістің тыңайтылуын, ықтырма отырғызуды, қар ұстауды, терең жыртуды жатқызуға болады.

Күшті сортаңданған және далалық сор топырақтарда жақсарту жұмыстарын жүргізгенде жыл сайын бақыланғанда вегетацияның бірінші жартысында еркекшөп және судан шөбіне ылғал жеткілікті болуы анықталуы және вегетацияның екінші жартысында өсімдікке пайдалана алатын ылғалдың жеткіліксіздігі байқалады. Жақсарту жұмыстарының тиімділігінің төменденуінің бір себебі вегетацияның екінші жартысында ылғалдың жетіспеуі болып табылады.

Сортаңданбаған жерлерде өсірілген еркекшөп және судан шөбінің сапасы, сорларда жақсарту жүргізгендегіге жақын көрсеткіштерді көрсетеді.

Сор және сортаң топырақтарды жақсартуда қолданылатын негізгі ауылшаруашылық дақылы – еркекшөп.

Каспий қайраңының солтүстік бөлігінде еркекшөптің су пайдалану коэффициенті 792,5, транспирация коэффициенті 950,6 тең.

7. ЖАЙЫҚ-КӨШІМ СУАРМАЛАУ-СУЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

7.1 Жүйенің жалпы сипаттамасы

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесі ұзындығы 1231,9 км болатын сазды арнадағы шаруашылық аралық жүйе болып табылады. Жүйе 1974 жылы пайдалануға берілді. Жобаға сәйкес Жайық өзенінен су қабылданады, өздігінен ағады, қосымша су беру бекеті қарастырылған. Бас құрылымы Байтерек ауданының Көшім елді мекенінде орналасқан. Жүйеге Киров, Бітік, Дөңгелек, Пятимар су қоймалары және Первомай, Киров-Шежін, Бударин, Фурман, Тайпақ т.б. суғару арналары кіреді. Жүйе 12985 гектар тұрақты, 97635 гектар суғармалы және суғару аумақтарында 2177 мың гектар жайылым аумағында сумен қамтамасыз етуге арналған.

Жайық-Көшім ССЖ-ің жұмысының тиімділігі оңтүстік және оңтүстік-батыс облыс өңірлерінде ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуына байланысты. Топырақ-мелиоративті және гидрогеологиялық жағдайға байланысты Жайық-Көшім ССЖ-ің үлкен алқаптарын екі топқа бөлуге болады. Алғашқы топқа табиғи шабындық өсімдіктердің төмендеуінен құралған танаптар: жатаған бидайық, қылтанақсыз арпабас, субидайық, су бетеге, қияқ шөп, мия кіреді, олардың ауданы шамамен 20 мың гектарды құрайды. Екінші топқа Каспий маңы ойпатының типтік шөлейтті жерлеріне салынған алқаптар кіреді. Олардың ауданы шамамен 30 мың гектарды құрайды. Екінші топ топырақтары, негізінен, ашық-каштан, сортаңданған, ауыр сазды, құрылымсыз, суғару кезінде қатты сығылады. Ашық-каштан топырағы әртүрлі дала сортаңдарымен араласады. Дала сортаңы топырақ кешенінің 10-нан 40%-на дейінгі бөлігін алады. Ашық-каштан топырақта және сортаң жерде ірі алқап бойынша суғаруды ұйымдастырғанға дейін қара мен теңіз жусандары, селеу, мыңжылдық, таран, бетеге және басқа ксерофиттік өсімдіктер өсіп өнді. Бірінші топтағы танаптардың басым бөлігі ойыс көлтабандарға негізделген, оның шығанағы үшін қарқынды қардың кезеңіне және іргелес аумақта жергілікті ағынды қалыптастыруға оңтайлы уақыт. Кейбір танаптарда су оңтайлы уақыттан кешірек келеді, бұл суды едәуір ұзындықтағы суды жеткізу және жеткізу үшін жұмсалған уақытпен түсіндіріледі. Бірінші топтағы кейбір танаптар тұздардан жуылған және 2-4 метр тереңдікте немесе сәл тұзды жерасты суларында кездесетін учаскелерге салынған. Осы топтың тексеру бөлігінде шалғынды ластанған топырақ бар. 1-3 м тереңдікте шалғынды және шалғынды каштан топырақтарымен бірге бірінші топтың кейбір танаптарында күшті тұздалған жерасты сулары бар.

Жайық-Көшім ССЖ-ің қамту аймағында жем-шөп дақылдарын өсіруде су мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану мәселелерін шешу үшін өткен ғасырдың 70-80 жылдарында су шығындарын аз жұмсай

отырып максималды өнімділік әкелетін бірқатар мәселелерді анықтау үшін топырақ құнарлылығын бастапқы деңгейін сақтай отырып зерттеулер жүргізілді.

Азықтық дақылдарын өсіру кезінде топырақтың суды тұтынуына және жемдік дақылдардың тұрақты суғаруына әртүрлі су жүргісінің әсері зерделенді, топырақ түрлерінде топырақтың ылғал қорлары мен топырақтың аэрация аймағының тұздарының динамикасы зерттелді, топырақ қасиеттері, суғару әдістері мен жүргісі анықталды.

Суғару жүйесі элементтерінің рационалды параметрлерін таңдауды анықтайтын топырақ пен судың қалыпты және көлтабандап суғарудың, судың физикалық қасиеттерінің оңтайлы режимдері, каштан типіндегі топырақтың сорттары бойынша белгіленеді. Зерттеулер И.М. Фетисов басшылығымен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті ғалымдарымен жүргізілді.

Гидрогеологиялық зерттеулер Батыс Қазақстан облысындағы көлтабандар Каспий маңы ойпатына жатқандығын көрсетті. Аумақтардағы дренаждаудың болмауы шөптердің өнімділігін арттыруға бағытталған шаралар кешенін әзірлеу кезінде жергілікті жағдайларға қосымша қарауды талап етеді. Құрғақ дала және шөлейт аймағындағы табиғи-климаттық жағдайлар суландыру кезінде шөптен жоғары шығымдылық алу үшін алқаптың ерте көктемде қардың еруі кезеңінде ғана шығады.

Олардың пікірінше, облыстың суғару жүйелері бойынша каштан тәрізді топырақта су мен жер ресурстарын ұтымды пайдалану суғару әдістеріне байланысты. Жерүсті суландыру әдістері сіңіру сатыларының санын және ұзақтығын, осы сатылардағы орташа сіңіру жылдамдығын, суғару жылдамдығының шамасын, сіңіру коэффициенттерін азайтуға байланысты қолданылуы тиіс.

7.2 Суғармалы жерлердің топырақ жамылғысы

Батыс Қазақстанның суғармалы аумағының негізгі бөлігі Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесімен байланысты, Жайық пен Көшім өзендерінің арасында орналасқан. Топырақтың қалыптастырушы жыныстары жазықтың солтүстік бөлігінде ауыр саздақтар мен балшықтармен, оңтүстігінде орташа құмды саздақтармен қалыптасқан.

Серебряков және Щапов а.о. суғармалы учаскелерінде Жайық өзенінің ортасында орналасқан, Жайық-Көшім ССЖ-ің жоғары, көлдің суғармалы жерлерінде таңдалған топырақтың қасиеттерін зертханалық талдау нәтижелерін ұсынамыз (9-11-кестелер).

Бұл аймақтың топырақ жамылғысы біртекті емес, негізінен орташа каштан, ал кішігірім жағдайда қоңыр каштан топырақтарынан тұрады. Каштан сортаңдары сортаң, карбонатты топырақ кеңінен ұсынылған.

9-кесте – Топырақтың гранулометриялық құрамы

Тереңдігі, см	Фракция құрамы а.с.н. %-да			Саздың физикалық құрамы	Топырақ атауы
	0,01- 0,005	0,005- 0,001	0,001		
Серебряков а.о.					
0-20	9,6	9,6	22,4	39,6	орташа сазды
20-40	7,6	14,0	18,4	39,6	орташа сазды
Щапов а.о.					
0-20	4,0	8,4	22,8	35,2	орташа сазды
20-40	4,0	12,0	23,6	39,6	орташа сазды

10-кесте – Топырақтың агрохимиялық және физикалық-химиялық қасиеттері

Тереңдігі, см	Қарашірік, %	рН	Сіңіру	Алмастырылатын
			сыйымдылығы	натрий
мг-экв/100 г топырақ				
Серебряков а.о.				
0-20	2,47	7,46	22,12	0,15
20-40	2,25	7,43	20,76	0,20
Щапов а.о.				
0-20	1,46	7,60	17,40	0,25
20-40	0,87	7,96	16,08	0,15

11-кесте – Топырақтың тұзды құрамы

Тереңдігі, см	Аниондар мг-экв. / %					Катиондар мг-экв. / %				Тұздар соммасы, %
	CO ₂ ²⁻	HCO ₃ ⁻	CL ⁻	SO ₄ ²⁻	Аниондар соммасы	Ca ⁺²	Mg ⁺²	Na ⁺ +K ⁺	Катион- дар соммасы	
Серебряков а.о.										
0-20	таб. жоқ	<u>0,38</u> 0,023	<u>0,15</u> 0,005	<u>0,44</u> 0,021	0,97	<u>0,60</u> 0,012	таб. жоқ	<u>0,025</u> 0,012	0,85	0,066
20-40	таб. жоқ	<u>0,33</u> 0,020	<u>0,22</u> 0,007	<u>0,24</u> 0,011	0,79	<u>0,62</u> 0,012	таб. жоқ	<u>0,20</u> 0,002	0,82	0,052
Щапов а.о.										
0-20	таб. жоқ	<u>0,34</u> 0,029	<u>0,22</u> 0,007	<u>0,68</u> 0,032	1,80	<u>0,60</u> 0,012	таб. жоқ	<u>0,10</u> 0,023	1,60	0,103
20-40	таб. жоқ	<u>0,44</u> 0,026	<u>0,25</u> 0,008	<u>0,88</u> 0,042	1,57	<u>0,90</u> 0,018	<u>0,42</u> 0,005	<u>0,30</u> 0,006	1,62	0,105

Механикалық құрамы ортадан сазға дейін өзгереді.

Серебряков және Щапов ауылдық округтер аумақтарында зерттелген учаскелердің үстіңгі қабаттарында орташа сазды механикалық құрамы бар. 0-20 см қабаттағы қарашіріктің максималды мөлшері 2,47% құрайды. Сіңіру қабілеті 22,12 мг-экв/100 г топыраққа жетеді. Топырақ тұзды емес.

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйенің жоғарғы, орта және төменгі бөліктерінде топырақ жерді мелиорациялау мақсатында пайдаланылды.

Суғару жүйесінің үстіңгі жағында орналасқан 50-ші көлтабандардың каштанды карбонатты орташа қалың топырағы жеңіл жұқа гранулометриялық құрамымен сипатталады, оның құрамында майда фракциялар басым. Жоғарғы горизонтта физикалық балшықтың мөлшері 21,84% құрайды.

Суғармалы жерлерде қарашіріктің мөлшері 2,98% құрайды. Топырақ ортасы сілтілі болып табылады, ол тереңдікте артады. Сіңіру қабілеті төмен және жоғарғы горизонттарда 16,2-ден 18,36 мг-экв/100 г дейін ауытқиды. Топырақ орта тұзданған, бұл ауысымдық натрийдің жоғары құрамымен расталады. Топыраққа калийді жеткілікті жеткізу арқылы азот пен фосфор нитратының жеткізілімі төмен деңгейде бағаланады.

52 көлтабанның топырағы, Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінің (Первомай оңтүстік-шығыс аумағы) ортаңғы бөлігінде орналасқан, типі бойынша шалғынды қара-қоңыр түріне жатады. Топырақ гранулометриялық құрамына сәйкес ауыр сазды тұнбалы-құмды, физикалық балшықтың құрамында топырақ 56-58% дейін сипатталады. Қарашіріктің мөлшері 3,69% құрайды. Топырақ орташа сілтілі. Сіңіру қабілеті төмен. Топырақ В₁ горизонтындағы айырбасталатын натрийдің құрамында сіңіру қабілетінен 4,4% дейін тұзды. Калий құрамының ұлғаюымен нитраттар мен қозғалмалы фосфордың жетіспеушілігі байқалады.

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінің төменгі бөлігінде орналасқан 49 көлтабан ашық-каштан карбонатты топырақта Тайпак ауылдық округінің территориясында орналасқан. Топырақ гранулометриялық құрамы бойынша ауыр сазды, саздақты топырақтарға жатады. Физикалық балшық 53,51% құрайды. Құм фракциясының мөлшері 25,6% құрайды. Горизонттың қарашірік мөлшері А₁-де 2,56% құрайды, қарашірік мөлшері 0,17%-ға дейін төмендейді. Топырақ орташа сілтілі. Сіңіру сыйымдылығы төмен. Нитратты азот жеткізу дәрежесі өте төмен, фосфат – төмен және калий – жоғары. Тұздылық анықталмады. Бұл топырақта азот нитраты мен фосфор төмен, калий мөлшері жоғары.

Су сығындысын талдау топырақ профилінің оңай еритін тұздардан тазартылғанын көрсетеді. Бұл жердің профілі тұзды емес. Тұзданудың түрі бүкіл профілі бойынша хлоридті.

2-ші танаптағы зерделенген топырақтың гранулометриялық құрамы ауыр сазды ірі-шаңды-кұм. Физикалық балшықтың мөлшері 50,83% құрайды. Кұмның үлесі 26,4% құрайды.

Су танаптан шығарылғаннан кейін, жердегі ылғалдылық ең аз су өткізуге арналған сыйымдылыққа сәйкес келеді. Маусымның басында 31 танаптың су басқан аймағында топырақтың ылғалдылығы төменгі ылғал сыйымдылығы (ТС) мәніне жақындады. 31 танаптағы ылғалдылық жоғары болды, ал бетіндегі су қабаты іс жүзінде көрінді. Топырақтың ылғалдылық параметрлер фрагменті 45-кестеде келтірілген.

45-кесте – 2015 жылғы зерттеу бойынша №49 көлтабандағы 31 танап топырағының ылғалдылық динамикасы

Көлтабан танапы	Орыны	Топырақ қабаты, см	Кезеңдер бойынша топырақ ылғалдылығы, %			
			1 маусым	16 маусым	20 маусым	20 шілде
Танап 31	Сумен бастырылған учаскесінде	0...10	29,34107	7,588011	8,661972	4,09986
		10...20	20,5264	10,2107	7,37877	6,89862
		20...30	21,3419	15,1167	10,6091	8,04663
		30...40	21,5217	17,5581	11,3125	9,83490
		40...50	21,8283	19,2243	12,7222	13,3274
		50...60	22,2710	19,6698	18,0233	17,2447
		60...70	22,4854	20,0125	18,5904	18,6917
		70...80	22,2501	20,4578	18,4920	18,3647
		80...90	22,0976	21,7208	19,4180	18,0780
		90...100	22,9756	21,3654	20,3480	18,9724
	Сумен басылмайтын учаскесінде	0...10	4,08269	5,73076	ан-мады	ан-мады
		10...20	6,12516	8,62934	ан-мады	ан-мады
		20...30	8,05513	9,71370	ан-мады	ан-мады
		30...40	8,86075	12,4489	ан-мады	ан-мады
		40...50	9,21833	13,9247	ан-мады	ан-мады
		50...60	8,82414	16,6472	ан-мады	ан-мады
		60...70	9,34945	19,4741	ан-мады	ан-мады
		70...80	9,88142	20,4615	ан-мады	ан-мады
		80...90	10,9983	21,2565	ан-мады	ан-мады
		90...100	15,4426	21,2893	ан-мады	ан-мады

Зерттеу кезіндегі 49 көлтабан танаптарындағы топырақ ылғалдылығы 46-кестеде келтірілген.

46-кесте – Эсперименталды танаптағы №49 көлтабан топырағының ылғалдылық динамикасы

Көлтабан танапы	Топырақ қабаты, см	Кезеңдер бойынша топырақ ылғалдылығы, %			
		27 мамырдан 3 маусымға дейін	22 маусым	2 шілде	15 шілде
1	2	3	4	5	6
Танап 7	0...10	-	14,58	9,00	4,71
	10...20	-	15,05	9,88	5,48
	20...30	-	17,04	14,06	6,39
	30...40	-	17,42	17,11	9,55
	40...50	-	18,80	18,58	12,52
	50...60	-	19,10	18,84	12,68
	60...70	-	19,38	19,13	13,31
	70...80	-	20,12	19,96	13,73
	80...90	-	21,05	20,95	16,96
	90...100	-	23,90	23,43	17,65
Танап 11	0...10	-	9,61	7,05	3,67
	10...20	-	12,99	8,36	4,87
	20...30	-	15,72	10,20	4,93
	30...40	-	17,40	13,85	5,91
	40...50	-	18,44	16,63	6,90
	50...60	-	18,97	16,64	9,07
	60...70	-	19,94	18,22	11,08
	70...80	-	20,83	18,62	13,71
	80...90	-	21,62	18,72	14,23
	90...100	-	21,80	18,86	15,38
Танап 14	0...10	-	15,53	8,61	4,98
	10...20	-	15,71	10,42	6,33
	20...30	-	19,59	13,75	6,81
	30...40	-	20,01	16,42	9,28
	40...50	-	20,31	16,55	12,06
	50...60	-	20,49	17,27	12,91
	60...70	-	20,51	17,60	12,93
	70...80	-	21,75	21,15	13,94
	80...90	-	22,19	22,55	17,34
	90...100	-	24,84	22,73	18,47
Танап 22	0...10	21,02	7,29	5,24	1,26
	10...20	19,53	7,81	6,43	3,09
	20...30	17,40	8,25	6,75	6,09

46-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
	30...40	17,26	9,14	8,01	8,80
	40...50	17,14	11,29	10,47	11,57
	50...60	17,10	13,99	14,29	13,81
	60...70	17,27	16,51	16,31	14,37
	70...80	17,66	17,45	17,42	14,76
	80...90	18,61	18,59	18,31	15,44
	90...100	18,78	18,83	18,84	15,51
Танап 23	0...10	18,62	8,01	6,31	1,44
	10...20	11,29	8,20	7,02	3,11
	20...30	11,14	8,60	7,09	6,04
	30...40	12,12	9,11	8,41	8,21
	40...50	15,63	10,51	9,21	9,06
	50...60	16,16	11,20	10,47	10,27
	60...70	16,42	12,03	11,59	11,38
	70...80	17,13	14,90	13,95	13,92
	80...90	18,38	17,36	16,93	15,22
	90...100	18,74	17,86	17,62	15,55
Танап 31	0...10	18,86	9,77	8,64	1,89
	10...20	20,07	10,28	10,14	4,52
	20...30	20,37	10,98	10,63	5,08
	30...40	20,47	11,87	10,96	5,50
	40...50	20,59	14,11	12,72	6,12
	50...60	20,75	18,26	15,38	9,54
	60...70	21,18	19,11	18,00	12,87
	70...80	21,28	19,77	18,65	13,86
	80...90	21,32	21,20	20,05	13,96
	90...100	21,56	21,42	21,29	16,29
Танап 32	0...10	18,59	8,76	6,54	1,59
	10...20	20,09	9,59	8,11	4,28
	20...30	20,34	9,94	8,68	4,64
	30...40	20,45	10,44	9,91	4,66
	40...50	20,65	13,13	11,31	6,03
	50...60	20,89	16,18	12,40	9,39
	60...70	21,13	17,47	15,84	12,62
	70...80	21,34	20,75	20,24	13,66
	80...90	21,37	21,18	21,14	13,88
	90...100	21,51	21,19	21,17	15,94

Сүзу, күнделікті орташа ауа температурасын жоғарылату, өсімдіктердің өсуі және дамуы суды тұтынудың артуына және топырақ

ылғалының біртіндеп төмендеуіне әкеледі. Әсіресе ылғалдың азаюы және топырақтың кебуі топырақтың жоғарғы қабатында (горизонты 0-30 см) айқын көрінеді. Жоғарғы горизонттағы ылғалдың азаюы (топырақтың беткі қабатының кебуіне тән) оның біртіндеп топырақ қабатының тереңдігінің артуымен біріктіріледі.

Сумен бастыру арқылы пайда болған топырақтың ылғалдылығы төменгі қабаттарда сақталып, өсімдіктерді өсіру үшін резерв құрады. Жазғы жауын-шашын мөлшерінің төмен болуына байланысты үстіңгі қабаттар қосымша ылғалдандырылған. Сумен бастырылмаған аймақ үшін топырақтың ылғалдылығы 0-ден 100 см-ге дейінгі барлық тереңдік үшін айтарлықтай төмен. Нәтижесінде өсімдіктер жамылғысы жұтаңдайды.

2016 жылы танаптан суды ағызып жібергеннен кейін, алаңдағы ылғалдылық ең кішкентай сыйымдылыққа сәйкес келді. Маусымның басында, топырақтың сумен бастырылған аймағында топырақтың ылғалдылығы төменгі ылғал сыйымдылығы (ТС) шамасына жақын болды.

Көлтабанды сумен бастыру өсімдіктердің даму фазаларының белсенді кезеңінде ылғал қорын ұстап тұруға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе 7, 11, 14 танаптарында байқалды. Мысалы, 22 маусымда 7 және 14 танаптарында жоғарғы топырақ қабаттарының ылғалдылығы 22 және 23 танаптардан екі есе жоғары болды. Сумен бастыру кезіндегі топырақ ылғалдылығы өсімдіктердің дамуына қор құра отырып төменгі қабатта көбінесе сақталды.

Сумен бастырылмаған аймақ үшін топырақтың ылғалы 0-ден 100 см-ге дейін барлық тереңдік үшін төменгі мәнге ие болды.

8.6 Беткі өңдеу әдісін көлтабандарда пайдалану

Көптеген көлтабандарда құнды азықтық дәнді дақылдар шөп алқаптарында депрессиялық күйде. Бидайық пен субидайық тамырлы дәнді дақылдар ретінде жыл сайын шөп шабу үшін шабылғанда бірте-бірте қартаяды және олардың өнімі төмендейді. Соның салдарынан аса құнды жем-шөп өсімдіктері шөп алқаптарынан бірте-бірте түсіп, шабындықтардың өнімділігі төмендейді. Мұның бәрі топырақ құнарлылығы мен шөп өнімділігінің айтарлықтай төмендеуіне әкеледі. Табиғи шөптері бар көлтабандарды күтіп-баптау техниканы ұзақ уақыт пайдаланған кезде топырақтың жоғарғы қабаттары тығыздалады, олардың аэрациясы төмендейді және тамырсабақты шөптер бірте-бірте құндылығы төмен және өнімділігі төмен борпылдақ бұталы және тығыз бұталы шөптермен, құндылығы төмен шөптермен ауыстырылады. Топырақ қабаттарының тығыздалуы шөптердің тамыр жүйесінің дамуын және шөп өсімдіктерінің вегетативті жасаруын тежейді. Бидайық шөбі топырақтың тығыздалуына шыдамайды, сондықтан жер қартайған сайын оны басқа

өсімдіктер алмастырады. Көпжылдық шөптердің жақсы өсуі мен дамуы үшін топырақтағы ауа оның көлемінің 20%-дан астамын қажет етеді.

Шөбі жойылып бара жатырған көлтабандарда шөп жамылғысын жасарту дискілі құралдармен жүргізіледі, бұл көпжылдық астық тұқымдастарының тамырларын тіліп бөлуді, топырақ аэрациясының жақсаруын және құндылығы төмен түрлі шөптер бөлігін жоюды қамтамасыз етеді және жиі жас өскіндердің пайда болуына ықпалдасады.

Сондықтан, қолданылатын технологиялық операциялар кешені тек үстіңгі қабаттың ылғалды жоғары сапалы сіңіруін ғана емес, сонымен қатар оның тығыздалған қабат мүмкіндік бермейтін топырақтың төменгі горизонттарына қайта бөлінуін қамтамасыз етуі керек. Көлтабандарды жақсартудың ең тиімді жолы – топырақтың аэрациясын арттыру, дәнді дақылдардың өсімдіктерін жасарту, шөп алқабын құндылығы төмен шөп түрлерінен тазарту арқылы бір мезгілде шөп өсіндісін жақсартуға және көлтабандардың өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін агротехникалық әдістерді қолдану. Бұл шаралар топырақтың тығыздалған қабаттарын қопсыту процесінде оның ішінара жойылуымен шымтезектерді механикалық өңдеуді қамтиды. Көлтабандардың өнімділігін қалпына келтіру мен арттырудың ең қарапайым және қол жетімді бағыты жерүсті өңдеуді барынша азайтуға негізделген арзан технологиялық жетілдіру әдістерін қолдану болып табылады. Сонымен қатар, арамшөптермен байланысты түрлерді жою және топырақтың су-ауа режимін жақсарту арқылы дәнді дақылдардың негізін қалпына келтіру және дамыту үшін жағдай жасалады. Тиісті күтіммен шабындықтар ондаған жылдар бойы аз шығынмен жоғары шөп пен жақсы азықтық сападағы шөптерді бере алады. Табиғи және ескі егілген шабындықтардың шөп түрлерінің ботаникалық құрамын жақсарту және өнімділігін арттыру үшін оларды топырақты қопсыту арқылы жасартады, бұл шымтезек өңдеу нәтижесінде вегетативті көбеюді ынталандырады. Әсіресе жақсы жасарту нәтижелері бидайықта алынған. Шөптерді қайта егусіз, жалпы шөп алқабындағы құнды дәнді дақылдардың үлесі 25-30%-ға дейін төмендегенде, яғни көлтабанды механикалық өңдеу арқылы шабындықтардың фитоценозын айтарлықтай шығынсыз жақсартуға мүмкіндік болғанда, жасарту тиімді қолданылады. Шөп өсетін көлтабандарда жасарту көпжылдық шөптердің тамырсабақтарының жарылуын қамтамасыз ететін, топырақтың аэрациясын жақсартатын және құндылығы төмен кейбір бұтақтардың жойылуын қамтамасыз ететін, тығыз жас өскіндердің пайда болуына ықпал ететін дискілі құралдармен жүзеге асырылады.

Топырақты дискілеу (фрезерлеу). Операция қазан айының ортасында шөп шабылған көлтабан аймағында жасалады. Өңдеу тереңдігі 8-10 см-ден аспауы керек, шымтезектері қалың шалғындарда БДТ типті ауыр дискілі тырмалар қолданылады, ЛДГ типті культиваторлар қолданылады. Бір рет өңдеуді екі ізде жүргізеді, егер күшті шымтезек болса, екі рет, оны

көлденеңінен жүргізеді. Топырақты өңдеудің белгіленген тереңдігі мен біркелкі топырақ араласуы сақталуы үшін шабуыл бұрышын орнатады. Дискілегеннен кейін топырақты сақиналы таптауыштарды пайдаланып нығыздайды.

Топырақты саңылаулау. Операция күзде (қатты жаңбырға дейін) дискілеуден (фрезерлеуден) кейін бір айдан кейін орындалады. Ойықтар 40-45 см тереңдікте, ойықтар арасындағы арақашықтықта ПЩК-3,8, ЩН-2-140, ЩН-7 сияқты құралдарды қолдануға болады.

Топырақты тырмалау. Операция келесі жылы көктемде көлтабаннан су босатылып, топырақ физикалық пісіп-жетілгеннен кейін жасалады. Саңылаулардың бағытына бұрышпен орындалады. Тырмалау тіс (БЗТС-1, БЗСС-1), жайылымдық (БПШ-3,1, БПК-3,6), шалғындық (БЛШ-2,3) және ине тырмаларымен бір немесе екі ізде жүргізіледі.

Дискілеуді (фрезерлеу) және саңылаулауды бір рет жүргізеді және келесі жылдардағы көлтабандардың өсімдіктерінің жағдайына байланысты технология қайталанады (шамамен 3-5 жылдан кейін жыл сайын көктемгі тырмалау).

Біз көлтабан өнімділігін қалпына келтіру әдісін әзірлеу үшін зерттеу жүргіздік. Шөп жамылғысын жасартуға және сулы-ауа режимін жақсартуға көмектесетін әдіс ретінде саңылаулауды шабындықтардың барлық түрлерінде 2-3 жылда бір рет жүргізілуі керек. Саңылаулау сазды және сазды топырақты барлық шабындықтарға, барлық рельеф элементтеріне жарайды. Саңылаулау күзде ПЩК-3,8 саңылау салғымен 35-40 см тереңдікте, саңылаулардың арасы 75 см, ені 4-5 см жүргізіледі. Саңылаулаудан кейін 2-3 ізге 5-10 см тереңдікке БДТ-3 ауыр дискілі тырмамен топырақ өңдеумен қатар тырмалау жүргізіледі, себебі ашық саңылау топырақтың кебуіне ықпал етеді. Өңдеу 30° шабуыл бұрышында, өріске көлденең жүргізіледі. Шым күзде орташа тәуліктік ауа температурасы +10°C-тан жоғары болған кезде өңделеді. Ерте күзгі дискілеу келесі жылы жас өсімдіктер дамитын шөп тамырсабақтарының кесінділерінің құрғауы мен өлуіне әкелуі мүмкін. Қалың шымтезекті (9-10 см және одан да қалың) және ұзын тамырсабақ түрлері (бидайық, арпабас), сондай-ақ субидайық басым көлтабандарда дискілі тырманың өту санын үшке дейін арттырады. Өңделген шымтезек кеуіп кетпес үшін, топырақты дереу нығыздау керек.

БДТ-3 тырмаларымен дискілеу топырақтың су-физикалық қасиеттерін жақсартады және шалғынды-каштанды орташа және ауыр сазды және шалғынды орташа сазды топырақтардағы көлтабандардың шөбін жасартады. Шымды дискілеу ескі өсімдінің және құндылығы төмен өсімдіктердің жойылуына ғана емес, сонымен қатар топырақтың жоғарғы тығыздалған қабаттарының механикалық қопсытуына ықпал етеді, бұл ауа режимін жақсартуға оң әсер етеді. Тозған көлтабандарды дискілеу арқылы жақсарту шөп алқабындағы бағалы шөптердің үлесін 30–50-ден 75–85%-ға

дейін арттырады. Жасарту, ең алдымен, вегетативтік жолмен көбейетін тұқымдастарды – бидайық, арпабас және кәдімгі субидайықтан тұратын шөп түрлерінің құрамын жақсарту үшін жүргізіледі. Тамырсабақтарды кескенде, кем дегенде бір бүршігі бар әрбір бөлік жаңа өсімдік шығарады. Дискілі тырмамен өңдеу тамырлы дәнді дақылдардың өркен түзу қабілетін арттыруға көмектеседі. Ризоматозды және борпылдақ бұталы шөптер, егер бұтаның жеке бөліктерінде жаңару бүршіктері сақталса және бос топырақтың тиісті қабатымен себілсе, жаңа сабақ пайда болады. Бидайық және субидайық қопсыту құралдарымен зақымдалған кезде өркен түзуге жоғары қабілеттілік көрсетеді. Керісінше, тығыз бұталы шөптер айтарлықтай мөлшерде өледі. Жасарудың кейінгі әсері күшті шымтезекте 3-4 жылға созылады. Су жіберілгеннен кейін учаскелерде тығыз қабық пайда болып, шабындық өсімдіктердің қалыпты өсуіне кедергі келтіреді, ал шөп өсінділері сирек болады. Бұған жол бермеу үшін жер қыртысы тіс тырмасының көмегімен жойылады. Жіңішкерілген көне шабындықтарды жасарту мақсатында 3-4 ізбен қарқынды тырмалайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша топырақты 35-40 см тереңдікте саңылаулағанда өнім 21,8%-ға, топырақты 5-10 см тереңдікте дискілегенде шығымдылық 18,5%-ға, ал топырақты тырмалағанда топырақ өңделмеген нұсқамен салыстырғанда шығымдылық 86%-ға артқан.

Ұсынылған әдісті қолдану шөп алқаптарының түрлік құрамының өзгеруін жеделдетуге бағытталған іс-шаралар арқылы ұзақ мерзімді қарқынды пайдалану кезінде көлтабанның жоғары өнімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Саңылаулау тек ылғал жинап қана қоймайды, сонымен қатар саңылаулар егістік бетінде өсімдік қалдықтарының болуы (егістік бетінде 80-90% сабан қалады) есебінен топырақ ылғалдылығын сақтауға және су эрозиясының алдын алуға мүмкіндік береді.

Көлтабанның өнімділігін қалпына келтіру әдісін қолдану шөп өнімділігін арттыруда да, суды тиімді пайдалануда да айтарлықтай әсер етеді.

9. КӨЛТАБАНДАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІНЕ ЫҚТИМАЛДЫ ТАНАПТАР КӨЛЕМІ МЕН ЖЕР БЕДЕРІ

9.1 Танап аудандарының көлемі мен орналасуын тиімді пайдалану

Мелиоративтік ғылымда көлтабандардың сумен бастырумен қамтылуының ұтымды мөлшері туралы бірыңғай пікір әлі қалыптасқан жоқ. Көлтабандық суғаруды жобалау барысында сумен қамтудың ұтымды пайыздық жолын анықтау әдістемесі құрылған емес.

Республика бойынша көлтабандардың барлық көлемі 1024,0 мың гектарды құраса, олардың ішінде шабындықтар есебіне 768,2 мың гектары тиесілі. Көлтабандардың көлемі мен саны бойынша облыстар ішінде Батыс Қазақстан облысы алғашқы орынға ие. Облыс территориясында көлтабандардың 288,3 мың гектары шоғырланса, олардың ішінде шабындықтар 207,8 мың гектарды құрайды.

Суғарудың ықтималды және арзан шығындылығымен ерекшеленетін бұл түрлері облысымызда басым болғанымен, оның қазіргі кездегі жай-күйі сын көтермейді және бірқатар ұсынылған нормативтерге де сай келмейтіні анық.

Мац А.Ф. (1984) Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі көлтабандық танаптардың техникалық параметрлерін талдауда 100 га-дан астам танаптардан тұратынын келтіріп, оның көлемінің 70% асатындығын келтіреді. Микрорельефтің жер белгісінің (0,4 м) үлкен еселігі үлесінен танап ішінде табиғи шөп балаусасының көлтабандарындағы оптималды су жүргісін реттеуге және жасауға бағытталған іс-шараларға үлкен қиыншылықтар тудырады. Ылғалдану сапасының аса жоғары коэффициенті ($K_{\text{кы}}=1$) 25 га ауданды тоспаларда алып жататын орташа және ауыр саздақты топырақтарға су бастырғанда қалыптасады. Ылғалданудың жақсы сапасы ($K_{\text{кы}}=0,8$) тоспаның бірдейлескен даласында 60-100 га жерді алып жатады және 0,2-0,3 м аспайтын орташа сумен бастыру тереңдігінде жүреді.

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінің аймағында азықтық дақылдарын өсіруде су және жер ресурстарын ұтымды пайдаланудың міндеттерін шешу үшін 70-80 жылдары бірқатар мәселелерді анықтау бойынша мақсатты зерттеулер жүргізілді.

Азықтық дақылдарды өсіруде көлтабандық суғармада ауылшаруашылық дақылдарының су тұтынуы, топырақ сыздары әртүрлі су жүргісінің ықпалы зерттелген болатын.

Жүргізілген зерттеулер барысында ғалымдардың бұл аймаққа берілген бағалары айқындалып, жаңа ұсыныстармен толықтырылды.

Зерттеуге алынған Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі көлтабандар танаптарының аудандары талдауы 47 кестеде келтірілген.

47-кесте – Жайық-Көшім ССЖ көлтабандарының аудандар бойынша бөлінуі

Көлтабандар-дың атауы	50 га дейін	50-100 га	100-200 га	200-300 га	300-400 га	500 га дейін	Көлтабан танап жалпы саны
1	2	3	4	5	6	7	8
Көлтабан №25	-	-	4	7	3	1	15
Көлтабан №26	-	1	8	4	-	-	13
Көлтабан №50	1	-	3	1	-	-	5
Көлтабан №53	-	9	28	6	1	-	44
Көлтабан №54	-	-	5	3	-	-	8
Көлтабан №52	-	1	2	1	-	-	4
Көлтабан №42	-	12	14	-	-	-	26
Көлтабан №45	-	9	6	-	-	-	15
Көлтабан №41	-	8	17	1	-	-	26
Көлтабан №38	-	-	6	3	2	1	12
Көлтабан №43	-	4	20	-	-	-	24
Көлтабан №28	-	7	2	-	-	-	9
Көлтабан №30	-	-	6	-	-	-	6
Көлтабан №51	-	-	4	3	2	-	9
Көлтабан №31	-	2	6	1	-	-	9
Көлтабан №34	1	4	6	2	-	-	13
Көлтабан №47	-	1	7	1	1	-	10
Көлтабан №46	-	2	14	-	-	-	16
Көлтабан №49	-	13	15	2	-	-	30
Көлтабан №55	-	-	15	-	-	-	15
Көлтабан №56	-	1	11	8	1	-	21
Барлығы:	2	74	199	43	10	2	330
Пайыздық көрсеткіші:	0.61%	22.42 %	60.30 %	13.03 %	3.03 %	0.61%	100%

Зерттеуге алынған Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі көлтабандар танаптарының талдауына келер болсақ, алынған көлтабандардың 400-500 гектар көлемін алып жатқан танаптар – 0,61% құраса, 300-400 га көлеміндегі көлтабан танаптары – 3,03%, 200-300 га көлеміндегі көлтабан танаптары – 13,03%, 100-200 га көлеміндегі көлтабан танаптары – 60,30% құрады. Ғалымдардың ұсынысы бойынша өнімділікті сақтап және арттыруға оңтайлы 50-100 га көлеміндегі көлтабан танаптары – 22,42% және 50 га дейінгі көлеміндегі көлтабан танаптары – 0,61% ғана болды. Айтар болсақ алынған көлтабандарда орналасқан танаптардың 23,3 пайызы ғана нәтиже күткен өнімділік көлемін бере алады, ал сол аймақтарға қарасты шарушылықтардың көлтабан телімдерінің 76,7 пайызы

өнімділіктің төмендеуі ықтимал аудандары болғаны. Одан әрі бұл аудандарды дұрыс жоспарламаған жағдайда бұл аймақтың өнімділігімен қатар жай-күйінің төмендеуін байқауға болады.

Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі А.Ф. Маң жүргізген зерттеулерде ауданы 70%-дан асатын танаптарды сумен бастырудың оптималды жүргісінің едәуір бұзылатындығын, ауданның тек 30% ғана тиімді суғарылатындығын көрсетті.

Сумен басудың төменгі сапасы – танап ішіндегі микрорельефтік жер белгілерінің үлкен айырмашылығы нәтижесіне сай беріледі.

И.П. Айдаров көлтабандық суғару жерлерінің жеке орналасуы және сортаңдануы топырақтың гидрогеологиялық және сулы-физикалық қасиеттеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар көлтабан танаптарының көлемінің де қатысы бар екендігін атап кеткен. Шағын ярусты далаларында минералданған жерасты суларының көтерілуіне алып келмейтіндігін сумен бастырудың нормаланған жүргісін пайдалануға мүмкіндік береді.

9.2 Көлтабан танаптары еңістігінің өнімділікке ықпалы

Су мелиорациясы шалғындық көлтабандарды жақсартудың барлық түрі және көлтабанның табиғатқа ықпал етуінің қуатты факторы болып табылады. Сондықтан да осы зерттеулерде көлтабандардың жай күйін экологиялық-мелиоративтік бағалау басты нышандардың бірі болып табылады [161].

Көлтабандық суғарудың шалғынды шөптер мен олардың ассоциациясының экологиялық-биологиялық тіршілік әрекетіне әсері көлтабандар танаптарындағы өнімділікті қалыптастырудың негізгі жағдайы болып табылады. Көлтабандық шалғындардың су пайдалануының оптималды жүргісі 3500 м³/га нормасында сумен бастыру мезофиттердің, азықтық жағынан құнды астық тұқымдастардың дамуына жағдай жасайды: қылтанақсыз арпабас, жатаған бидайық, шалғынды түлкікұйрық, кәдімгі субидайық шөп балаусаларынан құрғақ массасы 3-4 т/га құрайтын өнімділік алуға болады.

Жергілікті жердің күрделі жер бедері және көлтабандарға су таратудың жетімсіздігі көлтабанның орталық бөліктеріне судың көп жиналуына, олардың сортаңдануы мен батпақтануына әкеліп, суғарудың үлкен аудандары бар ярустарға тән келуіне жол ашады. Осыдан өсімдік жамылғысында гидрогенді және галогидрогенді өзгерістерден мезофилді түрлер жойылып, құнсыз гигрофиттер қаптап дамиды да көлтабандардың шаруашылық өнімділігінің жойылуына алып келеді.

Ылғалдандырудың үзілуі және тұрақтылығы – шалғынды өсімдіктер үшін үлкен мәнге ие экологиялық фактордың пайда болуына әкелетіндігін, үзіліс-тұрақтылық дәрежесіндегі ылғалдануды Л.Г. Раменский және

Т.А. Работнов жұмыстарында мерзімдік үзіліс және мерзімдік тұрақтылық, сондай-ақ ауарайлық-үзіліс және ауарайлық-тұрақты ылғалдану деп қарастырылатындығын алға тартады. Бұл көптеген ылғал сүйгіш шөптердің үзілісті-тұрақты сумен қоректенуіне жақсы өсетіндігін, ал құнды шалғынның астық тұқымдастар, күрт үзілісті ылғалдануда жақсы өсетіндігін көрсетеді. Л.Г. Раменскийдің экологиялық шкаласына сай шалғынды астық тұқымдастар ылғалдану үзілісінің келесі амплитудасында жақсы өсетіндігін тілге тиек етеді: қылтанақсыз арпабас 11-15 саты, шалғындық түлкіқұйрық 10-15 саты, жатаған бидайық 11-18 саты реттіліктерімен беріледі.

Танаптардағы суғару мелиорациялық жерлердегі топырақ түзуші процесстерге әртүрлі бағытта ықпал етеді.

Біздің жүргізілген зерттеулер бойынша Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі көпжылдық көлтабандап суғарылатын телімдерде әртүрлі топырақ түрлеріндегі сіңіру негізінің өзгерісін анықтау болды.

Суғарылатын телімдер шалғынды-сарғылт ауырсаздақты, ақшыл-сарғылт сортаңды ауырсаздақты топырақтарда жобаланған әртүрлі деңгейдегі тұздану мөлшеріндегі жерасты сулары жер бетіне салыстырмалы жақын орналасқан.

Бұл жұмыстар ақшыл-сарғылт сортаңды ауырсаздақты топырақта сіңірілген негіздің өзгерісінің талдауы ұсынылған. 1-ші кесінді 30 жылдай қолданылған суғарылатын телімінде жасалған. 2-ші кесінді бұл ауданның су баспаған аймағынан алынған.

Ауырсаздақты гранулометрлік құрамы бойынша ақшыл-сарғылт топырақтың ылдиы-шанды құрамды болуы. Барлық горизонттық беткейде ылдиылық фракция басымырақ, және бұндай жерлер су толық басатын аудандарда таралу дәрежесі жоғары, бұл өз кезегінде топырақ аэрациясын қиындатады.

Суғарылатын телімдерде қарашірік – 1,67% құрайды, ал суғарылмайтын телімдерде бұл көрсеткіш – 0,97% тең.

Шалғынды, сортаңды ауырсаздақты топырақтағы өсімдіктерді су жіберу арқылы көктемгі суғарудың сіңірілген негізінің құрамының өзгеруіне ықпалы 48 кестеде көрсетілген.

Суғарылған және суғарылмаған аудандардың мәліметтерінің салыстырмалы анализі ақшыл-сарғылт топырақтағы табиғи өсімдік жамылғысын каналдар арқылы көпжылдық көлтабандап суғару топырақтың құрамындағы тұздың азаюына әкеледі. Сол уақытта топырақ құрамындағы тұздардың жоғарғы қабатында азайып, төменгі қабатына енуі байқалады. Бұған минералданған жерасты суларының суғарылатын телімдерді қолдану барысында 6-7 метр тереңдіктен 2,5-3,2 метрге дейін көтеріледі. Белгілі деңгейде шабындық аудандарының сортаңды жерлері сақталады.


48-кесте – Топырақтың сынамасы, $\frac{\%}{\text{мг / экв}}$ 100 г-ға.

Сынама алынған тереңдік, см есебімен	HCO_3^-	Cl^-	SO_4^{2-}	Ca^{2+}	Mg^{2+}	Na^+
1	2	3	4	5	6	7
Кесінді 1						
1-24	$\frac{0,025}{0,41}$	$\frac{0,010}{0,30}$	$\frac{0,011}{0,24}$	$\frac{0,010}{0,50}$	$\frac{0,003}{0,25}$	$\frac{0,005}{0,20}$
24-36	$\frac{0,036}{0,59}$	$\frac{0,064}{1,80}$	$\frac{0,019}{0,40}$	$\frac{0,012}{0,60}$	$\frac{0,004}{0,37}$	$\frac{0,042}{1,82}$
36-63	$\frac{0,055}{0,91}$	$\frac{0,310}{8,72}$	$\frac{0,196}{4,08}$	$\frac{0,092}{4,60}$	$\frac{0,041}{3,37}$	$\frac{0,132}{5,74}$
63-107	$\frac{0,030}{0,49}$	$\frac{0,194}{5,46}$	$\frac{0,061}{1,28}$	$\frac{0,035}{1,75}$	$\frac{0,014}{1,12}$	$\frac{0,100}{4,36}$
107-122	$\frac{0,030}{0,50}$	$\frac{0,194}{5,46}$	$\frac{0,067}{1,40}$	$\frac{0,037}{1,87}$	$\frac{0,017}{1,37}$	$\frac{0,164}{7,12}$
122-152	$\frac{0,021}{0,35}$	$\frac{0,176}{4,96}$	$\frac{0,054}{1,12}$	$\frac{0,042}{2,12}$	$\frac{0,026}{2,12}$	$\frac{0,050}{2,19}$
152-185	$\frac{0,028}{0,47}$	$\frac{0,307}{8,66}$	$\frac{0,099}{2,08}$	$\frac{0,042}{2,12}$	$\frac{0,023}{1,87}$	$\frac{0,166}{7,22}$
Кесінді 2						
1-20	$\frac{0,016}{0,26}$	$\frac{0,00}{0,02}$	$\frac{0,005}{0,10}$	$\frac{0,005}{0,25}$	$\frac{0,001}{0,12}$	$\frac{0,000}{0,01}$
20-34	$\frac{0,035}{0,57}$	$\frac{0,095}{2,68}$	$\frac{0,009}{0,20}$	$\frac{0,025}{1,25}$	$\frac{0,009}{0,75}$	$\frac{0,033}{1,45}$
34-48	$\frac{0,020}{0,33}$	$\frac{0,535}{15,08}$	$\frac{0,060}{1,26}$	$\frac{0,172}{8,60}$	$\frac{0,079}{6,50}$	$\frac{0,036}{1,57}$
48-66	$\frac{0,025}{0,41}$	$\frac{0,500}{14,08}$	$\frac{0,092}{1,92}$	$\frac{0,175}{8,75}$	$\frac{0,079}{6,50}$	$\frac{0,027}{1,16}$
66-106	$\frac{0,027}{0,44}$	$\frac{0,510}{14,38}$	$\frac{0,092}{1,92}$	$\frac{0,115}{5,75}$	$\frac{0,048}{4,00}$	$\frac{0,161}{6,99}$
106-192	$\frac{0,016}{0,26}$	$\frac{0,491}{13,82}$	$\frac{0,093}{1,94}$	$\frac{0,067}{3,37}$	$\frac{0,030}{2,50}$	$\frac{0,233}{10,15}$

Суғарылатын жерлердің экологиялық-мелиоративтік жағдайын жақсарту үшін суғарудың оңтайлы жүргісін сақтау қажет.


Ақжайық ауданында орналасқан Қабыршақты ауылдық округіндегі Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесінің №52 көлтабанының 2-ші танабының жер бедері түсірілді (15-сурет). Негізінен алынған жер телімінің еңістік дәрежесі 0,004-ке тең екені анықталды. Бұл аймақтың ең

терең сумен бастыру дәрежесі 1,2 метр болса, бұл өз кезегінде аймақтары құнды өсімдік түрлерінің судың салмағы әсерімен ылғалдылықтың молшылығы әсерінен бидайық, субидайық тектес өсімдік түрлерінің өніп үлгірмей шіріп кетуі ықтимал.



15-сурет – Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі №52 көлтабанның 2-ші танаптың еңістік деңгейі

Көлтабандық суғарудың аз еңістікті далаларда, өзен аңғарларында, өзен жайылымдарында және тұйық сайларда қолданылады. Көлтабанның еңістігі 0,001...0,002 болатын ағын су үлесі жеткілікті жазық танаптарға орналастырған тиімдірек. Бұл мезетте Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі, Ақжайық ауданының Алғабас ауылдық округіндегі №50 көлтабанның орналасу еңістігі 16-суретте келтірілген.



16-сурет – Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі, Ақжайық ауданының Алғабас ауылдық округіндегі №50 көлтабанның еңістік деңгейі


Бұл жағдайда телім ішіндегі орналасқан өсімдіктердің топырақтың ылғалдануына байланысты күрт өзгеруі байқалады. Еңістіктің оптималды дәрежесі сақталған жағдайда аталған аумақты көбіне түлкікұйрықты-бидайық ассоциациясы алып жатыр. Олар жоғары өнімді, шөп балаусасы өте түзу және тығыз болады, проективті жабыны 100%-ға дейін қамтылады. Алуан түрлі шөптерден түймедақ, кәдімгі мыңжапырақ, қамыстәрізді сегірлек кездеседі. Шөп балаусасында топырақтың

ылғалдануы ұзақтығы артуымен субидайықты-бидайық-түлкіқұйрықты ассоциациясы дамиды, негізінен таза субидайық ассоциациясымен ауысады. Көлтабанның шалғынды белдеуінің дамуынан шабынның жақсы қалыптасып, өнімінің сапасы 4-6 т/га жетеді.

Өсімдік формациясы ауысуының негізгі себебі, академик В.Р. Вильямстың пікірінше, аналық жыныстың өсімдік пен мезо- және микрорельеф әсерінен өзгеруі болып табылатындығынан өсімдік тіршілігі жағдайының өзгеру себептеріне сыртқы орта факторлары арқылы ылғалмен және минералмен қоректенуі жататындығына аса назар аударады.

В.В. Маевскийдің зерттеуіне қарағанда өсімдік ассоциациясының түрлік құрамының өзгеруі көлтабанның су жүргісінің өзгеруіне байланысты болатындығын көрсетеді. Баурай экспозициясы өсімдік ассоциациясының ауысуына айтарлықтай ықпал жасайды (17-сурет).

Бірінші белдеуде көлтабан перефериясында солтүстік баурайында жусан-қоңырот-алуан түрлі шөптер ассоциациясы, оңтүстігінде ақжусан-алуан түрлі шөптер бірлестігі дамиды. Солтүстік баурайда астық тұқымдас өсімдіктер 50-60% алып жатыр, ал оңтүстік баурайда астық тұқымдастар 30% дейін болады.



17-сурет – Көлтабандағы ылғалданудың дәрежесі мен ұзақтығына байланысты экологиялық қатары бойынша өсімдік ассоциациясының орналасуы: 1 – қара жусанды; 2 – қоңырот-шытырмақ; 3 – қоңырот; 4 – қарабас шалғынды; 5 – түлкіқұйрықты-бидайық-субидайықты; 6 – субидайықты-бидайық-түлкіқұйрықты; 7 – субидайықты; 8 – қиякөлеңді-қоңырбасты; 9 – қиякөлеңді-қоңырбас-мүкті; 10 – қоғалы-қамысты; 11 – қиякөлеңді-қоңырбас-мүкті; 12 – қиякөлеңді-қоңырбасты; 13 – субидайықты; 14 – субидайықты-бидайық-түлкіқұйрықты; 15 – түлкіқұйрықты-бидайық- субидайықты; 16 – қылжапырақты; 17 – алуан түрлі шөптесін-миялы-қарақұмықты; 18 – ақжусанды-алуан түрлі шөптесін.

Экологиялық қатары бойынша өсімдіктер топырақтардың ылғалдануына байланысты күрт өзгереді. Екінші белдеуде көбіне түлкіқұйрықты-бидайық ассоциациясы алып жатыр. Олар жоғары өнімді, олардың шөп балаусасы өте түзу және тығыз болады, проективті жабыны 100%-ға дейін қамтылады. Алуан түрлі шөптерден түймедақ, кәдімгі

мыңжапырақ, қамыстәрізді сегірлек кездеседі. Шөп балаусасында топырақтың ылғалдану ұзақтығы артуымен субидайықты-бидайық-түлкіқұйрықты ассоциациясы дамиды, негізінен таза субидайық ассоциациясымен ауысады. Көлтабанның шалғынды белдеуінің дамуынан шабынның жақсы қалыптасып, өнімінің сапасы 4-6 т/га жетеді.

Үшінші белдеуде көлтабан өсімдігі күрт өзгереді. Субидайықты-бидайық ассоциациясының қатарынан түлкіқұйрық түсіп қалады. Көп мөлшерде қиякөлең (қарамасақты және т.б.) кездесіп, қиякөлең-қоңырбасты ассоциациясын қалыптастырады. Алуан түрлі шөптерден күйдіргі сарғалдақ, Бородин сүттігені, тығыз қымыздық кездеседі. Бұл орындарда тез көбею тенденциясы бриумдар мен мниумдар мүктерінің қатқабаты қалыптасады да көлтабанның көпшілік өсімдіктерінің қысымға ұшырап құртылуына алып келеді.

Көлтабанның орталық төмен бөлігіндегі қысқа жолақта қоғалы-қамысты ассоциациясы бар аралық көкшешектің, жолжелкен бақажапырақтың, шатыршалы сусақтың көп араласуымен басқа да осы типтес өсімдіктердің белдеулері қалыптасады. Бұл өсімдіктің азықтық жағынан құны төмен екендігін аңғартады.

Табиғи көлтабандарға әртүрлі нормада сумен бастыру топырақтың ылғалдануын және шалғынды фитоценозға бейімделуін қалыптастыратын экологиялық жағдайларға сәйкес жасалады.

Зерттеулерде 2500 м³/га аз нормада сумен бастыру қоңырбасты-алуан түрлі шөптесіндерді қалыптастыратындығын көрсетеді. Шалғынды қоңырбастардан жатаған бидайық пен шалғынды түлкіқұйрық басым болып келеді (49-кесте).

49-кесте – Су басудың нормасына байланысты шөп балаусасының ботаникалық құрамы

Су басу нормасы, м ³ /га	Қоңырбастар тығыздығы, түп/м ²				Шөп балаусасының ботаникалық құрамы, құрғақ массасы %		
	Барлығы	Оның ішінде			Қоңырбастар	Қиякөлеңдер	Алуан түрлі шөптер
		Бидайық	Субидайық	Түлкіқұйрық			
2500	623	264	165	194	70,5	-	29,5
3000	763	381	255	127	76,9	0,6	22,5
3500	815	256	486	73	81,8	2,4	15,8
4000	832	228	584	20	74,9	13,6	11,5
4500	541	119	422	-	60,1	31,5	8,4

Бұл шөптер мезофиттер, топырақ ылғалдығының орташа дәрежесіне жақсы өседі. Осындай аз нормада сумен бастыруда жыл сайын шөптерге тыңайтқыштар енгізу және беткі шөп балаусасын жақсарту үрдістері

қоңырбастар тығыздығын 600-620 түп/м² шегінде ауытқуына алып келеді. Бұл қоңырбастар азықтың құнды тобы болып табылады, шөп балаусасының ботаникалық құрамында 70,5% құраса, ал қалған бөлігі 29,5% алуан түрлі шөптерден тұрады.

Сумен бастырудың жоғары нормасы (3000-3500 м³/га) топырақ ылғалдығы деңгейінде шалғынды шөптер үшін шөп балаусасындағы қоңырбастардың түрлік өзгерісіне әкеледі. Осыдан шалғынды түлкіқұйрық саны азаяды, бірақ ылғалданудың жоғары дәрежесіне төзетін кәдімгі субидайық саны көбейеді. Қоңырбастардың жалпы саны 763-815 түп/м² дейін артады.

Шөп балаусасына қиякөлеңдердің әр түрлері еніп, алуан түрлі шөптердің қысқаруына әкеледі. Сумен бастырудың осы режимінде 76,9-81,8% дейін көп үлесін қоңырбастар алып жатады.

Суғару нормасын 4000...4500 м³/га көбейту шөп балаусасының ботаникалық құрамына кері әсер береді. Шөп балаусасы қатарынан шалғынды түлкіқұйрық ығыстырылып, азықтық жағынан құнды басқа да қоңырбастардың (жатаған бидайық) дамуын тежейді. Осыдан субидайықты-қиякөлеңді шөптер бірлестігі ылғалды биологиялық ортаға аса тән орнығады. Шөп балаусасындағы қоңырбастар үлесі 60,1%-дан бастап төмендейді, ал құны төмен қиякөлең өсімдіктері 31,5%-ға дейін артады. Алуан түрлі шөптесіндер үлесі топырақтың мол ылғалдылығында 8,4-11,5%-ға дейін төмендейді.

Осыдан көлтабандардағы сумен бастыру нормасының өзгеруі су жүктемесін азайту жағына немесе арттыру жағына және сумен бастыруды жаппай жүргізу шалғынды шөптерді өсіру технологиясының жоғары деңгейіне (жыл сайын тыңайтқыштар енгізу және шөп балаусасын күту) қарамастан өсімдік бірлестіктерінің әртүрлі биоценоздарының қалыптасуына өзіндік ерекшеліктеріне тән жағдай жасайды. Құнды шалғынды қоңырбастардың көлтабандарындағы шөп балаусасының ботаникалық құрамы және бидайық-субидайықты бірлестіктерінің жоғары өнімі 3000...3500 м³/га сумен бастыру нормасында жүргізіледі.

Жоғарыда аталғандай үлкен көлемде, яғни 100 га-дан астам көлтабандардың қолданылуы бұл аймақта өсімдік түрлерінің күрт өзгеруін аңғартады. Субидайықты-бидайық ассоциациясының қатарынан түлкіқұйрық түсіп қалады. Көп мөлшерде қиякөлең (қарамасақты және т.б.) кездесіп, қиякөлең-қоңырбасты ассоциациясын қалыптастырады. Алуан түрлі шөптерден күйдіргі сарғалдақ, Бородин сүттігені, тығыз қымыздық кездеседі. Бұл орындарда тез көбею тенденциясы бриумдар мен мниумдар мүктерінің қатқабаты қалыптасады да, көлтабанның көпшілік өсімдіктерінің қысымға ұшырап құртылуына алып келеді.

Көлтабанның орталық төмен бөлігіндегі қысқа жолақта қоғалы-қамысты ассоциациясы бар аралық көкшешектің, жолжелкен бақажапырақтың, шатыршалы сусақтың көп араласуымен басқа да осы

типтес өсімдіктердің белдеулері қалыптасады. Бұл өсімдіктің азықтық жағынан құны төмен екендігін аңғартады.

Судың ұзақ уақыт тұруы және суды басқа танаптарға лақтыру барысында алғашқы көлтабандардың еңіс, ойпаң аудандарында су көлемінің ұзақ тұрып қалуы салдарынан өнімділігі жоғары өсімдік түрлерінің азайып, оның орнын ылғал сүйгіш гидрофитті өсімдіктермен толықтырылуы жүреді. Бұл өз кезегінде жалпы өнімнің күтілген нәтиже көлемінің күрт төмендеуіне әкеліп соғады.

9.3 Көлтабандап суғаруды жүргізу барысындағы өсімдіктердің геоботаникалық жабынының өзгеруі

Суғарудың әлдеқайда қолайлы жүргісі барысында шөптердің өнімділігі 40 ц/га жетеді, ботаникалық құрамының 80%-дан астамы субидайық-бидайық бірлестігі қалыптасады. Астық тұқымдастары аралары тығыздығы бір шаршы метрде 800-900 түптен келеді, ал олардың бойы 105-110 см құрайды.

Алғабас және Первомай ауылдық округтері танаптарында суармалау-суландыру жүйесінің техникалық жай күйінің нашарлануына және көлтабандарға сумен бастыру жүргісінің сақталмауынан топырақты қайта ылғалдандырудың ұзақ уақыт ағымын жіберіп алуға байланысты аса құнды азықтық жағынан шөп балаусасының орнына құны мен өнімі төмен гигрофильді өсімдіктер түрлерінің қаптауы байқалады.

Көлтабандардың экологиялық жай күйінің жақсаруы мен тұрақтануының негізгі шараларының бірі жерасты суларын шекті деңгейден асырмайтын жолмен нормаланған сумен бастыруды жүргізу (50-кесте).

50-кесте – Табиғи көлтабандардағы шалғындық шөптің өнімділік моделі

Көрсеткіштер	Шабын өнімділігі, т/га						
	1-1,5	1,5-2	2-2,5	2,5-3	3-3,5	3,5-4	4-4,5
Астық тұқымдастар тығыздығы, түп/м ²	250	350	450	570	700	850	1000
Шөп биіктігі, см	48	53	56	60	65	69	69
Астық тұқымдастар тығыздығы мм.	1,4	1,6	1,9	2,1	2,4	2,6	2,9
Бір сабақтың құрғақ массасы, г	0,18	0,23	0,30	0,36	0,42	0,48	0,55

Сондай-ақ танаптар ауданын қайта құру және азайту, сонымен қатар 3000 м³/га дейінгі аралығын сақтай отырып, суғару нормаларының шекті көтерілуді төмендету болып табылады. Бұл шаралар оптималды биологиялық «шалғынды өсімдік – топырақ – су – өнім» байланысын жасауды қамтамасыз етеді.

Астық тұқымдас шөптесінің биіктігі, оның тығыздығы табиғи көлтабандардың өнімділігін анықтайды. Түтіктенуі кезеңінде шөп биіктігі 53-56 см құрайды, ал сумен бастырудың артық нормасында су астында өсу екпіні төмендеу салдары болады. Шөптің биіктігі бірқатар жылда орта есеппен көлтабандардың кешенді мелиорациясында 68-75 см шегіне орнығады, ал орта тәуліктік өсімдіктің өсуі түтіктену кезеңінен гүлденудің басына дейін 0,8-0,9 см құрайды.

В.Ф. Мамин және Л.Ф. Савельева өсімдік жамылғысын көлтабанның мелиоративтік жай күйінің аса айқын көрсеткіші болып табылатындығын айтады. Басым өсімдік бірлестігі бойынша көлтабандарды 5 типке бөледі: 1 – субидайықты; 2 – бидайықты; батпақтанған орталығы және сортаңданған шеттері бар көп белдеулі астық тұқымдас-қиякөленді; 4 – қиякөленді-қамысты батпақтанған; 5 – елекшөп-қарабасшалғын сортаңданған.



18-сурет – Жайық-Көшім суармалау-суландыру жүйесіндегі №52 көлтабанның табиғи субидайық шалғыны

Еділ-Жайық қос өзені аралықтарындағы көлтабандарда аса құнды шабындықты танаптар әртүрлі ассоциациялардың ылғалдану дәрежесіне байланысты болатын бидайықты қалыптастыратын жерлерге рөлінің зор екендігін көрсетеді. Олардың ішінен кең тарағаны: бидайық, бидайық-алуан түрлі шөптесіндер, түлкіқұйрық-бидайық, бидайық-субидайықты, бидайық-қиякөленді және т.б. шөптер бірлестіктерінің эдификаторлары жатаған бидайық болып табылады, ал доминанттары – шалғынды түлкіқұйрық, кәдімгі субидайық, қарамасақты қиякөлең болып табылады.

Н.Г. Андреевтің бақылауы бойынша бидайыққа ұзақ сумен бастыру аса тұрпайы және аз қоректі шабын береді, әсіресе көлтабандық бидайық пен далада өсетін бидайық арасында үлкен айырмашылық бар деп көрсетеді.

Бидайық ассоциациясы көктем мен күзде қалыптасады, олардың жалпы мөлшері топырақ ылғалдылығына байланысты, тамырдың негізгі массасы (55% шамасында) 20 см тереңдікте дамиды, бірақ олардың көп мөлшері 3-7 см тереңдікте топырақ бетіне параллель шоғырланған. Жуан ұзын тамырлардың өсу тереңдігі 150...200 см жетеді және табиғаттың ылғалдану жағдайымен байланысты болады, яғни сыз суларының капиллярлық жиектеріндегі құйылу тереңдігін көрсетеді. Осыдан бидайық ассоциациясы тамырларының жерасты бөлігінің жалпы массасы 20-25 есе асады да, 56-70 т/га құрайды (Манохина Л.А., Ларин И.В., Акимцева З.С.).

Жер сабақты астық тұқымдастар үшін топырақта көп органикалық заттарды қорландыратын және көлтабандық топырақтардың шымдану процесін дамытатын қуатты тамыр жүйесі бар екендігін көрсетеді. В.Р. Вильямс ілімінде жылжымалы формаға ие минералды заттардан айырылуынан жер сабақты астық тұқымдастардың аз өнімді бос сабақты және тығыз сабақты астық тұқымдастар мен алуан түрлі шөптесіндер арқылы ығыстырылатындығын атап айтады. Ал ылғал көп жерлерде шалғынды астық тұқымдастарды батпақты өсімдіктермен: қияқты және мүкті ауыстырады. Табиғи шалғынды өсімдіктері бар аз өнімді көлтабандардың өнімділігін арттыру үшін көлтабанды фитоценоздың шөптерінің жай күйіне қарай азықтық дақылдарды жақсартудың екі жүйесін қолданады: беткі және тамырлық (Андреев Н.Г., Бегучев П.П., Мамин В.Ф. және т.б.).

Әрбір зерттеу мөлтектеріндегі шөптердің сапасын қарастыруда олардың осы вегетациялық кезеңінде пісіп жетілуін негізге ала отырып, олардың түптерін есептеу жолымен шығардық. Біз мұнда шөптерді сапалы және құнсыз жағын қарастыра отырып, олардың биіктігі мен саны арқылы көрсетеміз.

Мал азығын өндіруде көлтабандардың шөп балаусасында алатын орны өте жоғары маңызға ие бағалы өсімдіктердің тығыздығы қаншалықты мол болса, соншалықты оның шаруашылықтағы маңызы да арта түседі.

Азықтардың көлтабандық суғару жағдайындағы азықтық құндылығы көпжылдық шөптердің өсуі экологиялық жағдайға байланысты болуынан жүреді, оған күн энергиясының түсу интенсивтілігі мен шоғырлануы, биологиялық ортаның жылумен қамтылуы, сумен қамтылу және қоректік элементтердің деңгейі, шөп балаусасының ботаникалық құрамы және т.б. жатады.

№52 көлтабанда сумен бастыруды зерттеу жылы 3000-4000 м³/га нормасында болғандықтан, ондағы өсімдіктердің жиірек келетіні анықталды. Мұнда әсіресе астық тұқымдастардан кәдімгі субидайық,

шалғынды түлкіқұйрық және жатаған бидайық, бұршақ тұқымдастардан жалаңаш мия, қияқөлеңдерден қарамасақты қияқөлең және басқа да гигрофитті өсімдіктер кең тараған. №50 көлтабанда сумен бастыру нормасы 3000-3500 м³/га, кей жерлерде 2500 м³/га құрайды, сондықтан да ондағы өсімдіктер тығыздығы белгілі бір дәрежеде аздау болып келеді, бірақ нормаланған сумен бастырудың арқасында мезофитті өсімдіктер қалғандарына қарағанда басым және азықтық жағынан алғанда аса бағалы болып келеді. Осы аталған екі көлтабандардағы өсімдіктер тығыздығы мәліметтерінің орташа мәні беріліп отыр. №49 көлтабанда бұрынғы зерттеу жылдарында сумен бастыру нормасы 3500 м³/га шегінде болғанмен, біз зерттеген жылы бұл 2500 м³/га мөлшерінен аз болғандықтан екі көрсеткіштің орташа мәні өсімдіктер тығыздығының аталған бастапқы көлтабандарға қарағанда сәл сиректеу болып келеді. Өсімдіктері болса негізінен азықтық жағынан құнды астық тұқымдастар бұрынғы зерттеу жылдарында жоғары болса, алайда біз зерттеген жылғы көрсеткіштің есебінен бұл шөптердің ауқымы сәл бәсеңдеді. Оның орнына ксерофитті жусанды-бетегелі алуан түрлі шөптесін өсімдіктер үлесі біраз асты. Осыдан келетін түйін, егерде мелиоративтік тәсілдерден су жүргісін дұрыс сақтағанда, яғни оның ішінде біріншіден сумен бастыру нормасы айтарлықтай 3000-3500 м³/га оптималды дәрежесінде болған жағдайда өсімдіктердің экологиялық жай күйі бірқалыпты нормаланған деңгейде болады, дәлірек айтқанда сапалы өнім алудың басты нышаны болып табылады. Бұл жерде байқап отырғандай олардың енгізілу нормаларына қарай, ондағы шөптердің тығыздығы мен салмағы да едәуір дәрежеде ажыратылады.

Көлтабандардың шалғынды өсімдіктері құрамында азықтық құндылығы бойынша төрт агробиологиялық топқа бөледі: астық тұқымдас, бұршақ тұқымдастар, қияқөлеңді алуан түрлі шөптер. Жоғары азықтық құндылыққа тамыр асты қоңырбастар кіреді: жатаған бидайық, кәдімгі субидайық, шалғынды түлкіқұйрық, қылтанақсыз арпабас. Көлтабандардың шеткі беттерінде бос бұталы қоңырбас – тарақ тәрізді арпабас кездеседі. Бұл қоңырбас шөптер 70-тен 100% аз ылғал сыйымдылығы және топырақтың әлсіз сортандануындағы аралықта топырақтың ылғалдылығына қатысты салыстырмалы түрде жақсы өседі. Көптеген қоңырбас шөптерінің тамыр асты топырақ қабатының бетінде (3-10 см) орналасады. Олар көбіне вегетативті тәсілмен көбейеді.

Жоғары қоректік қасиетке бұршақ тұқымдастардың көпжылдық шөптері ие болады: жалаң мия, шыбықтәрізді сегірлек, аздаған жерлерде сары жоңышқа, бірақ олардың фитоценоздағы үлесі тым аз болуы сумен бастыру жағдайына шамалы тұрақтануы, кейде ылғалданған телімдерде кездесуіне байланысты екендігі белгілі болып отыр.

Қиякөлең және елекшөп тобына азықтық сапасы төмен болатын қарамасақты қиякөлең, қара елекшөп және басқа да қиякөлең мен елекшөптің түрлері жатады.

Алуан түрлі шөптерге күрделі гүлдесін, алабота, сүттіген, шатыргүл және т.б. құндылығы төмен өсімдіктер жатады. Аса жоғары тараған шөптерге тығыз қымыздық, сүттігеннің әр түрі, биік жусан, шатыргүл, сусақ, жолжелкен, бақажапырақ, жатаған қышы және т.б. түрлері жатады. Бұл топқа жеке күйде кездесетін дәрілік өсімдіктер жатады.

Көлтабандық суғару жағдайында топырақтың ылғалмен оптималды деңгейге дейін қанығуы фитоценозда мезофиттердің – шалғынды қоңырбастардың, өнімділі және құнды азықтық қатынастардың басым болуы және судың жетіспеушілігінен ксерофилді өсімдіктердің – далалық қоңырбас, бұршақ және алуан түрлі шөптер дамуы жүріп отырады. Судың молдығы шалғынды қоңырбастың өсуі мен дамуына қысым жасайды және ылғал сүйгіш гигрофиттердің өсуіне жағдай жасайды, яғни қиякөлең және басқа да батпақта өсетін өсімдіктердің дамуы туралы алдыңғы бөлімдерде де келтірілген болатын.

